

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# *Қазақстан* **КОММУНИСТІ**

---

**11**

**НОЯБРЬ**

**1966**

**АЛМАТЫ**

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ



# *Қазақстан* **КОММУНИСТІ**

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ШЫҒУЫНА 46 ЖЫЛ

11

НОЯБРЬ

1966

Бұл номерде:

Партиялық басшылықтың  
жоғарғы принципі

Әр жүрекке жол табу —  
саяси үгіттің басты нысанасы

Шаруашылық реформасының  
шарапаты

Совет журналистерінің  
абзал борышы

Марксизм-ленинизм теориясын  
үйренушілерге көмек

Маңқыстау түбегінде  
тұнған байлық



# МАЗМҰНЫ

## КПСС XXIII съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асырайық

Бас мақала — Саяси үгіттің пәрменділігі мен өсерлілігі . . . . .	3
Журналистің мәртебесі мен жауапкершілігі . . . . .	9
Д. Қонаев — Коллективтік — партиялық басшылықтың жоғарғы принципі . . . . .	15
С. Өтебаев — Маңқыстау байлығы — халық игілігіне . . . . .	25
К. Ахметов — Совет спорты және жастар тәрбиесі . . . . .	29

## Публицистика

Ғ. Сланов — Атағыңды асырдың, Қазақстан диқаны! . . . . .	34
---	----

## Партия тұрмысы

К. Меңдібаев — Партияның жауынгер буындары . . . . .	39
Р. Сырғабекова — Совет мекемесінің коммунистері . . . . .	43
Д. Яковенко — Ең бастысы — кемшіліктің алдын алу . . . . .	47

## Марксизм-ленинизм теориясын үйренушілерге көмек


В. И. Ленин өмірбаянын оқып үйренушілерге арналған материал. Октябрьге барар жолда . . . . .	51
Қ. Бейсембиев — Ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтарды жою жолдары . . . . .	57
Л. Ключник — «Вопросы истории КПСС» журналы — Октябрьдің 50 жылдығына . . . . .	62

## Экономикалық тақырыпқа

Ш. Аширязев — Ауыл шаруашылығында еңбек ресурстарын пайдалану жайында . . . . .	65
М. Масалов — Өндіріс алыбының соны серпіні . . . . .	70
Ш. Есмұрзаев — Ташкентке — достық көмек . . . . .	74

---

Аудандық газеттерден . . . . .	77
Партия тұрмысының хабарлары . . . . .	79
«Қазақстан коммунисті» сынынан кейін . . . . .	80





# КПСС XXIII СЪЕЗІНІҢ ТАРИХИ ШЕШІМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАЙЫҚ

## САЯСИ ҮГІТТІҢ ПӘРМЕНДІЛІГІ МЕН ӘСЕРЛІЛІГІ

Лениндік ұлы идеялармен сусындаған Коммунистік партияның орасан зор саяси-тәрбиелік жұмысының нәтижесінде елімізде жаңа адам — білімді, мәдениетті, саяси жағынан әбден шыңдалған саналы адам өсіп жетілді. Бұл — лениндік партиямыздың, социалистік құрылыстың тамаша жеңісі.

Қазіргі жағдайда партия идеологиялық жұмысқа бұрынғыдан да зор талаптар қойып отыр. Партияның бүкіл қызметі, оның іскерлік стилі, субъективизмге, даурықпашылыққа қарсы күресі халықтың саяси белсенділігін жана күшпен өрлету үшін қолайлы жағдай туғызды. В. И. Лениннің халықпен ашық та адал сөйлесуді, қиыншылықтар мен кемшіліктерді жасырмауды талап етуі бұл күндерде бұрынғы қай кездегіден болса да мейлінше маңызды болып отыр. **«Біз, — деді Ленин, — өзіміздің бүкіл насихатымыз бен үгітімізде істі айқын қоюға тиіспіз»** (Шығармалар, 32-том, 219-бет).

Әсіресе КПСС Орталық Комитетінің 1964 жылғы октябрь және одан кейінгі Пленумдары лениндік жоғары принциптіліктің, кемшіліктерге ымырасыздықтың, елдің тардырына қатысты мәселелерді шешу ісінде батылдықтың тамаша өнегесін көрсетіп берді. Бұл Пленумдар өздерінің шешімдерінде субъективизм, волюнтаризм, құрғақ уәдешілдік, даңғазалық біздің үгітіміз үшін мүлде жат екенін ерекше атап көрсетті.

Бұқара арасында жүргізілетін саяси үгіт жұмысының қазіргі кезеңдегі ең түпкі мәні — партияның саясатын, оның шешімдерін еңбекшілерге терең түсіндіру, оларды орындау ісіне жұмылдыру, совет адамдарын коммунистік саналылық рухында мәпелеп тәрбиелеу. Партия ұйымдары үшін де, жекелеген коммунистер үшін де олардың күн сайын бұқара арасында жүргізетін саяси жұмысының практикалық міндеттері осыдан келіп туады. Бұлар партия саясатын еңбекші бұқараның ең қалың тобына жеткізе білуге тиіс. Өйткені біздің мемлекетіміз бұқараның саналылығымен күшті деген болатын В. И. Ленин.

Партия ұйымдарының коммунистік құрылыста атқаратын ролінің барған сайын арта түсіп отырғанын өмірдің өзі күннен күнге айқын дәлелдеуде. Қазіргі кезеңде идеология жұмысының өзегі — еңбекшілерді жоғары саналылық және еңбекке коммунистік көзқарас тұрғысынан қарау рухында тәрбиелеу. Бұл үшін партия ұйымдары идеялық-саяси тәрбиенің барлық түрлері мен құралдарын ұдайы жетілдіріп отыруға, идеологиялық жұмысты жоспарлы, жүйелі, мақсатты түрде жүргізуге, идеология майданының алуан түрлі буындарының қызметін, олардың пәрменді күші мен ықпалын үйлестіріп, оларды барған сайын жақсартып түсуге борышты. **«Бүкіл саяси үгіт, — делінген партияның XXIII съезінің қарарында, — еліміздің саяси, экономикалық, мәдени өмірі мен халықаралық жағдай туралы халыққа кеңінен және үнемі хабар беріп отыру негізінде жүргізілуге тиіс».**

Мұндай жауапты да аса жоғары талапты мүлтіксіз орындау үшін



партия ұйымдары саяси жұмыстың дәрежесін бұрынғыдан да биік сатыға көтеруге, оның пәрменділігі мен әсерлілігін күшейте түсуге, ол үшін үгіттің лениндік стилін меңгеруге тиіс.

Коммунистік құрылыстың барысында жұмыстың көлемі мен ауқымы барынша ұлғайып, алға қойылатын міндеттердің барған сайын өсе беретіні әбден заңды. Бұл жолдағы біздің әрбір қадамымыз соны жаңалыққа, адам ізі түспеген сан қилы соқпақтарға толы екенін ескеруіміз керек. Коммунизм дүниесінің есігін бірінші болып ашқалы отырған совет адамдарына адам баласының авангарды болу соншалықты құрметті де қасиетті. Сонымен бірге бұл — аса жауапты да, әрі қиын міндет. Міне осындай тарихи міндетті абыроймен орындау үшін сол жолда кездесетін қиыншылықтарды жоюға совет адамдары сақадай сай болуы қажет. Идеология жұмысының міндеттері, саяси үгіттің барлық ықпалды күші осыған жұмсалуды керек. Өйткені адамдардың қоғамдағы мінез-құлқы, олардың еңбектегі саяси белсенділігі, саналылығы, қоғам алдындағы өз борыштарын сезінуі идеялық тәрбиеге, оның дәрежесіне, коммунистік идеялылықтың қаншалықты тереңдігіне тікелей байланысты.

Сондықтан Коммунистік партия идеологиялық жұмыста лениндік стильді оған әрі жетілдіре түсуге ерекше мән береді. Мұның мәнісі — революциялық теорияны творчестволықпен қолдану, теория мен практиканың бірлігін нығайта беру, өмірдегі құбылыстарға ғылыми тұрғыдан қарау деген сөз. Марксизмнің ұлы күші де міне осында.

В. И. Ленин өзінің революциялық қызметінің алғашқы кезеңдерінен бастап-ақ саяси үгіт пен насихат жұмысының пәрменділігін арттыруға айрықша мән берген болатын. Ұлы көсемнің «Неден бастау керек?», «Не істеу керек?», «Коммунизмдегі «солшылықтың» балалық ауруы», «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері», «Ұлы бастама», «Жастар одақтарының міндеттері» сияқты еңбектерінде саяси үгіттің басты-басты сипаттары айқын белгіленді.

В. И. Ленин саяси үгіттің жоғары идеялы болуы бірінші кезекті мәселе деп қарады, әрбір үгітші мен насихатшының партиялық рухта жұмыс істеуін қатаң талап етті. Үгіттің күші — оның айқындылығында, шыншылдығында, деп көрсетті ол. Бұл жайында 1920 жылы РКП(б) IX съезінде жасаған баяндамасындағы мына бір пікірді келтірген орынды. «Егер, — деді ол, — біздің дұшпандарымыз біздің үгіт пен насихатты дамыту ісінде керемет жасағанымызды айтып, мойындаған болса, онда мұны бізде көп үгітшілер болды, көп қағаздар жұмсалды деп сырт көрінісінен түсінбеу керек, қайта мұны осы үгітте болған шындық барлық жұрттың миына кірді деп ішкі мағынада түсіну керек. Ал бұл шындықтап бұлтаруға болмайды» (Таңдамалы шығармалар, Үш томдығы, 3-том, 351-бет). Бұл — бір.

Екіншіден, үгіт жұмысындағы лениндік стильге тән сипат — оның өмірмен, практикамен, экономикалық құрылыстың және адамдарға жоғары моральдық принциптер рухында коммунистік тәрбие берудің нақты міндеттерімен нық байланыстылығында, әсерлілігінде. Саяси үгіт бұқараның революциялық ынта-жігерін тасытып, олардың алда тұрған аса маңызды міндеттерді орындауға қызу жұмылуына ықпал етуге тиіс.

В. И. Ленин совет өкіметінің алғашқы кезеңінің өзінде-ақ біздің үгітіміз бен насихатымыздың қандай бағытта жүргізілуі керектігін айқын белгілеп берді: **Бүкіл насихат жұмысы шаруашылық құрылыстың саяси тәжірибесіне негізделіп құрылуға тиіс** деп үйретті ол. Бұл — экономика партияның, бүкіл еңбекшілердің коммунизм орнату жолындағы күресінде басты мәселе болып келді, бола береді деген сөз. Алайда экономиканы саясаттан тыс, одан бөліп қарауға болмайды. Өйткені, В. И. Ленин айтқандай, **саясат экономиканың жиынтық көрінісі** болып табылады. Сондықтан саяси жағынан дұрыс көзқарас болмаса, бірде-бір экономикалық міндет ойдағыдай шешілмек емес.



Үшіншіден, біздің үгітіміз маркстік-лениндік теорияның тазалығын табандылықпен қорғауға, оппортунизм мен догматизмнің, ревизионизмнің қандай да болсын көріністеріне қарсы ленинше батыл әрі мейрімсіз болуға, пікір күйректілігі мен ой тоқыраушылығына қарсы ұдайы күрес жүргізіп отыруға тиіс.

Қысқасы, В. И. Ленин бізден саяси сылдыр сөздің мейлінше аз болуын, күнделікті жұмыста коммунистік құрылыстың ең қарапайым, бірақ өмірден алынған, өмір арқылы тексерілген жанды фактілеріне көбірек көңіл бөлінуін, идеологиялық жұмыста бірсарындылыққа жол берілмеуін қатаң талап етті.

Қазіргі кезде саяси үгіттің мазмұнына, оның шеберлігі мен нәтижелділігіне қойылатын талап күннен-күнге өсе түсуде. Үгіттің пәрменділігі дегеніміз, — бір жағынан, партия ұйымы мен үгітшінің көздеген нысанасын қамтитын ұғым болса, екіншіден, бізден адамдардың, бұқараның не қалайтынын білдіретін ұғым. Себебі, бұқара өз ұсыныстарының, сын ескертпелерінің жүзеге асырылуын күтеді. Демек, саяси үгіт жұмысында айтылған әрбір пікір, жасалған ұсыныс тиянақты түрде есепке алынып, толық талданып отыруы қажет. Пайымды пікірлер мен ұсыныстарды іске асырудың сындарлы шаралары қолданылуы керек. Осындай жағдайда ғана саяси үгіт әсерлі болмақшы.

Саяси үгіт пен насихат жұмысының бүгін таңдағы басты міндеті — жаңа бесжылдықтың тапсырмаларын әрбір адам өз еңбегінің программасы деп танып, оны орындауға өзінің лайықты үлес қосуын қамтамасыз ету. Бұл үшін әрбір адамның ақыл-ойы мен жүрегіне жол тауып, оларды еңбек майданына жұмылдырып, ұйымдастыра білу қажет.

Саяси үгіттің пәрменділігі мен әсерлілігі өткізілетін әнгімелердің, оқылатын лекциялардың, сондай-ақ ұрандар мен плакаттардың және басқа құралдардың санымен емес, олардың мән-мазмұнына, адамдар жүрегінде қаншалықты із қалдыруына, еңбектегі ерлік іске оларды қалайша жұмылдыра білгеніне қарай бағаланады. Сонғы кездерде ауызша үгіттің бұрынғыдай әсері жоқ, сондықтан үгіт коллективтерінің қаншалықты қажеттілігі бар деген пікірлер айтылып жүр. Бірақ партияның байырғы әрі сыннан өткен идеологиялық қаруы — ауызша үгіт өзінің мәнін күні бүгінге дейін жойған жоқ. Мұның өзі саяси үгітке жеткілікті мән бермеуден, оған жеңіл-желпі қараудан туган қате пікір. Бүгінгі өмірімізде кең өріс алып отырған радио мен телевизия да, баспасөз бен кино да, өздерінің орасан зор ықпалды күшіне қарамастан, ауызша үгіттің орнын баса алмайды. Өйткені үгітші мен насихатшы қалың бұқарамен көзбе-көз жүздесіп, олармен ауызба-ауыз сөйлеседі. Партияның саясатын, өмірдегі күрделі мәселелерді қолма-қол түсіндіріп, олардың сұрақтарына тікелей жауап береді, адамдардың рухани тілектерін, мұң-мұқтаждарын біліп отырады.

Рас, қазір жұрттың бәрі сауатты, білімді. Сондықтан да олардың алдында орынсыз білгірсудің ешбір қажеті жоқ. Жұрттың көпшілігін ендігі жерде дауыстап газет оқып беру ғана емес, тіпті жалпылама, мазмұнсыз сөздер де қанағаттандыра алмайды. Одан гөрі аз да болса өмірлік мәні бар, адамдардың өздерін күнделікті толғанып жүрген зору мәселелерді жүрекке жылы, орамды тілмен жеткізіп түсіндірсе — бұл әлдеқайда ұтымды. Әлбетте, бұдан дауыстап газет оқу әдісі мүлде керексіз деген ұғым тумауға тиіс, оны қажетті жерінде, білім-танымы жеткіліксіз немесе үй шаруасынан қолы босамайтын адамдар арасында орынды пайдаланып отырған жөн. Алайда көптеген партия ұйымдары саяси үгіттің түрлерін жетілдіру жолдарын табандылықпен іздестірудің, оған творчестволық сипат берудің орнына әлі де болса ескі сарыннан, науқаншылдықтан, формализмнен толық арыла алмай жүр. Осындай кемшіліктердің салқыны біздің жұмысымызға үлкен кесірін тигізуде. Саяси үгіт жұмысының өрісін кеңейту, мазмұнын жақсарту жұмысына



коммунистерді, партияда жоқ активтерді, ауыл-село интеллигенттерін, ғалымдарды, сондай-ақ жергілікті радиотораптарын, мәдени-ағарту мекемелерін, қабырға газеттерін тиімді пайдаланудың маңызы зор.

Республиканың бірқатар партия ұйымдарында идеологиялық жұмыстың дәрежесі әлі де төмен, насихат пен үгіттің өмірден алшақтығы ақырына дейін жойылған жоқ. Бұған бір мысал ретінде Ақтөбе облысының Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозының партия ұйымын алуға болады. Мұндағы партия ұйымы шаруашылық міндеттерді шешуге саяси тұрғыдан карамайды, адамдар арасындағы жұмыс самарқау жүргізіледі, сондықтан мұнда жеке бригадалар түгіл, орталықтың өзінде де қоғамдық өмірдің қайнаған тынысы сезілмейді. Саяси-бұқаралық жұмыстың орталығы болып табылатын клуб пен үгіт пункті ұдайы жабық тұрады, оған адамдар келмейді. Социалистік жарыс қорытындысы көрсеткіш тақталарында жазылмайды.

Партия ұйымдары бұл сияқты кемшіліктерге жол бермеуге тиіс. Олар саяси-үгіт жұмысын әрбір коллективтің алдында тұрған нақты міндеттерге сай, ондағы адамдардың, әлеуметтік топтардың ерекшеліктеріне қарай, саралап жүргізуді берік негізге алулары керек. Бұл жайында үгітшілердің белгілі бір тобының еңбек тәрбиесімен, екіншілерінің ішкі және сыртқы саясат мәселесін түсіндірумен, ал үшінші бір бөлесінің, айталық, атеистік насихатқа бейімделіп шұғылдануы елеулі нәтиже беріп жүргенін ескерген мақұл. Үгіт-насихат жұмысын осылайша ұйымдастыру, сөз жоқ, оның ықпалдылығын арттырады, мәселені тереңірек зерттеуге, қажетті материалдарды сұрыптап пайдалануға мүмкіндік береді.

Саяси үгіт пен тәрбиенің алуан түрлі құралдары мен тәсілдері соңғы кездерде республика партия ұйымдарында кеңінен өріс ала бастады. «Лениндік жұмалықтар», жексенбілік оқулар, сұрақ пен жауап кештері, жастар диспуттары, түрлі мереке күндері, атакты адамдармен кездесу — осының бәрі саяси үгіттің пәрменділігін, оның әсерлілігін арттыруда ерекше роль атқаратыны белгілі. Сондықтан бұл жұмыстарды барынша жандандыра түсуіміз керек.

Бұқара арасындағы саяси жұмыс құралдарының ішінде көрнекі үгіттің маңызы айрықша. Оның адамдар ақыл-ойына, жүрегіне әсер еткіш күші мен ықпалы да өте зор. Үгіттің бұл түрін, оның сан алуан формаларын Қөкшетау облысының партия ұйымдары сәтті пайдаланып жүр. Облыстық партия комитеті бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, көрнекі үгіттің идеялық-көркемдік дәрежесін, оның әсерлілігін арттыруға, сондай-ақ кәсіпорындарды, селоларды көркемдеу ісіне маңыз беріп отырады. Бірақ көрнекі үгіттің жайы, оның әсерлі ықпалы барлық жерде бірдей жақсы деуге болмайды. Кейбір партия ұйымдары бұл жұмысқа тиянақты басшылық жасамайды, сондықтан да оның идеялық дәрежесі төмен, мұндай үгіт құралдарының адамдарға жөнді әсер етпейтіні, олардың ынта-жігерін шыңдамайтыны, эстетикалық ой-сезімдерін ұштамайтыны белгілі. Көрнекі үгіт жұмысы кәсіпорындардың, колхоздардың, совхоздардың, мекемелердің алдында тұрған нақты міндеттеріне сай, бүгінгі күннің ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуге тиіс.

Саяси үгіт жұмысы сөз бен істің арасында ешқандай алшақтық болмай, бірімен-бірі біте қайнасып, ұштастырыла жүргізілгенде ғана әсерлі де өтімді болатыны тәжірибеден көрініп жүр. Бұл үшін адамдардың ішкі дүниесіне үңіле біліп, олардың абзал сезімдеріне әрдайым ілтипатпен қарау қажет. Осының бәрінде де үгіт жұмысының жауынгерлері өздерінің зейінділігімен өнеге көрсетіп отыруға тиіс. Осы орайда партия ұйымдары ұлы Лениннің: «**Әрбір үгітші мемлекеттік басшы болуға, экономикалық құрылыс ісінде барлық шаруалар мен жұмысшылардың басшысы болуға тиіс**», деген аталық сөзін іс жүзіне асыруды өздерінің абыройлы борышы санауы керек. Бұл жөнінде басшы қызмет-



керлердің бұқаралық жұмысқа тікелей араласуы игі нәтиже беретіні сөзсіз. Мұндай жұмыс Шығыс Қазақстан, Орал, Алматы және Қарағанды облыстарының көптеген кәсіпорындары мен колхоз, совхоздарында жақсы жолға қойылған. Алайда біздің арамызда еңбек адамдарына оншалықты жақындай қоймайтын, олардың тілек-талаптарына жеткілікті көңіл бөлмейтін шаруашылық басшылары әлі де аз емес. Олар: «Біздің жұмыс — жоспарды орындау, ал тәрбие — партия ұйымының ісі» деп ойлайды. Әрине, бұл зиянды да ұшқалақ пікір екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Қазір біздің республикада 13 840 бастауыш партия ұйымы бар. Бұл — үлкен саяси күш. Олардың көпшілігі өндірістегі істі жақсарту, адамдарға коммунистік тәрбие беру жөнінде игілікті де ықпалды жұмыс жүргізіп отыр. Қарағанды синтетикалық каучук заводы, Зырян қорғасын комбинаты, Семей облысындағы «Арқалды», Орал облысындағы «Пермь» совхоздары, Жамбыл облысындағы «Трудовой пахарь» сияқты озат шаруашылықтардың партия ұйымдары жөнінде осыны айтуға болады. Олар саяси үгіт жұмысының пәрменділігін арттыра отырып, еңбекшілерді алға қойылған міндеттердің орындалуы үшін қызу жұмылдыруда.

Үстіміздегі жылы республикамыздың еңбекшілері даңқты қос мерекеге қызу әзірлене отырып, партияның XXIII съезі белгілеген шараларды жүзеге асыру жолында айтарлықтай еңбек етті. Өнеркәсіп орындары енім шығарудың 9 айлық жоспарын өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 109 процент орындады. Жаңа жүйеге көшкен кәсіпорындардың алғашқы қадамы жақсы нәтижелер беруде. Биыл өте-мөте Қазақстан дикандары үлкен жеңіске ие болды. Олар мемлекетке астық сату жөніндегі тапсырмаларын абыроймен орындап, егін жинауды ойдағыдай өткізді, сөйтіп Отан қоймасына 1 миллиард пұттан астам Қазақстан астығы күйылды.

Қазақстанның мол астығын тез жинау жөнінде Қостанай облысындағы Орджоникидзе ауданы патриоттық бастама көтергені мәлім. Ауданның партия ұйымдары еңбекшілердің барлық ынта-жігерін өздері қабылдаған жоғары міндеттемелерді абыроймен орындап шығуға жұмылдыру үшін саяси-бұқаралық жұмысты егін орағының алғашқы күнінен бастап қызу қолға алды. Егін жинау мен мемлекетке астық тапсыру жұмысының жауапты учаскелерінде 450-ден астам коммунист және 800-ге жуық комсомолец қажырлы еңбек етті. Партиялық-ұйымдастыру және саяси-бұқаралық жұмыстардың жоспары күнілгері жасалып, бекітілді. Барлық шаруашылықтарда еңбекшілердің жиыналыстары өткізіліп, оларға егін жинау кезінде еңбекке ақы төлеудің тәртібі, социалистік жарыстың шарттары кеңінен түсіндірілді. Аудан бойынша озат шаруашылықтар үшін ауыспалы Қызыл ту, бригадалар үшін ауыспалы вимпелдер белгіленді. Сондай-ақ 12 Құрмет тақтасы және Құрмет кітабы ұйымдастырылды.

Ауданда егін жинаудың қорытындысы бойынша «Тандаулы комбайнер», «Тандаулы тракторшы», «Тандаулы шофер» деген атақтар беріліп отырды. Колхоздардың бәрінде озат механизаторлардың үйлерінің маңдайшасына қызыл жалау іліп қою дәстүрге айналды, олардың семьяларына совхоз дирекцияларының, партия ұйымдары мен жұмысшы комитеттерінің атынан құттықтаулар жіберіліп тұрды. Совхоздарда әрбір бес күндік қорытындысы бойынша бюллетеньдер шығарылды. Үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізу үшін мұнда 73 үгіт коллективі құрылды, олар 786 үгітшіні қамтыды. Орджоникидзе атындағы совхоздың комбайнері, КПСС мүшесі В. П. Дудкевич, «Тобыл» совхозының есепшісі, коммунист И. Я. Ольденбург, Покров совхозының бригадирі, коммунист Иманқұлов, сол совхоздың қызметкері Тамара Наумова және басқалары егін орағы кезінде үгітшілік жұмысымен ерекше көзге түсті. Егін



орагына әзірлік пен оны өткізу кезінде аудан бойынша 5 мәдени-үгіт бригадасы, 47 көшпелі кітапхана мен 2 көшпелі кино ұйымдастырылды. Жергілікті көркемөнер үйірмелері, сонымен қатар көмекке келген студенттерден концерт бригадалары құрылды. Киевтен, Москвадан таңдаулы өнерпаздар келіп ойын қойды. Жалпы алғанда аудан еңбекшілеріне 93 рет концерт көрсетілді. Үгіт-бұқаралық жұмысының осылайша жолға қойылуы егін орагын ұйымшылдықпен өткізуге, сөйтіп ауданның мемлекетке 20 миллион пұт астық тапсыруына мүмкіндік берді.

Саяси үгіт жұмысының пәрменді де әсерлі нәтижесін Есіл ауданының (Целиноград облысы) биылғы тәжірибесі де айқын көрсетеді. Мұнда жұмыстың барлық пәрменді күші мен құралы Отан алдындағы борышты өтеуге бағыттала жүргізілді. Бұл жұмыста коммунистер, үгіт коллективінің мүшелері авангардтық роль атқарды.

Аудан партия ұйымдары саяси-бұқаралық жұмысқа село интеллигенттерін: мұғалімдерді, дәрігерлерді, мамандарды тарта білді. Жаз бойы еңбекшілер арасында 500-ден астам үгітші жұмыс істеді. Бригадалар мен дала костарында 115 қызыл мүйіз пен үгіт пункті жабдықталды. Тұрмыстық қызмет көрсететін 4 поезд бригадаларды аралап, игілікті жұмыс атқарды. Егін орағы кезінде әрбір шаруашылықта ұйымдастырылған семьялық агрегаттардың аса зор тәрбиелік жұмыс атқарғанын да атап көрсеткен жөн. Осындай жұмыстардың нәтижесінде Есіл ауданы мемлекет қоймасына 20 миллион пұт астық өткізді.

Облыстың Балқашин, Ерейментау және Целиноград аудандық партия комитеттері де бастауыш партия ұйымдарының ролін барған сайын күшейте отырып, еңбекшілер арасындағы саяси үгіт жұмысын өскелең талапқа сай жүргізіп келгенін мақтанышпен айтуға болады. Саяси үгіттің пәрменді де әсерлі жүргізілуі бұл аудандардың қазақстандық миллиардқа еселі үлес қосуына шапағатты ықпал еткені айқын көрініп отыр.

Республика партия ұйымдары еңбекшілер арасында жүргізілетін саяси-бұқаралық жұмыстың дәрежесін, оның ықпалды күшін бұдан былайғы жерде де биік сатыға көтере беруге борышты. Қазір кең байтақ өлкеміздің түкпір-түкпірінде Ұлы Октябрьдің 50 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарыс жалыны лаулай түсуде. Жаңа бесжылдықтың тапсырмаларын абыроймен орындау жолындағы еңбекшілердің саяси және еңбек белсенділігі бұрын-сонды болмаған дәрежеде артуда. Партия ұйымдары бұқара арасында туған осындай саяси және еңбек өрлеуін үдете отырып, әрбір кәсіпорында, колхоз бен совхозда алынған міндеттемелердің абыроймен орындалуын қамтамасыз етуге тиіс. Ол үшін миллиондардың жүрегіне жол таба білу керек.



# Журналистің мәртебесі мен жауапкершілігі

Совет қоғамының тарихи дамуында, елімізде жана қоғам орнату жолындағы алып күрестің сан қилы кезеңінде біздің баспасөз Коммунистік партияның мұқалмас өткір қаруы болып келеді. Қазірде ол коммунистік құрылыстың алдыңғы шебінде өзінің коллективтік насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы ретіндегі ролін абыроймен атқаруда.

Еліміздің дамуымен қатар және осының шарапатымен баспасөзіміздің де асқар биікке көтерілгенін, мерейі өлшеусіз өскенін көреміз. Қазір Одақ көлемінде мерзімді баспасөздің бір жолғы тиражы 118 миллионға жетті, басқаша айтқанда мұның мәнісі — елімізде тұратын әр адамға бір газеттен не бір журналдан келеді деген сөз. Бұл жәй ғана цифрдың өзі, біріншіден, совет адамдарының ой-өрісінің, мәдени дәрежесінің таңғажайып өскенін паш етсе, екіншіден, миллиондардың күнделікті тіршілігінде баспасөзіміздің берік орын алып, олардың сый-құрметіне не болғанын дәлелдейді. Шынында да совет баспасөзі — қалың еңбекшілер бұқарасының досы, ақылгөйі, сондықтан да олар газет пен журналда басылған, радио мен телевизор арқылы берілген әрбір шындық сөзін жан жүрегімен қабыл алады. Сонымен қатар совет баспасөзі социализм жауларының үрейін ұшырып, құтын қашыратын айбарлы күшке айналып отыр.

Біздің республиканы алсақ, оның баспасөз ісін дамытуда жеткен дәрежесіне таңданбасқа болмайды. Қазір Қазақстанда 252 газет және 20 журнал шығып тұрады. Бұлардың жылдық тиражы — 4 миллиондай. Жыл сайын бізде екі мыңға жуық кітап шығады, олардың жалпы тиражы 20 миллионнан асады. Республика еңбекшілеріне күн сайын қызмет ететін бір жарым миллион радиопункте, екі миллион радиоқабылдағыш, жарты миллион телевизор тағы бар.

Елімізде 43 мың журналист (оның ішінде 5 мыңы Қазақстанда) өз халқына адал қызмет етуде. Бұл — қыруар армия. Жақында өзінің II съезін өткізген Журналистер одағы еліміздегі творчестволық бірлестіктердің ішінде ең іргелісі болып отыр.

Коммунистік партия совет журналистерін өзінің алтын қоры, айбынды көмекшілері деп атайды. Бұл әбден орынды да. Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің СССР журналистерінің Екінші бүкіл одақтық съезіне жолдаған құттықтауында былай делінген: «Коммунистік партияның сенімді көмекшісі — журналист деген атақ біздің елде құрметті атақ, бірақ мұның өзі көп міндет те жүктейді. Осы атаққа лайықты болу, қазіргі заманғы саяси және ғылыми білімдермен жан-жақты қарулану, өзінің профессионалдық шеберлігін ұштау, оқушылармен, тыңдаушылармен, көрушілермен қатынас жасаудың жаңа формаларын үнемі іздестіріп, жетілдіре беру — әрбір журналистің, радио мен телевизия қызметкерінің борышы».

Демек, журналистің мәртебесі қаншалық биік болса, оған жүктелер жауапкершілік те соншалық күшті. КПСС ХХІІІ съезінің шешімдерін шебер де кең насихаттау, өмірде болып жатқан құбылыстар мен фактілерге терен үңіле біліп, экономика проблемаларын, ғылыми-техникалық прогресс пен мәдениет мәселелерін нағыз іскерлікпен, білгірлікпен жазу, жұртты озат тәжірибе үлгілерімен жігерлендіріп, бұқараның бастамасын барынша қолдап отыру, қоғамға жат көріністер мен кемшілік атаулыны аяусыз түйрей отырып, коммунистік құрылыстың барлық салаларында жана табыстарға жету үшін белсене күресу — бүгін таңда журналистер алдына партия қойып отырған ардақты да жауапты міндеттер міне осындай.



Ал осы міндеттерді совет журналистері қалай орындап келеді? Партия Орталық Комитетінің 1964 жылғы октябрь Пленумынан бергі жерде совет халқының саяси, экономикалық және идеялық тіршілігінде туған жаңа серпін, соны леп, партиялық және мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешуде лениндік принциптердің толық қалпына келтірілуі, шаруашылықты басқару және жүргізу әдістері мен формалары жөніндегі субъективтік және волюнтаристік көзқарастардың батыл аласталуы, замана талаптарына сай, нағыз ғылыми негізде Коммунистік партия мен Совет үкіметі белгілеген экономикалық реформаның ойдағыдай жүзеге асырыла бастауы — осының бәрі баспасөзіміздің идеялық мазмұнын барынша жақсартуға, оның жауынгерлігі мен пәрменділігін арттыруға, журналистердің қаламгерлік шеберлігін жетілдіре түсуге шарапатты әсерін тигізді.

Журналистердің таяуда болып өткен съездерінде газеттер мен журналдардың, радио мен телевизияның жұмысында жақсы нышандар мен игі бастамалардың өркен жая бастағаны атап көрсетілді. Біздің республика баспасөзінде де осындай өзгерістердің аз емес екенін көреміз.

Өнеркәсіп пен құрылыстың келелі мәселелері, бесжылдық проблемалары жайында Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда», Шығыс Қазақстан облыстық «Рудный Алтай» және «Коммунизм туы» газеттері жақсы жазып келеді. Биылғы жылы бұларда жарияланған көптеген мазмұнды да тартымды материалдарда жүйелі пікірлер мен бағалы ұсыныстар айтылды, ал мұның өзі өнеркәсіп өндірісі мен құрылыс ісіндегі ірі кемшіліктерді жоюға, қосымша ішкі мүмкіндіктер мен резервтерді тауып пайдалануға көмектесті.

Алматы облыстық «Жетісу» және Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газеттері ауыл шаруашылығы өндірісінің өзекті мәселелерін байыпты жазады. Бұл газеттер XXIII съездің шешімдерін насихаттай отырып, егіншілік мәдениетін арттыру, мал өсіру, озат тәжірибені тарату ісіне айтарлықтай еңбек сіңірді. Сондықтан да үстіміздегі жылы «Жетісу» газетінің коллективі СССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне журналистер одағынан жолдама алып, үлкен абыройға ие болды.

Әділін айту керек, өте-мөте биылғы жылы басқа да облыстық және аудандық газеттер ауыл шаруашылығы тақырыбына арнап тәп-тәуір материалдар жариялай бастады. Әсіресе Қазақстанның мол астығы жолындағы қажырлы күрестің қақ ортасында болған журналистеріміз мыңсаң ерлердің егін даласындағы ерен еңбегі мен жемісті жеңісін, жарыста озып шыққан ұйымшыл да өршіл коллективтердің тамаша табысын, қажымас қайратымен де, өзгеше өнерімен де көпке үлгі болған ардагер адамдарымыздың абзал қасиеттерін паш етіп отырды. Сондықтан Қазақстан миллиардына журналистердің де қосқан үлесі бар десек, мұнымыз асыра айтқандық болмайды.

Аудандық газеттер қайта ұйымдастырылғаннан бері онша көп уақыт өтпесе де, олардың бірқатары қазірдің өзінде-ақ қалың оқушылар қауымына өздерінің мазмұнды да тартымды материалдарымен, игі істерімен танылғанын атап айту қажет. Мәселен, Целиноград облысындағы Алексеев аудандық «Знамя Родины» газеті дәл осындай қасиеттерімен еңбекшілер алдында үлкен беделге ие болып отыр. Беделділігі мен әсерлілігі сондай, бұл газетте жарияланған бірде-бір дабыл, бірде-бір сын материал аяқсыз қалмайды. Семей облысындағы Шұбартау аудандық «Жаңа өмір», Қостанай облысындағы «Тың шұғыласы», Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл аудандық «Шам-шырақ» газеттері де шаруашылық мәселелерін жазуда әжептәуір тәжірибе жинады.

Республиканың ірі-ірі кәсіпорындары мен құрылыстарында шығып тұратын ондаған көп тиражды газеттер бар. Бір өкінішті жері, аудандық газеттер сияқты бұлар да журналистер одағының назарынан көбінесе тыс қалып келеді. Шынын айтқанда, мазмұны мен тартымдылығы



жағынан әбден мақтауға тұрарлық көп тиражды газеттер аз емес. Мәселен, Қазақстан Магниткасындағы «Қазметаллургстрой» тресінің «Строитель» атты газеті экономикалық реформаны жүзеге асыру жолындағы күресте нағыз ұйымдастырушылық роль атқарып келеді. Жұмысшылар мен инженер-техниктер өз газетін сүйіп оқиды. Семейдің ет-консерв комбинатында шығып тұратын, шын мәнісінде жаңалық жаршысы болып отырған «Мясной гигант» газеті жөнінде де осыны айту керек.

Идеология, мәдениет, тұрмыс мәселелерін жазуда да бірқатар газеттер мен журналдарда жаңа бағдар, жақсы леп пайда болды. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газеті ауыл-село мәдениетін көтеру туралы, Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газеті интеллигенцияның ролі жөнінде қызғылықты материалдар жариялап келеді. Бұл жөнінде республикалық «Мәдениет және тұрмыс» журналы мақтауға тұрарлық игілікті істер істеді. Атап айтқанда журналдың редакциялық коллегиясы өзінің кезекті бір мәжілісін Шымкент облысындағы «Коммунизм» совхозында өткізіп, жұмысшылардың мәдениет пен тұрмыс мәселелері жайындағы сын ескертпелерін, ұсыныстары мен тілектерін басып шығарды, ауыл мәдениетінің қазіргісі мен болашағын, жұрттың тұрмысы мен санасындағы ескіліктің қалдықтарын жою жолдарын жан-жақты әңгіме етті.

Әрине, жоғарыда келтірілген мысалдардан бізде істің бәрі де онынан келген екен деген ұғым әсте тумасқа тиіс. Бұлардың бәрі тек алғашқы адым ғана екені, істегенімізден істеріміз анағұрлым көп екені, газеттер мен журналдардың, радио мен телевизияның, баспа мен полиграфия орындарының жұмысында әлі де елеулі кемшіліктер орын алып отырғаны әркімге аян.

Кейбір газеттер мен журналдар экономикалық реформаның мәнісін түсіндіруде, өндірістің тиімділігін арттыру, материалдық және моральдық көтермелеу, ғылыми жоспарлау мәселелерін жазуда жалпылама сарыннан арылмай келеді. Мәселен, Павлодар облысының «Звезда Прииртышья» газеті жөнінде осыны айтуға болады. Облыс орталығында салынып жатқан ірі-ірі кәсіпорындар бар, әйгілі Ертіс — Қарағанды каналы осы арадан басталады. Осынау алып құрылыстардың және басқа кәсіпорындардың мұқтаждары мен шешілмей жүрген мәселелері көп, бірақ газет бұл мәселелерді түбегейлі шешуде, жұмыстағы кемшіліктерді жоюда нақты көмек көрсете алмай келеді. Семей облыстық «Семей таңы» және Гурьев облысының «Коммунистік еңбек» газеттері өз материалдарының пәрменділігі үшін жөнді күреспейді.

Тегінде баспасөз материалдарына, радио мен телевизия хабарларына тән бір негізгі кемшілік, экономикалық реформаның объективтік заңдылығы мен қажеттілігін, еліміздің ішкі өмірі мен халықаралық жағдайына оның тигізіп отырған әсерін біз әлі де жан-жақты көрсете алмай келеміз. Жаңаша жұмыс істеуге көшкен кәсіпорындардың алғашқы жұмыс тәжірибесін қорыту жөнінде осыны айту керек. Мұның себебі, журналистердің басым көпшілігінде арнаулы білім болмағандықтан олар шаруашылықтың тиімділігін арттыруға бағытталған шаралардың, экономикалық тетіктер мен тұтқалардың байыбына бара бермейді, бұларды тәптіштеп талдай алмайды, сондықтан екінің бірінде мәселенің сырт жағын ғана қалпып отырады.

Ал бұдан мынадай екі жақты міндет келіп шығады. Біріншіден, журналистерге қажетті экономикалық білім беруді ойластырған жөн. Әрине, экономикалық тақырыпқа материалдар әзірлейтін журналист бұл саладан әбден хабардар болуға міндетті екені рас. Бірақ бұл жеткіліксіз. Сондықтан жоғары оқу орындарында және арнаулы курстар мен семинарлар арқылы экономист журналистер даярлап отыру керек деген ұсыныс әбден орынды. Екіншіден, біздің баспасөзіміз қазіргі кезде өндірісте негізгі тұлға болып отырған экономистердің ролі мен беделін барын-



ша көтеруге ат салысып, олардың жұмысын үнемі жан-жақты көрсетіп отыруға, материалдар әзірлеуге олардың өздерін де көбірек қатыстыруға тиіс. Осыған байланысты экономистердің ішінен журналистер даярлау мәселесін ойластыру қажет.

Қазіргі кезде баспасөздің ең өзекті тақырыптарының бірі — партиялық ұйымдастыру мәселелері. Газеттеріміз бен журналдарымыз жана жағдайда шаруашылыққа басшылық ету принциптері, партия комитеттерінің жұмыс стилі мен әдістері, ішкі партиялық жұмыс түрлері жайында қызықты материалдар бере бастады. Бұл мәселелерді жазудағы шалағайлық пен бір сарындылықты едәуір азайтуда, сөйтіп партия тұрмысы мәселелеріндегі жаналықтарды неғұрлым тереңірек көрсетуде журналистер одағы өткізген семинарлар, орталық және республикалық баспасөз бетінде айтылып жүрген сын пікірлер мен акыл-кеңестер белгілі роль атқарды. Өте бір сүйсінерлік нәрсе, бастауыш партия ұйымдарының ролі мен іс-әрекеті, коммунистің өндірістегі орны мен жауапкершілігі жайында түрлі жанрда жазылған тәуір материалдар газеттер мен журналдар беттерінен жиі көріне бастады.

Бірақ мұнда да кемшілік аз емес. Кейбір газеттер партия тұрмысы мәселелерін жазуда науқангершіліктен, кара дүрсін сарыннан арыла алмай келеді. Әсіресе партия қатарына адам алу және жас коммунистерге идеялық тәрбие беру жұмысын жазуда шалағайлық көп. Кейбіреулер біздің партияның бүкіл халықтық сипатын теріс түсініп, партияға ең таңдаулы адамдарды ғана жеке-жеке іріктеп алу керек деген қағиданы ұмытып, партия ұйымдарының жалаң сан жағынан тез өсуін табысқа балайды. Оқта-текте газет материалдарынан осындай сарын білініп қалып жүр. Әрине, бұл дұрыс емес. Мұндағы тағы бір кемшілік — КПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумынан бергі жерде партия комитеттерінің шаруашылыққа басшылық етуде, адамдармен жұмыс істеуде жинаған жаңа тәжірибесі, үлгі-өнегесі бізде жөнді қорытылмай жүр. Партия құрылысының ең шешуші буыны ретіндегі аудандық партия комитеттерінің секретарьлары жөнінде шебер жазылған очерк, суреттеме жоқтың қасы.

Коммунистердің идеялық жағынан өсуіне, олардың марксизм-ленинизм теориясымен қарулануына үнемі көмектесіп отыру — баспасөзіміздің ардақты борышы. Сондықтан партия оқуы жүйесінің жұмысын қадағалап, партия ұйымдарының бұған қалай басшылық ететінін, оқу программасы мен жоспарының қалай жүзеге асырылып жатқанын, насихатшылардың сабақ өткізудегі тәжірибесін үзбей жазып отырған мақұл. Сонымен қатар газеттер мен журналдардың беттерінде, радио мен телевизия арқылы маркстік-лениндік теорияның келелі мәселелері жөнінде мазмұнды да ұғымды консультациялық материалдар, методикалық кеңестер жариялап отыру қажет.

Коммунистік партия жаңа адам тәрбиелеу, оның дүниеге көзқарасын қалыптастыру мәселелеріне ерекше мән береді. Әсіресе жас ұрпақты тәрбиелеуге басты назар аударылуы керек. Бірақ жасыратыны жоқ, бұл жұмыстың жайы қазіргі өскелең талапқа сай емес. Мораль-этика тақырыбына жарияланып жүрген материалдар екінші бірінде тәрбиелік маңызы шамалы ұсақ-түйек нәрселерді, үй ішінің араздығын, көршілердің ұрыс-керісін суреттеуден әрі аспайды, сондықтан да мұндай материал оқушыны еліктірмейді, оған үлкен ой салмайды, өзінің қоғамдағы орнын, азаматтық борышын терең сезінетін дәрежеге көтерілуіне көмектеспейді. Жастарды аға ұрпақтың ізгі дәстүрлері рухында баулу, оларға әскери-патриоттық тәрбие беру жөнінде де осыны айту керек. Қазіргі кезде жиі басылып жүрген мемуарлық әдебиетте, көркем шығармаларда өткен кездегі оқиғалар мен құбылыстарды объективтік заңдылық пен тарихи материализм негізінде бағаламай, жалаң субъективтік тұрғыдан топшылап, теріс көрсетушілік фактілері кездесуде. Әрине, тәрбие ісіне



мұның ешқандай пайдасы жоқ екені түсінікті. Сайып келгенде, журналистер бұл істің жайын дереу өзгертуге ат салысып, мораль-этика тақырыбына жазылатын материалдардың идеялық мазмұны жағынан өткір, баяндалуы жағынан қызықты да әсерлі болуын көздеуге тиіс.

Біздің республика баспасөзінде интернационалдық тәрбие мәселелері, халықтар достығы жайында басылған тәуір материалдар бар. Мәселен, ұйғыр тілінде шығатын республикалық «Коммунизм туғи» газеті партияның лениндік ұлт саясатының салтанатын, халықтар достығының шарапатты әсері мен жемістерін, ескі заманда жоқшылық пен қараңғылықта қасірет шеккен ұйғыр халқының Совет өкіметі тұсында бақыт нұрына бөленіп, шырқау биікке көтерілгенін, қатардағы қарапайым адамдардың ғалымның, саяси қайраткердің, өнер иесінің дәрежесіне жеткенін паш ететін материалдарды жиі беріп тұрады.

Дегенмен бұл салада да біздің істеріміз көп-ақ. Атап айтқанда, Қазақстан жерін мекендейтін түрлі ұлт өкілдерінің тату-тәтті достығын, партия ұйымдарының еңбекшілерге интернационалдық тәрбие беру жөніндегі игі істерін, сондай-ақ туысқан республикалардың, социализм елдерінің өсу-өркендеу жолын жалынды лебізбен, шебер суреттеп отыру — біздің абзал борышымыз.

Журналист өзіне жүктелген ардақты да жауапты міндеттердің үдесінен шығу үшін, партия сеніп тапсырған өткір қаруды коммунистік құрылыс мүдделеріне сәйкес пайдалану үшін марксизм-ленинизм идеяларын жетік білуге, журналистиканың лениндік принциптерін бұлжытпай қолдануға міндетті. Оның творчестволық еңбегі мен іс-әрекетінің жетекші күші, өзегі мен арқауы осы идеялар мен принциптер болуы шарт.

Совет баспасөзінің ең абзал қасиеті — оның шыншылдығы, қандай қиыншылық пен кемшілік болса да жасырмай, бүкпей айтатындығы. Қандай материал жазсаң да әсте өз арынды аяққа баспа, бірде-бір жалған сөзге барушы болма деп В. И. Ленин газет қызметкерлеріне сан рет ескерткен болатын. Сондықтан біз болып жатқан оқиғалар мен фактілерді жете тексеріп алып, әбден байыбына барып баяндауға тиіспіз. Бұл жөніндегі асығыстық пен шалағайлық материал әзірлеушінің өзін де, бүкіл редакция коллективін де ынғайсыз жағдайға душар ететінін, ұятқа қалдыратынын біз тәжірибеден жақсы білеміз.

Газеттің беделі мен пәрменділігі оның оперативтілігіне, өмірде болып жатқан оқиғаларды жедел хабарлап отыруына байланысты. Бірақ кейбір газеттердің, радио мен телевизияның практикасында сылбырлық пен бой күйездік, өмірден кеш қалып қоюшылық жиі кездеседі. Сонымен қатар оперативтілікті алып-қашты әңгімеге әуестік мағынасында теріс түсінетін журналистер де жоқ емес. Бұл — совет баспасөзі мен журналистикасына мүлде жат нәрсе.

Тағы бір ұнамсыз жәйт, кейбір редакциялар газет тиражы мен беделін арттыру ниетімен қылмысты оқиғалар желісіне құрылған (детективтік) әңгімелерді жиі басады. Екінші бірінде мұндай шығармалардың идеялық мазмұны мен көркемдік дәрежесі талапқа сай бола бермейтінін ескерсек, мұның газетке бедел мен абырой әпермейтіні, мұның өзі оқушыны ізгі мақсатқа талпындыру орнына тоғышардың тайыз талғамына бейімделгендік болатыны әркімге аян.

Баспасөздің беделі мен пәрменділігі оңайлықпен келмейді. Бұл дәрежеге сұрапыл қиындықпен, қажырлы күреспен, өмірден ерінбей-жалықпай үйренумен ғана жетуге болады. Өмірге қызу араласып, қалың еңбекшілер бұқарасымен, оқушылар қауымымен, ауыл-село тілшілерімен ұдайы диалогтасып, ақылдасып, олардың ұсыныс-тілектеріне мұқият құлақ асып отырған күнде ғана газет шын беделге ие болады. Тек сонда ғана оның пәрменділігі күшейе түседі.



Совет журналистерінің съезінде қаламгердің шеберлігін шыңдау жайы үлкен әңгіме болды. Бұл ретте бүкіл одаққа және әрбір редакция коллективіне қойылып отырған талап қаншалық күшті десенізші! Шеберлік дәрежесін өткізілген семинардың немесе баспасөзде жарияланған материалдың санымен өлшеуге болмайды. Шеберлік үздіксіз ізденумен ғана, үйренумен ғана келеді. Осы мағынада алғанда журналистің қызмет ететін мекені де, кезекті номерге материал әзірлеу мақсатымен аттанатын сапары да, еңбек адамдарымен кездесіп әңгімелесуі де, қаламдас достарымен тәжірибе алмасуы да ол үшін шеберлік мектебіне айналуға тиіс.

Осыған байланысты журналистиканың кейбір жанрлары жөнінде бір-екі сөз айта кеткен жөн. Қазір мерзімді баспасөзде еңбек адамдары жайында очерк, суреттеме жиі басылып жүр. Бірақ осылардың дәрежесі қандай? Бұлардың бәрі бірдей талапқа сай жазылған дей аламыз ба? Нағыз шеберлік мағынасында алып қарағанда, осылай деп кесіп айту қиын. Очерк — әдеби жанрлардың ішіндегі ең үшқыр жанр. Бұған үлкен шеберлік керек, былайша айтқанда мұнда талант пен талаптың біте қайнасып жатуы шарт. Очеркте еңбек ерінің өндірістегі жоғары көрсеткіштерін баяндаумен ғана тыну жеткіліксіз, сонымен қатар оны осындай қаһармандыққа бастаған сезім күшін, ішкі дүниесін, түйген ой-пікірлерін, оның өз жолдастарымен, үй ішімен екі арадағы қарым-қатынасын, ізгі қасиеттері мен ықтимал осал жақтарын нағымды дәлелдермен, көркем тілмен суреттей білу керек. Сөз азабынан күшті қасірет жоқ деп Пушкин айтқандай, ойланып, толғапбай, шын тебіренбей, өмірден үйренбей, замандастарымыздың бейнесін әбден танып білмей, жақсы очерк жазу мүмкін емес.

Баспасөзде өте сирек қолданылып жүрген публицистика жайы да осылай. Мұның себебі не? Бізде публицистикалық мақалаларға арқау боларлық материалдар көп емес пе? Республикамыздың таңғажайып жеңістері, алып құрылыстары, тамаша коллективтері, экономикалық және саяси әлеуметтік өзгерістері, ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің шарықтап өсуі публицистика түгіл қалың-қалың романдар үшін де таусылмайтын ұшан-теңіз тақырып емес пе? Публицистика жанрының бізде сирек қолданылатын себебі, біріншіден, мұны жазуға шеберлік жете бермейді, екіншіден, қаламы төселген сақа журналистер мен көрнекті жазушылар бұған жөнді қатыстырылмай келеді.

Біз публицистикалық мақалалар мен памфлеттерді революциялық жалынмен, творчестволық шабытпен жазу өнерін асқан кемеңгер журналист Владимир Ильич Лениннен, революцияның ұлы дауылпазы Алексей Максимович Горькийден үйренуге міндеттіміз. Совет адамдары жазушылар мен журналистерден саяси мағынасы өткір, замана талабымен үндес келетін, адамның ішкі сезімін, ақыл-ойы мен жүрегін билеп әкететін публицистикалық шығармалар күтеді.

Журналистің шеберлігінен туатын осы жанрлардың бәрін біз партиямыз алға қойған ұлы міндеттерді абыроймен орындап шығу үшін, коммунизм қоғамына лайықты жаңа адам тәрбиелеп шығару үшін, өмірде кездесетін кеселдерді аластап тастап, жақсылық өркендерін өсіре беру үшін, данқты қос мереке алдында — Ұлы Октябрьдің елу жылдығы мен В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне — социалистік жарыс жалының лаулатып, экономика мен мәдениеттің барлық салаларында жаңа табыстарға жету үшін айбарлы да өткір қару ретінде пайдаланамыз.



# КОЛЛЕКТИВТІЛІК—ПАРТИЯЛЫҚ БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖОҒАРҒЫ ПРИНЦИПІ

Д. ҚОҒАЕВ,

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары*

Жергілікті партия ұйымдарының бүкіл алуан салалы жұмысы қазіргі уақытта КПСС XXIII съезінің идеялары мен шешімдерінің игілікті әсерімен жүргізіліп жатыр. Осы идеялар мен шешімдерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан партия ұйымы республика еңбекшілерін коммунистік құрылыстың кезекті міндеттерін ойдағыдай орындап шығу ісіне жұмылдырып, ұйымдастыруда.

Республика алдында тұрған бұл міндеттер ерекше зор міндеттер. КПСС XXIII съезінің Директиваларына сәйкес Қазақстанның экономикалық потенциалы үстіміздегі бесжылдықта екі есе дерлік артуға тиіс. Көптеген жаңа кәсіпорындар салу және қазірде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта құру есебінен республиканың түсті металдар, көмір, мұнай, темір рудасын, шойын, болат, минералдық тыңайтқыштар, химия өнімдерін, машиналар мен өнеркәсіп өнімінің басқа да түрлерін шығарудағы үлес салмағы онан сайын өсе түсетін болады. Халық шаруашылығының электр қуатымен жабдықталуы күрт артады. Жаңа экономикалық аудандар пайда болады.

Қазақстан еңбекшілері ауыл шаруашылық өнімдерін, ең алдымен астық өндіруді арттыру ісіне үлкен үлес қосуға тиіс. Республиканың колхоздары мен совхоздары жыл сайын мемлекетке кем дегенде 600 миллион пұт астық сатып отыруға тиіс. Мал шаруашылығы өнімін — ет, сүт, жүн, жұмыртқа өндіру де едәуір өсуге тиіс. Бесжылдықтың аяғында республикада 40 миллион қой, 7,5 миллион ірі қара болады деп жоспарланып отыр. Бұл ретте мал басының өсуін ет өндіруді жыл сайын көбейте берумен қатар қамтамасыз ету қажет.

Республика ауыл шаруашылығының еңбеккерлері партия ұйымының басшылығы, басқа туысқан республикалар тарапынан болған жан-жақты көмектің нәтижесінде үстіміздегі жылы аса зор жеңіске жетті. Еліміз бір миллиард пұттан астам Қазақстан астығын алды. Бұл ретте шаруашылықтар өздерін тұқыммен толық қамтамасыз етіп, колхозшылардың еңбеккүндері мен механизаторларға заттай ақы төлеу есебіне астық берді, мал азығына арнап жем әзірледі. Мемлекетке 260 миллион пұт астық берген Қостанай облысының колхоздары мен совхоздары ерекше елеулі үлес қосты. Целиноград облысының шаруашылықтары мемлекетке 168,4, Көкшетау облысы — 132,5, Солтүстік Қазақстан облысы — 103,8, Павлодар облысы — 54,4, Орал облысы — 44,1, Қарағанды облысы 41,3 және Алматы облысы 40 миллион пұттан астам астық сатты.

Қазақстанның алдында күрделі де жауапты міндет — жыл сайын тұрақты да жоғары өнім алып, елімізді мол товарлы астықпен қамтамасыз ету міндеті тұр.

Республикада тұрғын үй және мәдени-тұрмыс орындары құрылысының, халық ағарту ісін, ғылымды, мәдениетті, ден саулық сақтау, сауданы, қоғамдық тамақтандыру ісін онан әрі өркендетудің кең программасы жасалып, жүзеге асырылуда.



Республика еңбекшілерінің алдында тұрған негізгі проблемалардың осы аталған қысқаша тізімінің өзі ғана осы проблемаларды ойдағыдай шешуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Компартиясының қандайлық орасан зор саяси және ұйымдастырушылық жұмысын жүргізуі керек екендігін айқын көрсетеді. Сондықтан да Қазақстан Компартиясы өз қатарын идеялық және ұйымдық жағынан онан әрі нығайта беру жөнінде үнемі қамқорлық жасап отыратын болса, ол өзінің ұйымдастырушылық және іске жұмылдырушылық ролін жақсы атқара алатындығы табиғи нәрсе.

КПСС XXIII съезінің шешімдерін орындай отырып, Қазақстан Компартиясы өзінің барлық буындарында партия тұрмысының лениндік нормалары мен партиялық басшылық принциптерін дәйектілікпен нығайта беру жөнінде көп нәрселер істеп жатыр. Бұл істерді ол өз қатарының жауынгерлік қабілетін онан әрі арттыра берудің басты бағыты деп біледі. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті партия басшылығының коллективтілігін онан әрі жетілдіре беру жөнінде ерекше қамқорлық жасауда.

Коллективтілік — партиялық басшылықтың жоғарғы принципі. Ол принцип совет халқының коллективтік саяси көсемі және ұйымдастырушысы болып табылатын КПСС-тің өзінің табиғатынан, соның мәнінен өзінен туады. Сонымен қатар басшылықтың коллективтілігі, партия органдары мен олардың қызметкерлерінің партия бұқарасы алдындағы жауапкершілігін арттыру, барлық коммунистердің белсенділігінің және өз бетімен іс бастағыштығының өсуін қамтамасыз ету, олардың партия саясатын жасауға және оны жүзеге асыруға қатысуы, сын мен өзара сынды өрістетуге — партияның өзінің идеялық және ұйымдық беріктігінің, оның қатарының бірлігі мен топтасқандығының, бұқарамен байланысты нығайтудың сөзсіз шарты.

Басшылықтың коллективтілігінің лениндік принципін дәйектілікпен жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті өзінің бүкіл жұмысын, сондай-ақ облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің жұмысын дұрыс ұйымдастыру ісіне зор маңыз береді, бұл ретте басшылықтың коллективтілігі мәселелерді қарал, шешу ісіне нағыз ғылыми тұрғыдан қарауды, жұмыста нақтылық пен іскерлік болуын көбіне-көп қамтамасыз ететіндігін есте ұстайды. Жұмыстағы коллективтілік процестер мен құбылыстардың мән-мазмұнын терең бағдарлауға, басты, өзекті мәселелерді дәл тауып, бұқара жинақтаған тәжірибені неғұрлым толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, соңғы кезге дейін көптеген аудандық, қалалық және облыстық партия комитеттерінің бюролары, тіпті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің өзінің бюросы да тым көп мәселелер қарап келді. Осының салдарынан мәжілістер кейде ұзақ күн бойына созылып кетіп жүрді. Партия аппараты қызметкерлерінің көпшілік уақыты мен күші әр түрлі анықтамалар, мәліметтер мен запискалар жазуға жұмсалды. Адамдардың күш-жігері көбінесе бос жарыс сөздерге жұмсалып, ал нағыз істің өзіне келгенде кейбір қызметкерлердің күш-жігері жетіспей қалып жүрді. Мәселен, партия комитеттерінің пленумдарын өткізген кезде елеулі кемшіліктер орын алып келді. Сайланып қойылатын органның мүшелері сырттан шақырылған жұрттың арасында көрінбей қалатын болды, олардың ролі төмендетілді. Пленумдардың талқылауына қойылған мәселелерді ыждағаттан талқылаудың орнына екінші бірінде тоқмейілділік пен көпірме сөздер көп болып жүрді. Мұның бұлай болған себебі — кейде біз басшылықтың коллективтілігінің мәні, мәселелерді коллегиялық түрде шешудің мәні жөніндегі лениндік нұсқауларды естен шығарып жібердік. «Жұмысшылар мен шаруалар мемлекетінің істерін шешу үшін коллегиялық қажет нәрсе, — деп атап көрсетті В. И. Ленин. — Бірақ коллегиялықты қоздырудың қандайы



болса да, оны қағаз бастылыққа, жауапсыздыққа апарып соғатындай етіп бұрмалаудың қандайы болса да, коллегиялық мекемелерді сөйлеуік орындарға айналдырудың қандайы болса да барып тұрған қырсық болып табылады, сондықтан, ешнәрседен де тайынбастан, бұл қырсықты мүмкін болғанынша тез жою керек» (Шығармалар, 29-том, 434-бет).

КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1964 ж.) Пленумы субъективизм мен волюнтаризмді біржолата жойып, басшылықтың лениндік принциптерін орнықтыруда орасан зор роль атқарды, партияның, мемлекеттің, бүкіл совет қоғамы өмірінің барлық жақтарына игі әсер етті. Жобалаушылықты, ешбір қажеті жоқ толып жатқан қайта құруларды жойып, Пленум барлық партия комитеттерінің жұмысын жақсарту үшін, басшылық жасаудың коллективтік формаларын практикада жүзеге асыру үшін, әрбір қызметкердің өзіне тапсырылған іске деген жауапкершілігін арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасады. Сөйтіп республиканың партия комитеттері осы бағытта жұмыс істеуде.

Партия комитеттерінің басым көпшілігінде жұмыс істеудің лениндік стилі берік орын алып, кадрларға жоғары талап қоюшылық, кемшіліктерге төзбеушілік рухы арта түсуде, партиялық және мемлекеттік тәртіп нығайтылып, коммунистердің творчестволық белсенділігі артуда. Қазіргі кезде, әдетте, облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің мәжілістері сирек өткізілетін болды, оның бер жағында ол мәжілістердің талқылауына шын мәнісінде коллективтік түрде шешуді керек ететін негізгі мәселелер біршама шағын көлемде қойылатын болды. Мұндай практика партия комитеттері аппаратының орынсыз қағаздар жазудан арылуына мүмкіндік береді, сөйтіп ол жергілікті жерлердегі жағдайды неғұрлым терең зерттеп білетін болады. Ал мұның өзі неғұрлым ойластырылған, нақты шешімдердің қабылданылуына қамтамасыз етеді, осы шешімдерді жүзеге асыру жөніндегі жұмысты жақсылап ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Партия комитеттері пленумдарының ролі де едәуір артты. Бұл пленумдар мезгілінде шақырылып отырады, жақсы әзірленіп, іскерлік жағдайында өткізіледі. Әдетте мәселелерді талқылау орын алып отырған кемшіліктерді және қателік жіберген белгілі бір қызметкерлерді өткізуде принципті түрде сынау тұрғысынан өтетін, жұрт ынталана қатынастын ашықтан-ашық әңгіме түріне барып ұласады. Мұның бұлай болуына алдағы болатын пленумдар жөнінде партия комитеттерінің мүшелеріне дер кезінде хабарлап отыру практикасы, баяндамалардың тезистері мен қаулылардың жобаларын облыстық партия комитеттерінен қалалық және аудандық партия комитеттеріне, ал олардан бастауыш партия ұйымдарына күні бұрын жіберіп отыру практикасы көбіне-көп себепші болып отыр. Мысалы, Алматы қаласындағы Ленин аудандық партия комитеті пленумға әзірлену барысында КПСС XXIII съезі шешімдерінің тұрғысынан цехтық партия ұйымдары мен партия топтарының жұмыс дәрежесін көтеру туралы мәселе жөніндегі баяндаманың тезистері мен қаулының жобасын коммунистердің жиналыстарында алдынала талқылау үшін бастауыш партия ұйымдарына таратып берді. Мұның өзі жақсы нәтижелерге жеткізді: бұл мәселені аудандық партия комитетінің пленумында талқылау өте мазмұнды, ыждаһатты түрде, бір мақсатқа бағытталған, партия бұқарасының тәжірибесімен байытылған мазмұнда өтті.

Бір атап өтерлік елеулі жәйт — партия комитеттерінің бюролары мен пленумдарында экономикаға басшылық ету мәселелерімен қатар партиялық-ұйымдастыру және идеялық-тәрбие беру жұмысының мәселелері жиі талқыланатын болды. Ал шаруашылық құрылысы мәселелерінің өзі, әдетте, партия ұйымдарының саяси және ұйымдастырушылық жұмысының дәрежесін, кадрлардың өздеріне тапсырылған іске деген



жауапкершілігін арттыру, коммунистердің авангардтық ролін күшейту тұрғысынан қаралады.

Қайта қалпына келтірілген селолық аудандардағы партия комитеттері партия саясатын жүргізуші нағыз жауынгер органдардың ролін берік атқарып отырғандығын қанағаттанғандық сезіммен атап айтуға болады. Республикамызда ондай аудандық партия комитеттері 164. Олардың көпшілігі өз жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап-ақ дұрыс бағыт алып, деревня еңбекшілерінің арасында алуан салалы ұйымдастырушылық және саяси жұмыс жүргізуде, олардың күш-жігерін біріктіріп, оны КПСС Орталық Комитетінің март (1965 ж.), май (1966 ж.) Пленумдары мен КПСС XXIII съезінің шешімдерін жүзеге асыру ісіне жұмылдыруда. Көкшетау облысындағы Рузаев аудандық партия комитеті, Қостанай облысындағы — Федоров, Солтүстік Қазақстан облысындағы — Тимирязев, Орал облысындағы — Зеленев, Семей облысындағы — Үржар, Алматы облысындағы — Панфилов, Целиноград облысындағы — Есіл, Жамбыл облысындағы — Мерке, Шығыс Қазақстан облысындағы — Большенарым аудандық партия комитеттері мен басқа да көптеген аудандық партия комитеттері өздерін бұқараны жақсы ұйымдастырушылар ретінде көрсетті. Олардың жұмыстарына тән нәрсе — іске творчестволықпен қараушылық, жұмысқа жаналық енгізуге ұмтылушылық. Олар аудандардағы қоғамдық, шаруашылық және мәдени өмірдің процестерін терең зерттеп, экономикалық және саяси міндеттерді жақсы шешетін болды. Үстіміздегі жылдың егінін жинау кезінде селолық аудандардағы партия комитеттері ерекше зор ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Олар Қазақстанның мол астығын дер кезінде ысырапсыз жинап алу үшін адамдарды жауынгерлерше ұйымдастыра білді.

Бұрын партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмысы шындығында партия аппаратының штаттағы қызметкерлерінің күшімен ғана жүргізіліп, партия комитеттерінің мүшелері бұл жұмысқа тым аз тартылатын. Қазір бұл теріс практика селолық аудандардағы партия комитеттерінің көпшілігінде батыл жойылуда. Қазіргі кезде партия комитеттерінің көптеген мүшелері түрлі мәселелерді әзірлеу және оларды пленумдар мен бюроларда, бастауыш партия ұйымдарындағы коммунистердің жиналыстарында қарау ісіне белсене қатысуда. Мәселен, Алматы облысындағы Қаскелең аудандық партия комитетінде комитет мүшелерінің жұмысы былайша ұйымдастырылған. Бұл комитеттің құрамында 95 мүше бар: олар — жұмысшылар, колхозшылар, партия, совет қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары. Өздерінің іскерлігі мен қабілеттеріне қарай комитеттің барлық мүшелері бірнеше топқа бөлінген, сөйтіп олардың әрқайсысына партия жұмысының белгілі бір саласы — өнеркәсіптегі, құрылыстағы, транспорттағы, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы, саудадағы, мемлекеттік мекемелердегі, қоғамдық ұйымдардағы белгілі бір жұмыс саласы тапсырылған. Осындай әрбір топ өз саласы бойынша бюроларға жоспарланған мәселелер даярлайды. Аудандық комитеттің мүшелері жұмысты тексеру үшін жергілікті жерлерге барып тұрады, істің жәй-күйін мұқият талдап, нақты қорытынды жасайды, сонан соң бюроларда болатын талқылауға қатысып, қабылданған қаулылардың орындалуын бақылауға алады.

Біз партия комитеттерінің — Орталық Комитеттің, облыстық, қалалық, аудандық комитеттердің барлық мүшелері (ал бұлар саяси жағынан анағұрлым жетік және тәжірибесі мол 20 мыңнан астам коммунистер) партия тұрмысына белсене қатынасып, коллективті түрде шешімдер жасау және осы шешімдердің орындалуына өз үлесін қосатындай жағдай жасауға ұмтылудамыз.

Партия басшылығының коллективтілік принципін дәйектілікпен жүзеге асыруда партия комитеттерінің жұмысындағы қоғамдық негіздерді



дамытудың, олардың күнделікті жұмысына партия комитеттерінің мүшелерімен қатар штаттан тыс нұсқаушылар, советтер мен комиссиялардың мүшелері ретінде партия активтерінің кең тобын тартудың зор маңызы бар. Алайда соңғы жылдары осы маңызды істе де бірталай елеулі қателіктер мен бұрмалаушылыққа жол берілгендігін мойындау керек. Кейбір жерлерде бюролар мен секретарьлар өздерінің тікелей міндеттерін штаттан тыс қызметкерлерге жүктей бастады. Мәселен, Целиноград облысындағы Макин аудандық партия комитетінде штаттан тыс әртүрлі жиырма бөлім, комиссиялар мен штабтар, соның ішінде еңбекшілердің шағымдары мен өтініштерін қарау жөнінде ауданның прокуроры бастаған комиссия құрылған. Кейбір партия комитеттерінде штаттан тыс түрлі бөлімдер мен комиссиялар құрылған кезде бұған іс мүддесінің тұрғысынан қарамай, «жана бастама» жасап көзге түсу тұрғысынан қаралып келді. Толып жатқан бөлімдер, советтер мен комиссиялар екінің бірінде совет және шаруашылық орындарымен қосарласып, солардың ісін атқарып келді, жұмыста жауапсыздық пен несіздік туғызды. Кейде олар штаттағы қызметкерлердің өздерінің тікелей міндеттерін атқаруына — бастауыш ұйымдарда болып, оларға жергілікті жерлерде көмек көрсету ісіне бөгет болып келді.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті пайда болған жағдайға талдау жасап, партия жұмысындағы қоғамдық негіздерді дамыту ісіндегі қателіктер мен бұрмалаушылықтарды айыптады. Орталық Комитет саяси басшылық жасау органдары болып табылатын партия комитеттерінің ролін арттыруға, олардың бастауыш партия ұйымдарымен байланысын нығайтып, ұлғайтуға, бұқара арасындағы саяси және ұйымдастырушылық жұмысты жолға қоюда оларға көрсетілетін көмекті күшейтуге шын мәнісінде жәрдем ететін штаттан тыс бөлімдерді, советтер мен комиссияларды ғана құру керек деп партия комитеттеріне кеңес берді.

Басшылықтың коллективтілігі дегеніміз сайланып қойылатын басшы партия органдарында мәселелерді коллегиялық түрде талқылап, шешу ғана емес. Басшылықтың коллективтілігі дегеніміз мұнымен қатар басшы партия органдарының бастауыш партия ұйымдарына үнемі сүйеніп отыруы, коммунистер бұқарасының белсенділігі мен инициативасын дамытып отыру деген сөз. Біздің партиямыздың демократизмі мынада: «Партияның барлық істерін партияның барлық мүшелері тікелей немесе өкілдер арқылы, тең праволылықпен және бәрі түгелінен жүргізеді...» (В. И. Ленин, Шығармалар, 11-том, 444-бет).

Өзінің көлемі мен күрделілігі жағынан орасан зор міндеттер шешіліп жатқан қазіргі кездегі жағдайларда әрбір партия мүшесінің өзінің партия коллективтеріндегі және тұтас алғанда бүкіл партиядағы істердің жәй-күйі жөніндегі жауапкершілігін арттырмайынша, партияның қоғамдағы басшылық етушілік және бағыт берушілік ролінің өсуін қамтамасыз етуге болмайды. Партия саясатын белгілеу және оны жүзеге асыру ісіне коммунистердің белсене қатынасуы — өмір талабы, коллективтік партиялық басшылықтың аса маңызды шарты.

Осы талаптың практика жүзінде іске асырылуы бастауыш партия ұйымдары жұмысының дәрежесіне тікелей байланысты. Бұл ұйымдарда коммунистер саяси жағынан шынығу мектебінен өтеді, идеялық сенім, принципшілдік, партия тұрмысының лениндік нормаларынан және басшылықтың лениндік принциптерінен ауытқудың кандайына болса да төзбеушілік, шаруашылық пен мәдениетті өркендетудегі кемшіліктерге төзбеушілік сияқты қасиеттерге ие болады. Партияда жоқтармен қоян-қолтық бірге істесе жүріп, коммунистер еңбекшілер бұқарасының ұсыныстары мен ескертпелеріне қатты көңіл қойып, олардың мұң-мұқтаждары мен талаптарын терең зерттейді, өмірде болып жатқан аса маңызды процестер мен құбылыстардың бәрі жөнінде жоғарыда



тұрған партия органдарына хабарлап отырады. сөйтіп партия саясатын жасауға жәрдем етеді. Коммунистер партияда жоқтарды өз сондарына ертіп, коммунистік идеялардың салтанат құруы жолында тынбастан күрес жүргізудің үлгісін көрсетуге, партия саясатын жүргізуші жауынгер авангард болуға тиіс.

Осының бәрін еске ала келіп, КПСС XXIII съезі барлық бастауыш партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін арттыруды партияның аса маңызды міндеті етіп қойды. Съездің нұсқауын жүзеге асыра отырып, Қазақстан республикалық партия ұйымы бастауыш партия ұйымдарына басшылық жасауды күшейту жөнінде бірсыпыра шаралар жүргізді. Соңғы уақытта Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында мынадай мәселелер талқыланды: «Орал облыстық партия комитетінің совхоздар мен колхоздардағы бастауыш партия ұйымдарына басшылығы туралы», «Павлодар облысының бастауыш партия ұйымдарында партия жиналыстарын әзірлеу және өткізу практикасы туралы», «Семей облысындағы Үржар ауданының «Арқалды» совхозындағы бастауыш партия ұйымының жұмысы туралы» және кейбір басқа да мәселелер талқыланды. Бастауыш партия ұйымдарының жұмысы облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің пленумдары мен бюроларында едәуір жиі талқылана бастады. Қазіргі кезде партия комитеттерінің мүшелері мен олардың аппаратындағы қызметкерлердің басты назары өздерінің ұйымдарындағы ішкі партиялық өмірді жақсартуда, демократияны, сын мен өзара сынды өркендетуде, бұқара арасындағы саяси және ұйымдастырушылық жұмысты күшейтуде бастауыш партия ұйымдарына көмек көрсету ісіне аударылуда.

Қазіргі уақытта Қазақстанның Компартиясында 13 840 бастауыш партия ұйымы бар. Бұлардың көбісі біраз бағалы тәжірибе жинақтап, өндірісті жақсарту, адамдарды тәрбиелеу ісіне күнделікті ықпал етіп келеді. Мұндай ұйымдардың қатарына Зырян қорғасын комбинатының, Қарағандыдағы синтетикалық каучук зауыдының, Шымкенттегі пресс-автоматтар зауыдының, «Арқалды» және «Пермь» совхоздарының, «Авангард», «Трудовой Пахарь» колхоздарының бастауыш партия ұйымдарын және басқаларды жатқызуға болады. Бұлардың жұмысына тән нәрселер не? Олар: партия тұрмысының КПСС Уставында тұжырымдалған лениндік нормаларын қатаң сақтап отыру, ұйымдық және идеологиялық жұмысты шебер жолға қоя білушілік, басты-басты экономикалық проблемаларды: шаруашылық есепті қолдану, еңбек өнімділігін арттыру, өндіріс резервтерін іске қосу ісін шешуге нәрменді ықпал ете білушілік.

Алайда өздерінің ұйымдастырушылық және саяси жұмысының дәрежесі КПСС XXIII съезінің талаптарына сай келмей отырған бастауыш партия ұйымдары да аз емес. Олардағы коммунистердің көбісі әлі де болса партияның белсенді жауынгерлері бола алмай отыр, кемшіліктерге селқос қарап, сын мен өзара сынды өрістетуге ісінде өңсеге көрсете алмай отыр. Бастауыш партия ұйымдарының бүкіл өміріне коллективтік басшылық жасаудың жоғарғы коллективтік органы болып табылатын партия жиналыстары кейбір ұйымдарда үнемі өткізіліп тұрмайды, оның бер жағында олардың талқылауына қойылатын мәселелер тым біркелкі, ал кейде тіпті кездейсоқ мәселелер болып жүреді. Кейбір жерлерде жалпы заводтық, жалпы совхоздық және жалпы колхоздық партия жиналыстарын өткізуді мүлде доғарған. Осының бәрі ішкі партиялық демократияны дамытып, нығайту ісіне кедергі болады, коммунистердің белсенділігі мен іс бастағыштығына тұсау болады. Сондықтан барлық бастауыш партия ұйымдарының іскерлік қабілетін арттыру үшін, әрбір партия ұйымы шын мәнісінде өз коллективінің жауынгерлік саяси ұйтқысы болатын ету үшін Қазақстан Компартиясының Орталық



Комитеті де, облыстық, калалық, аудандық партия комитеттері де көп нәрселер істеулері керек.

Партиялық басшылықтың коллективтілік принципін нығайтып, дамыту дегеніміз партияның еңбекшілер бұқарасымен байланысын ұлғайтып, нығайту, олардың творчестволық белсенділігін дамыту жөнінде үнемі қамқорлық жасап отыру деген сөз. Халық — тарихтың нағыз жасаушысы. Коммунизмді орнату — халықтың, оның күш-жігерінің, оның ақыл-ойының ісі. Халық бұқарасының тәжірибесін үнемі есепке алып отыру, халық бұқарасының творчасы күн сайын туғызып жататын жана, прогрестік нәрсенің бәрін терең зерттеп, қорытындылау және оларды кеңінен таратып отыру — әрбір партия ұйымының алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ В. И. Ленин былай деп атап көрсеткен болатын: «Тек коллективтік тәжірибе, тек миллиондардың тәжірибесі ғана бұл жөнінде шешуші сілтеу бере алады, помещиктік қоғамда да, капиталистік қоғамда да осы күнге дейін тарихты жасап келген жүз-жүз мыңдаған жоғарғы жіктердің тәжірибесі біздің ісіміз үшін, социализм құрылысының ісі үшін жеткіліксіз. Біз бірлескен тәжірибеге, миллиондаған еңбекшілердің тәжірибесіне сүйенгендіктен де, біз әлгіндей ете алмаймыз» (Шығармалар, 27-том, 416-бет). Лениннің бұл нұсқауы күні бүгінге дейін актуальділігін жойған жоқ, қайта керісінше, бұл нұсқаудың маңызы арта түсті, өйткені қазіргі уақытта қоғамды басқару ісіне шын мәнісінде сан миллиондаған адамдар тартылып отыр.

ҚПСС XXIII съезі бұқара арасында жүргізілетін жұмыстың, елімізде социалистік демократияны онан әрі өркендетудің, Советтердің, кәсіподақтардың, комсомолдың және еңбекшілердің басқа да ұйымдарының ролін арттырудың басты бағыттарын, бұқараның творчестволық белсенділігін дамыту, оны өндірісті, қоғамдық және мемлекеттік істерді басқаруға тартудың жолдарын белгілеп берді. Съездің шешімдерін басшылыққа ала отырып, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарын бұқара арасындағы саяси және ұйымдастырушылық жұмысты күшейту ісіне бағыттауда.

Бұл жөнінде біз не істеп жатырмыз? Ең алдымен саяси жетекші ретінде әрбір коммунистің ролі артатын етудеміз. В. И. Лениннің көзі тірі кезінде партияның Орталық Комитеті қаулыларының бірінде: партияда жоқ адал адамдардың бірнешеуін өз маңына топтастыра алмаған, олармен күнделікті өмірде қарым-қатынас жасап араласа алмаған, олардың үйлерінде болып, күнделікті тұрмыста оларға көмек көрсете алмаған, олардың ішінен кәсіподақ және совет органдарына қызметкерлер жібере алмаған коммунист — коммунист емес делінген еді. Міне біз әрбір коммунистке осы тұрғыдан талап қоюдамыз.

Советтерге, кәсіподақтарға, комсомолға және еңбекшілердің басқа да ұйымдары мен қоғамдарына партиялық басшылық жасау ісін жақсарту жөнінде шаралар қолдануымыз. Бұл мәселедегі басты қамқорлық — партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары еңбекшілердің бұқаралық ұйымдарының жұмыстарын өздері істеп, олардың міндеттерін өздеріне алмай, қайта олардың белсенділігі мен іс бастағыштығын барынша дамытып, осы ұйымдардың сайланып қойылатын активінің идеялық-саяси жағынан өсіп, өздерінің мәдени ой-өрісін кеңейте беруі жөнінде үнемі қамқорлық жасап отыратын етуде, олардың бастамаларын, инициативасын дер кезінде қолдап отыратын етуде болып отыр. Өнеркәсіп орындары мен совхоздарда жұмысшылар жиналыстары мен тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестердің ролін, колхоздарда бригада жиналыстары мен жалпы колхоз жиналыстарының ролін арттырудамыз. Халықтық бақылау топтары мен постыларының жұмысы пәрменді бола түсуде. Басшы кадрлардың бұқарамен бай-



тұрған партия органдарына хабарлап отырады, сөйтіп партия саясатын жасауға жәрдем етеді. Коммунистер партияда жоқтарды өз сондарына ертіп, коммунистік идеялардың салтанат құруы жолында тынбастан күрес жүргізудің үлгісін көрсетуге, партия саясатын жүргізуші жауынгер авангард болуға тиіс.

Осының бәрін еске ала келіп, КПСС XXIII съезі барлық бастауыш партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін арттыруды партияның аса маңызды міндеті етіп қойды. Съездің нұсқауын жүзеге асыра отырып, Қазақстан республикалық партия ұйымы бастауыш партия ұйымдарына басшылық жасауды күшейту жөнінде бірсыпыра шаралар жүргізді. Соңғы уақытта Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында мынадай мәселелер талқыланды: «Орал облыстық партия комитетінің совхоздар мен колхоздардағы бастауыш партия ұйымдарына басшылығы туралы», «Павлодар облысының бастауыш партия ұйымдарында партия жиналыстарын әзірлеу және өткізу практикасы туралы», «Семей облысындағы Үржар ауданының «Арқалды» совхозындағы бастауыш партия ұйымының жұмысы туралы» және кейбір басқа да мәселелер талқыланды. Бастауыш партия ұйымдарының жұмысы облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің пленумдары мен бюроларында едәуір жиі талқылана бастады. Қазіргі кезде партия комитеттерінің мүшелері мен олардың аппаратындағы қызметкерлердің басты назары өздерінің ұйымдарындағы ішкі партиялық өмірді жақсартуға, демократияны, сын мен өзара сынды өркендетуге, бұқара арасындағы саяси және ұйымдастырушылық жұмысты күшейтуге бастауыш партия ұйымдарына көмек көрсету ісіне аударылауда.

Қазіргі уақытта Қазақстанның Компартиясында 13 840 бастауыш партия ұйымы бар. Бұлардың көбісі біраз бағалы тәжірибе жинақтап, өндірісті жақсарту, адамдарды тәрбиелеу ісіне күнделікті ықпал етіп келеді. Мұндай ұйымдардың қатарына Зырян қорғасын комбинатының, Қарағандыдағы синтетикалық каучук зауыдының, Шымкенттегі пресс-автоматтар зауыдының, «Арқалды» және «Пермь» совхоздарының, «Авангард», «Трудовой Пахарь» колхоздарының бастауыш партия ұйымдарын және басқаларды жатқызуға болады. Бұлардың жұмысына тәп нәрселер не? Олар: партия тұрмысының КПСС Уставында тұжырымдалған лениндік нормаларын қатаң сақтап отыру, ұйымдық және идеологиялық жұмысты шебер жолға қоя білушілік, басты-басты экономикалық проблемаларды: шаруашылық есепті қолдану, еңбек өнімділігін арттыру, өндіріс резервтерін іске қосу ісін шешуге пәрменді ықпал ете білушілік.

Алайда өздерінің ұйымдастырушылық және саяси жұмысының дәрежесі КПСС XXIII съезінің талаптарына сай келмей отырған бастауыш партия ұйымдары да аз емес. Олардағы коммунистердің көбісі әлі де болса партияның белсенді жауынгерлері бола алмай отыр, кемшіліктерге селқос қарап, сын мен өзара сынды өрістетуге ісінде өнеге көрсете алмай отыр. Бастауыш партия ұйымдарының бүкіл өміріне коллективтік басшылық жасаудың жоғарғы коллективтік органы болып табылатын партия жиналыстары кейбір ұйымдарда үнсімі өткізіліп тұрмайды, оның бержағында олардың талқылауына қойылатын мәселелер тым біркелкі, ал кейде тіпті кездейсоқ мәселелер болып жүреді. Кейбір жерлерде жалпы заводтық, жалпы совхоздық және жалпы колхоздық партия жиналыстарын өткізуді мүлде доғарған. Осының бәрі ішкі партиялық демократияны дамытып, нығайту ісіне кедергі болады, коммунистердің белсенділігі мен іс бастағыштығына тұсау болады. Сондықтан барлық бастауыш партия ұйымдарының іскерлік қабілетін арттыру үшін, әрбір партия ұйымы шын мәнісінде өз коллективінің жауынгерлік саяси ұйтқысы болатын ету үшін Қазақстан Компартиясының Орталық



Комитеті де, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері де көп нәрселер істеулері керек.

Партиялық басшылықтың коллективтілік принципін нығайтып, дамыту дегеніміз партияның еңбекшілер бұқарасымен байланысын ұлғайтып, нығайту, олардың творчестволық белсенділігін дамыту жөнінде үнемі қамқорлық жасап отыру деген сөз. Халық — тарихтың нағыз жасаушысы. Коммунизмді орнату — халықтың, оның күш-жігерінің, оның ақыл-ойының ісі. Халық бұқарасының тәжірибесін үнемі есепке алып отыру, халық бұқарасының творчествосы күн сайын туғызып жататын жана, прогрестік нәрсенің бәрін терен зерттеп, қорытындылау және оларды кеңінен таратып отыру — әрбір партия ұйымының алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ В. И. Ленин былай деп атап көрсеткен болатын: «Тек коллективтік тәжірибе, тек миллиондардың тәжірибесі ғана бұл жөнінде шешуші сілтеу бере алады, помещиктік қоғамда да, капиталистік қоғамда да осы күнге дейін тарихты жасап келген жүз-жүз мыңдаған жоғарғы жіктердің тәжірибесі біздің ісіміз үшін, социализм құрылысының ісі үшін жеткіліксіз. Біз бірлескен тәжірибеге, миллиондаған еңбекшілердің тәжірибесіне сүйенгендіктен де, біз әлгіндей ете алмаймыз» (Шығармалар, 27-том, 416-бет). Лениннің бұл нұсқауы күні бүгінге дейін актуальділігін жойған жоқ, қайта керісінше, бұл нұсқаудың маңызы арта түсті, өйткені қазіргі уақытта қоғамды басқару ісіне шын мәнісінде сан миллиондаған адамдар тартылып отыр.

ҚПСС XXIII съезі бұқара арасында жүргізілетін жұмыстың, елімізде социалистік демократияны онан әрі өркендетудің, Советтердің, кәсіподақтардың, комсомолдың және еңбекшілердің басқа да ұйымдарының ролін арттырудың басты бағыттарын, бұқараның творчестволық белсенділігін дамыту, оны өндірісті, қоғамдық және мемлекеттік істерді басқаруға тартудың жолдарын белгілеп берді. Съездің шешімдерін басшылыққа ала отырып, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарын бұқара арасындағы саяси және ұйымдастырушылық жұмысты күшейту ісіне бағыттауда.

Бұл жөнінде біз не істеп жатырмыз? Ең алдымен саяси жетекші ретінде әрбір коммунистің ролі артатын етудеміз. В. И. Лениннің көзі тірі кезінде партияның Орталық Комитеті қаулыларының бірінде: партияда жоқ адал адамдардың бірнешеуін өз маңына топтастыра алмаған, олармен күнделікті өмірде қарым-қатынас жасап араласа алмаған, олардың үйлерінде болып, күнделікті тұрмыста оларға көмек көрсете алмаған, олардың ішінен кәсіподақ және совет органдарына қызметкерлер жібере алмаған коммунист — коммунист емес делінген еді. Міне біз әрбір коммунистке осы тұрғыдан талап қоюдамыз.

Советтерге, кәсіподақтарға, комсомолға және еңбекшілердің басқа да ұйымдары мен қоғамдарына партиялық басшылық жасау ісін жақсарту жөнінде шаралар қолданудамыз. Бұл мәселедегі басты қамқорлық — партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары еңбекшілердің бұқаралық ұйымдарының жұмыстарын өздері істеп, олардың міндеттерін өздеріне алмай, қайта олардың белсенділігі мен іс бастағыштығын барынша дамытып, осы ұйымдардың сайланып қойылатын активінің идеялық-саяси жағынан өсіп, өздерінің мәдени ой-өрісін кеңейте беруі жөнінде үнемі қамқорлық жасап отыратын етуде, олардың бастамаларын, инициативасын дер кезінде қолдап отыратын етуде болып отыр. Өнеркәсіп орындары мен совхоздарда жұмысшылар жиналыстары мен тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестердің ролін, колхоздарда бригада жиналыстары мен жалпы колхоз жиналыстарының ролін арттырамыз. Халықтық бақылау топтары мен постыларының жұмысы нәрменді бола түсуде. Басшы кадрлардың бұқарамен бай-



лашысын ұлғайтып, күшейту ісіне көп көңіл бөліп отырмыз. Партия, совет, кәсіподақ және шаруашылық органдарының қызметкерлері еңбекшілер коллективтерінде көбірек болып, олардың алдында жиі лекциялар оқып, баяндамалар жасайтын болды. Республикада «Лениндік жұма» күнін өткізу кеңінен қолданылуда, саяси және жаратылыс тану-ғылыми тақырыптарда үнемі лекциялар оқылып тұратын көпшілік лекторийлері кең өріс алды. Бастауыш партия ұйымдары мен комитеттері жүргізетін бұқаралық-саяси жұмыстың мазмұнында социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, өндіріс озаттары мен жапашылардың тәжірибесін насихаттауға басты назар аударылуда.

Алайда мұның бәрі КПСС XXIII съезінің шешімдерін орындау жөнінде біздің жүргізуімізге тиіс болатын орасан зор саяси және ұйымдастырушылық жұмыстың бастамасы ғана. Кейбір партия ұйымдарында, әсіресе селолық партия ұйымдарында, бұл жұмыстың әлі де болса тиісті дәрежеде болмай отырғандығын біз түсінеміз. Кейбір партия комитеттері совет және шаруашылық органдарының орнына өздері істеп, оларды және олардың басшыларын орынсыз қамқорлыққа алудан әлі арылған жоқ, өз жұмысындағы негізгі буынды дәл анықтай білуді үйренген жоқ. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті бұл кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолдануда.

Барлық еңбекшілердің, оның ішінде басшы қызметкерлердің, белгілі бір көлемдегі міндеттері бар. Басшылықтың коллективтілігі осы міндеттерді орындаудан ешкімді де шет қалдырмайды. Қайта ол әрбір қызметкердің өзіне тапсырылған іске дербес жауапкершілігі болуын керек етеді. «Талқылауда бірігіп талқылансын, — деп атап көрсетті В. И. Ленин, — ал жауапкершілікке келгенде — жеке-дара жауапкершілік болсын» (Шығармалар, 33-том, 53-бет). «Совет мекемелеріндегі басқару ісінің барлық мәселелерін коллегиялық түрде талқылау мен шешу қандай да болсын совет қызметінде тұрған адамдардың әрқайсысының белгілі бір, айқын және екі ұшты етпей белгіленген тапсырмалар мен практикалық жұмыстарды орындауына ең дәл жауапкершілікті белгілеумен қабат жүргізілуге тиіс.

Бұл ережені, мұнсыз шын бақылауды жүргізу және әрбір қызметке, әрбір жұмысқа ең лайықты адамдарды іріктеп алу мүмкін емес ережені орындау бұдан былай сөзсіз міндетті болуға тиіс» (Шығармалар, 28-том, 352-бет).

Кәсіпорындарды, мекемелерді, қоғамдық ұйымдарды басшы кадрлар басқаруда. Коллективтердің күнделікті жұмысының жемісті болуы, партия саясатының жүзеге асырылуы сол басшылардың саяси және іскерлік сапаларына, олардың басқара білушілік қабілетіне көбіне-көп байланысты. Сондықтан біздің партия комитеттерінің назарын аударып отырған басты мәселеміз — кадрларды іріктеп алу, дұрыс орналастыру және тәрбиелеу ісін жетілдіре беру, олардың өздеріне тапсырылған басшылық саласы жөніндегі жауапкершілігін арттыру мәселесі.

Партия саясатын адамдар жасап, солар жүзеге асырады. Саясат адамдарды қызметке тағайындау мен ауыстырып қоюдан көрінбесе, онда ешқандай саясат жүргізуге болмайды, деген болатын В. И. Ленин. Алайда адамдарды қызметке тағайындап қою мен ауыстырып қою субъективизмсіз, қателіксіз болуы үшін, партия, совет және шаруашылық жұмысының әрбір басшылық қызметінде коммунизм құрылысы ісіне мейлінше берілген, саяси және іскерлік сапалары жоғары адамдар болуы үшін қызметкерлерді жоғарылату жөніндегі мәселелерді коллегиялық түрде шешу қажет, қатардағы коммунистер мен партияда жоқтардың олар жөніндегі пікірлерін жан-жақты есепке алу қажет. Біз қызметкерлерді іріктеп алу және жоғарылату ісінде партия комитеттері үнемі бастауыш партия ұйымдарына сүйеніп отыратын етуге тырысудамыз. Бір қызметкер жөнінде әлде қалай күдік бола қалған жағдайда



оны белгілі бір жұмыс саласына жоғарылату туралы мәселені алдын ала коммунистердің жиналысында талқылауды ұсынамыз.

КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1964 ж.) Пленумынан кейінгі жерде республикада партия, совет және шаруашылық органдарын кадрлармен нығайту жөнінде көп нәрселер істелді. Қазіргі уақытта қалалық партия комитеттері секретарьларының 94,1 процентінің жоғары дәрежелі білімі бар, оның ішінде 60,2 проценті өнеркәсіп мамандары. Селолық аудандардағы партия комитеттері секретарьларының ішінде 85,9 процентінің жоғары дәрежелі білімі бар. Оның бер жағында олардың жартысына жуығы жоғары дәрежелі саяси немесе арнаулы ауыл шаруашылық білімі бар адамдар. Кәсіпорындар, колхоздар мен совхоздар, мекемелер басшыларының сапалық құрамы жақсарды.

Алайда мұның өзі кадрлармен жұмыс жүргізуде біздегі істің бәрі де жақсы болып отыр деген сөз емес. Қандай да болсын басшыға баға берудің басты шарты — оның жұмысының нақты нәтижелері. Егер кадрларды іріктеп алып, орналастыру практикасына осы айтылған тұрғыдан қарайтын болсақ, онда әлі де болса бізде басшы қызметтерге кейде даярлығы жеткіліксіз, нашар адамдардың жоғарылатылатыны айқын көрінеді. Өткен жылдың өзінде ғана 37 совхоз директоры, 14 колхоз председателі және басқа да көптеген басшы қызметкерлер жұмысын дұрыс атқара алмағандықтан орындарынан босатылды. Дәл осындай себеппен 193 совхоз маманы мен 189 бөлімше меңгерушілері босатылды.

Бұл фактілер кадрларды іріктеп алып, орналастыруда жоғары талап қоюшылық әлі де болса барлық жерде бірдей сақталып отырмағандығын, оларды анкета деректеріне қарап, атүсті білушілік, ұсынылып отырған кандидатураларды ешкімге жарияламай талқылаушылық ақырына дейін жойылып бітпегендігін көрсетеді. Кейбір облыстық және аудандық партия комитеттері қажетті кадрлар резервін жасамаған, адамдарды олардың жұмыс істеу процесінде нашар зерттейді, кімдердің жақсы қызметкер екендігін білмей, жұмысты ақсатқан, өз беделдерін түсірген басшыларды бір орындан екінші орынға ауыстыру жиі кездеседі.

Кадрларды іріктеп алып орналастыру ісіндегі қателіктер, сөз жоқ, жұмыста басқа да олқылықтар туғызады. Кейбір партия комитеттері мен партия ұйымдары нашар қызметкерді алмастырудың орнына екінші бірінде орынсыз қамқорлыққа алу, шаруашылық басшылары мен басқа да басшылардың орнына өздері істеу жолына түседі, өздеріне тән емес міндеттерді атқаруды өз мойындарына алады. Мұндай практика жұмыста несіздік туғызып, басшылардың өздеріне тапсырылған іс жөніндегі жауапкершілігін төмендетеді, қызметкерлердің саяси және іскерлік сапасын дұрыс бағалау ісіне, қабілетті жолдастарды дер кезінде аңғарып, оны жоғарылату ісіне кедергі болады.

Кадрларға қойылатын талапты күшейту, олардың өздеріне тапсырылған іске деген жауапкершілігін арттыру, оларды дұрыс тәрбиелеу ісі партия мен үкіметтің директиваларының және өздері қабылдаған шешімдердің орындалуына бақылау жасап, тексеріп отыру жұмысын жақсылап жолға қоймайынша мүмкін емес. Осыны еске ала отырып, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің назарын осы бағыттағы күнделікті жұмысты түбірінен жақсарту ісіне аударып отыр. Шешімдердің орындалуын тексеру ісіне партия комитеттерінің мүшелері, партия аппаратының штаттағы және штаттан тыс қызметкерлері, коммунистер, еңбекшілердің қалың бұқарасы тартылуда. Бұл жөнінен Алматы, Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе және Орал облыстық, көптеген қалалық және аудандық партия комитеттері едәуір тәжірибе жинақтады.

Бірсыпыра партия комитеттерінің жұмысында бұрынғысынша шешімдердің орындалуына бақылау жасау ісінің нашар жолға қойылған-



дығы орын алып отыр. Бақылаудың болмауы кейбір басшыларда жауапсыздық сезімін туғызады, партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзушылыққа негіз болады.

Кейбір партия комитеттері шешімдердің орындалуын тексеру мен олардың орындалуын ұйымдастыру ісі бір процесс екендігі жөніндегі қарапайым ақиқатты естен шығарған. Шешімдердің орындалуын тексерудің мәні міне осы бірлікте, қайта-қайта фактілер, мәліметтер, есептер жинауда емес, анықтамалар жазып, жаңа шешімдер қабылдауда емес. Мысалы, Семей облысының Көкпекті ауданында «Большевик» совхозы ұзақ уақыт бойы артта қалып келеді. Әрине, бұл шаруашылықтағы істің жай-күйі аудандық партия комитетін алаңдатуда. Алайда ол совхоздың артта қалушылығын қалай жоймақ болып отыр десенізші?! Аудандық комитет совхоздың және оның бастауыш партия ұйымының жұмысы туралы бір жылдың ішінде тоғыз қаулы қабылдады, яғни аудандық комитеттің қызметкерлері әрбір ай сайын дерлік совхозға барып, фактілер жинаған, анықтамалар, шешімдердің жобаларын әзірлеген, ал бюро үсті-үстіне жаңа шешімдер қабылдаған. Бұл жерде аудандық комитет нағыз іскерлік көрсете алмаған, кемшіліктерді туғызып отырған себептерді терең зерттеп, оларды жоюға жәрдем етпеген.

Істің орындалуын тиісінше тексеріп отырмаудың салдарынан кейбір маңызды шешімдердің орындалмай қалушылығы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советінің жұмыс практикасында да кездесетіндігін мойындауымыз керек. Біз осы елеулі кемшілікті жоюға, істің орындалуын жоғарыдан да, сондай-ақ төменнен де тексеріп отыру ісін барлық жерде шындап жолға қоюға тырысудамыз.

Өз жұмысын партия тұрмысының лениндік нормаларын, басшылықтың коллективтілігі принципін мүлтіксіз орындап отыру негізінде жүргізе отырып, Қазақстан Компартиясы КПСС XXIII съезі белгілеп берген сара жолын жаңа бесжылдықтың тапсырмаларын жүзеге асыру жолында табандылықпен күресуде.

(«Партийная жизнь» журналы № 19, 1966 ж.)



# МАҢҚЫСТАУ БАЙЛЫҒЫ — ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

*С. ӨТЕБАЕВ,*

*Қазақстан Мұнай бірлестігінің бастығы*

Көлемі бес жүз шаршы километрді алып жатқан Оңтүстік Маңқыстау мұнай байлығы ашылғанға дейін құлазып жатқан құла тұз еді. Алайда оның қатал табиғаты, аптаған ыстығы мен құм дауылы ер жүрек барлаушы-геологтарға бөгет жасай алмады. Жапалақ ұшпас жапан тұз, елсіз сар даланың ғасырлар бойы тереңге жасырып келген байлығын алғаш рет солар ашты.

Барлаушылар тапқан байлықты ел игілігіне айналдыру үшін мұнай өндіретін кәсіпорындар салына бастады. Жыл сайын емес, сағат сайын өсетін ертегідегі алыптар сияқты бас-аяғы бір жарым жыл ішінде Маңқыстау түбегінде мұнай скважиналары қаулап өсті. Сөйтіп, Жетібайдан, Өзеннен ғасырлар бұғауынан босанған «қара алтын» тасқындан аға бастады.

Маңқыстау түбегінде бірінші Өзен мұнай кәсіпшілігінің скважиналары алғашқы мұнайды өткен жылдың 10 июлінде берсе, содан бері өткен бір жыл 4 айда мұнда 1,5 миллион тонна мұнай өндірілді. Жүзден астам мұнай скважинасы, мұнайды өлшеп ағызғыш бірнеше қондырғылар, ондаған өндірістік объекті қатарға қосылды. Өзен кәсіпшілігінде скважина саны барған сайын көбейе түсуде.

Мақат — Маңқыстау темір жолы Шевченкодан Өзенге дейін тартылды, Шевченко—Жетібай—Өзен жоғары вольтті электр жүйесі орнатылды, Шевченко — Өзен жолы асфальттанды, Сауысқан—Өзен су құбыры, Өзен—Шевченко мұнай құбыры іске қосылды. Бұрынғы елсіз жерде енді мұнайшылардың жаңа поселкесі пайда болды. Өткен екі жылдың ішінде мұнда тек мұнайшылар үшін 20 мың шаршы метр тұрғын үй салынып, көптеген мәдени тұрмыстық объектілер қатарға қосылды.

Маңқыстау мұнайын өндіру мұнайшылардың алдына көптеген проблемалар қойды. Өзеннің 28—30 градус ыстықтың өзінде қоюланып, катып қалатын парафинді мұнайын күз, қыс айларында ойдағыдай өндіру үшін татар мұнайшыларының әдісі қолданылды. Мұнай шығаратын скважиналардың трубалары іші шыныланған трубамен алмастырылды. Жер үстіндегі мұнай ағызу жүйесінің бойына газбен қыздыратын пештер орнатылды. Өзен мұнайы іші жылытылған цистерналармен тасылды. Сөйтіп қою мұнайды алысқа тасымалдаудың тиімді технологиясы жасалды. Азербайжан ғылыми-зерттеу мұнай институты ұсынған жаңа әдіс Өзен мұнайын құбыр арқылы 141 километр Шевченкоға сұйық күйінде жеткізуге мүмкіндік берді.

Бүкіл одақтық ғылыми-зерттеу мұнай институты мен Қазақстан мұнай бірлестігінің қызметкерлері бірлесіп Өзен мұнайлы алқабын пайдаланудың бас жобасын әзірлеп, жүзеге асыруда. Бұл жоба бойынша мұнай алқабына өндірістік мақсатта су айдап, қабаттың қысымын арттыру, сөйтіп мұнайды барынша көп өндіру, бірнеше горизонттың мұнайын бір скважина арқылы өндіру, екі горизонтқа бір скважина арқылы су, газ айдау сияқты мұнай өнімін арттыруға бағытталған көптеген шара өндірісте қолданылуда.



Осындай үлкен жұмыстардың бас-аяғы бір жарым жыл ішінде жүзеге асуы алдымен партия мен үкіметтің Маңкыстау түбегін үстіміздегі бесжылдықтың өзінде еліміздегі ең ірі мұнай өндірісі орталықтарының біріне айналдыру жөніндегі үздіксіз қамқорлығының арқасы. Екіншіден, бұл Маңкыстау байлығын ел игілігіне айналдыруды өздерінің патриоттық борышы деп түсінген туысқан республикалар мұнайшыларының қалтқысыз көмегінің нәтижесі болды.

Қазір Маңкыстаудың мұнай кәсіпшіліктерінде достығы мен ынтымағы жарасқан елуден астам ұлт өкілдері жұмыс істейді. Маңкыстау мұнайын мол өндіру олардың ортақ мақсатына айналды. Азербайжанның, Қуйбышевтің, Краснодардың, Татарстанның, Башқұртстанның, Түркменстанның мұнайшылары Ембі мұнайшыларымен бірге мұнда алғашқы экважинаны тұрғызып, мұнай өндіру ісін ұйымдастырды, бірлесіп мұнайшылар қаласын салды.

Осылайша мұнайшылардың тату семьясы пайда болды. Операторлар Ысмағұл Назарымбетов, Бөлек Жұбанов, машинистер Омар Бисәдиев, Рафик Лалазарян, мастер Қылыш Махамбетов, аға инженерлер Давид Рагимов, Насырлла Амиров, учаске бастықтары Николай Цайлев, Алексей Проценко, бұрғышы-мастерлер Дамир Нұрисламов, Газиз Әбдіразақов, Тынышбек Оппев, инженерлер Рахмет Өтесипов, Александр Деркочаев, Анатолий Стремский, геологтар Жарылқасым Дауытов, Алексей Осадчий сияқты ондаған тамаша өндіріс командирлері өсіп жетілді. Партия мен үкімет Маңкыстау мұнайшыларының еңбегін жоғары бағалап, олардың бірсыпырасын ордендермен, медальдармен наградтады. Өзен мұнай барлау экспедициясының таңдаулы бұрғышысы Төреғали Қадыровка Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Маңкыстау бүкіл халықтық екіпінді құрылыс алаңына айналды. Еліміздің 13 республикасы мен 82 қаласы Маңкыстауды өз қамқорлығына алып, оған кадрлар жіберді, мұнай өндіру, бұрғылау жабдықтарын, автомашиналар, тракторлар, түрлі құралдар мен запас бөлшектер жөнелтті. Еліміздің 20-ға тарта ғылыми-зерттеу институты Маңкыстау мұнайының сан қилы проблемаларын шешуге ат салысып келеді.

Алайда бұл әлі Маңкыстауда жүзеге асатын үлкен жұмыстардың бастамасы ғана. Партияның XXIII съезі Маңкыстауды мұнай өнеркәсібінің ірі орталығына айналдыру мемлекеттік маңызды міндет деп атап көрсетті.

Жақында СССР Министрлер Советі Маңкыстау түбегінде мұнай іздеу, геологиялық барлау жұмыстарын кеңейте түсу және тездету жөнінде арнаулы қаулы қабылдап, үлкен шаралар белгіледі. СССР-дің Мұнай өнеркәсібі және Геология министрліктерінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің алдына осы бесжылдықтың ішінде мұнда мұнай өндіруді жылына 15 миллион тоннаға дейін жеткізу міндетін қойды.

Бұл қаулы бойынша Маңкыстау түбегінде үлкен құрылыстар салу белгіленді. Мұнай мен газ шығаратын көптеген кәсіпшілік, тұрғын үй, балалар мекемелері, клубтар, мектептер, ауруханалар, магазиндер салынады. Шевченко теңіз порты кеңейтіледі. Ол мұнайды танкерлерге құйып тасымалдауға лайықталып салынады. 1969—1970 жылдары Маңкыстау мұнайын Гурьев пен Волгоградтың мұнай айыру заводтарына ағызатын бас мұнай құбырының құрылысы іске қосылады.

Қазақстан мұнайшылары партия мен үкімет алға қойып отырған бұл жауапты да құрметті міндетті абыроймен орындап шығу жолында қажырлы еңбек етуде.

Өзен мұнай кәсіпшілік басқармасының коллективіне биылғы бірінші тоқсанда қол жеткен табыстары үшін Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан Кәсіподақтары советінің бірінші сыйлығы мен ауыспалы Қызыл туы, ал екінші тоқсанның қорытындысы бойынша СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС-тің ауыспалы Қызыл туы мен бірінші ак-



шалай сыйлығы берілді. Өзен мұнайшылары 9 айлық жоспардан тыс 74 мың тонна мұнай өндірді. Совет өкіметінің 50 жылдығы мерекесі құрметіне көтеріңкі міндеттеме алған мұнайшылар биыл жылдық жоспардан тыс 90 мың тонна мұнай өндіруге, ал бесжылдықтың соңғы жылында Өзен мұнай кәсіпшіліктерінің өзінде ғана мұнай өндіруді жылына 15 миллион тоннаға жеткізуді ұйғарды.

Өзен мұнайшыларының мұндай жоғары міндеттемені толық орындап шығуына мүмкіндіктері бар. Өзеннің мұнай запасы Одақ көлемінде көрпекті орында. Соңғы кезде мұнай запасы есепке алынған жиырмадан астам мұнай-газ горизонттарының астынан барлаушылар жоғары сапалы мұнайы бар жаңа горизонтты ашты.

Алайда Маңқыстауда ірі мұнай кен орыны тек Өзен ғана емес, үстіміздегі жылы мұнайшылар Маңқыстаудың екінші перзенті — Жетібай мұнай алаңын барлаушылардан қабылдап алды. Жаңа жылдан бастап мұнда байқау ретінде пайдалану ісі басталады. Бесжылдықтың аяғында Жетібай үш миллион тонна мұнай бере алатын дәрежеге жетуге тиіс. Қазір барлау жұмысы жүріп жатқан Теңге, Тасболат, Қарамалдыбас кен орындары пайдаланылуға берілгенде Маңқыстау мұнай кәсіпшіліктері мұнай шығару жөнінде еліміздің байырғы мұнайлы аймағы Бақуді қуып жетіп, басып озатын болады.

Әрине, мұнай өндіруді арттыру бұрғылаудың қарқынын барған сайын күшейте беруді талап етеді. Тек үстіміздегі бесжылдық ішінде Қазақстан мұнай бірлестігі бойынша 2 314 мың метр бұрғылау жұмыстары жүргізіледі, оның ішінде тек Маңқыстауда тікелей мұнай өндіру үшін 1 836 мың метр жаңа алаңдарды барлау үшін 490 мың метр бұрғылау жұмыстары жүргізіледі. Қазір пайдалану қорында 100 скважинасы бар Өзен мұнай алаңында бесжылдық ішінде скважина саны бір мыңнан асады.

Бұл жұмыстарды жүзеге асыруды тездету үшін жақында Қазақстан мұнай бірлестігі тағы да бір бұрғылау тресін және мұнай өндірісін материалдық-техникалық жабдықтау тресін ұйымдастырды. Бұрғылау тресінің қарамағында 3 бұрғылау конторы, мұнай барлау экспедициясы және техникалық-монтаж конторы болады. Бұрғышылар барған сайын отандық жаңа техникамен, қуатты бұрғылау станоктарымен жабдыкталуда. Озат бұрғышылар бұрғылау қондырғыларын ірі блоктармен тасымалдап көшіру, бұрғылаудың озық әдістерін — секциялық трубаларды қолдану арқылы бұрғылаудың шапшаңдығын арттыруда. Үстіміздегі жылы бұрғылау жұмыстарына электр қуаты кеңінен пайдаланыла бастады. Бұл бұрғылау қарқынын арттырумен бірге көптеген жанар-жағар майды үнемдеуге, дизель моторларын басқа жұмыстарға пайдалануға, өндіріс мәдениетін арттыруға мүмкіндік берді.

Жаңа техниканы өндіріске енгізу мұнай өндіруде еңбек өнімділігін, өндірістің тиімділігін арттыра түсуде. Мысалы, екі горизонттың мұнайын бір скважина арқылы өндіру әдісін жүзеге асыру Өзен мұнайшыларына осы бесжылдықтың ішінде мемлекеттің 100 миллион сом қаржысын үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге мұнай қабаттарына су жіберетін 600 скважина орнатылады. Мұнай өндіруде электр және винтпен айналатын насостар, станокты қачалқалар пайдаланылады, мұнай өнімін арттыру үшін забойды қышқылмен өңдеу және басқа әдістер қолданылады, скважиналар автоматтандырылып, оларды телевизия арқылы басқару кеңінен қолданылатын болады.

Осындай жаңа техника мен озық технологиялық әдістердің ішінде забойларға су жіберу әдісінің ролін ерекше атап көрсету керек. Мұнай қабатына жіберілген су забойдың қысымын көтеріп, мұнай фонтанын күшейтеді. Бұл үшін біздің кәсіпшіліктер теңіз суын кеңінен пайдаланбақшы және Шевченко — Өзен су құбыры қатарға қосылады.



Бесжылдықтың ішінде Маңқыстауда 150-ге тарта жаңа кәсіпорын салынады. Бесжылдықтың аяғында Өзен поселкесі 100 мың адам тұратын осы заманғы социалистік қалаға айналады. Өзенде, Жетібай мен Шевченкода сол жылдар ішінде 1 миллион шаршы метр тұрғын үй, жүздеген мәдени-тұрмыстық объектілер салынады. Мемлекет бұл құрылыстарға 1 миллиард сом қаржы бөліп отыр. Маңқыстау мұнайшыларының, құрылысшыларының міндеті бұл қаржыны тиімді пайдалануда, сөйтіп мұнай өндірудің қарқынын арттыра беруде болып отыр.

Маңқыстауды шұғыл қарқынмен өркендету жөнінде партия мен үкімет белгілеп отырған шараларды толық жүзеге асыруда маман кадрлардың атқарар ролі зор. Бесжылдық ішінде мұнда мұнайшы кадрлар саны қазіргіден 10 есе өсуге тиіс. Бұл кадрлардың басым көпшілігін еліміздің мұнайлы аудандарынан шақыруды, жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітіретіндердің есебінен алуды жоспарлап отырмыз. Осыған орай Шевченко қаласынан политехникалық институт, орта буынды мамандар даярлайтын мұнай техникумын ашу, сол сияқты ғылыми-зерттеу институтын ұйымдастыру орынды да лайықты болар еді деп ойлаймыз.

Маңқыстауда ірі мұнай өндірісінің жасалуымен байланысты транспорт проблемасы да ойдағыдай шешіліп келеді. Бұған дейін Маңқыстау мұнайы тек Гурьев мұнай айыру зауытында ғана өңделіп келсе, үстіміздегі жылғы октябрьден бастап Өзен мұнайы Шевченкодағы Ақтау теңіз порты арқылы су жолымен Махачкалаға, Волгоградқа және Бакуге тасылатын болды. Өзен — Шевченко—Мақат темір жолының тұрақты пайдалануға берілуімен, 1968 жылы Гурьев — Астрахань темір жолының және Шевченко — Мақат — Волгоград — Лисичанск мұнай құбырының бірінші кезегі қатарға қосылумен байланысты Маңқыстау мұнайын тасымалдау жөніндегі проблемалар түбегейлі шешілмек.

Маңқыстаудың мұнайдан кейінгі екінші байлығы — газ. Әзірге арнаулы газ айыру қондырғысының жоқтығынан мұнаймен бірге шыққан газ далада босқа өртелуде. Мысалы, келесі жылы мұнаймен бірге 19 миллион текше метр газ өндіріледі. Қазір Маңқыстау газын халық шаруашылығына пайдалану мәселесі зерттеліп шешілуде. Біздің пікірімізше, Маңқыстауда газ, бензин зауытын салу аса қажет. Қазірдің өзінде Маңқыстаудың мұнай алаңдарындағы газдың зерттелген қоры аса мол. Бұл газ қоры жергілікті қажетті толық өтеумен бірге оны өндірістік мақсатқа пайдалануға да жетеді. Ең тиімдісі — Маңқыстау газ жүйесін салып, оны Орта Азия — Орталық газ магистралына қосу.

Жақында Маңқыстау мұнайшыларының астанасы Шевченко қаласында мұнай мен газ байлығын жан-жақты игеріп, оны ел игілігіне айналдыру проблемаларын талқылауға арналған Бүкіл одақтық екінші ғылыми-техникалық конференция болып өтті. Оған еліміздің мұнай өнеркәсібі саласындағы маңдай алды ғалымдары, жиырмадан астам ғылыми-зерттеу мұнай, геология институттарының қызметкерлері қатысты. Конференция Маңқыстау байлығын игерудің барысында істеліп жатқан жұмыстарды мақұлдап, оның байлығын тезірек Отан игілігіне айналдырудың ғылыми-техникалық, экономикалық проблемаларын шешуге бағытталған құнды ұсыныстар, пікірлер айтты.

Бұл ұсыныстар мен пікірлер Маңқыстау түбегін үстіміздегі бесжылдықта мұнай өндірісінің ірі орталықтарының біріне айналдыру жөнінде партия мен үкімет белгілеген шараларды толық жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл үшін мұнайшылар мен құрылысшылар, партия, совет және шаруашылық ұйымдары Маңқыстау жерінің байлықтарын толық игеріп, ел игілігіне айналдыру жолында қажырлы еңбек ете береді.



# Совет спорты және жастар тәрбиесі

К. АХМЕТОВ,

*Қазақ ССР Спорт қоғамдары мен ұйымдары одағы советінің  
председателі*

**СОЦИАЛИСТИК** қоғамда дене тәрбиесі адамды жан-жақты жетілдірудің, коммунизм орнату жолындағы белсенді күрескерлерді қалыптастырудың құрамдас бөлегі болып саналады. Бұл мәселеге ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар К. Маркс пен Ф. Энгельс кезінде айрықша мән берген болатын-ды. Олар дене тәрбиесін адамның жеке басын үйлесімді өсіріп жетілдірудің аса қажетті шарты деп бағалады. Ф. Энгельс дене тәрбиесін мектеп оқушылары үшін бүкіл оқу процесінің барысында үзбей жүргізудің пайдалы екенін атап көрсетті.

Пролетариаттың данышпан көсемі К. Маркс өзінің «Уақытша Орталық Советтің делегаттарына нұсқау» деген еңбегінде былай деп жазды: «Тәрбие деген ұғым арқылы мына үш дүниені түсінеміз. Біріншіден — сана тәрбиесі, екіншіден — гимнастикалық мектептер мен әскери жаттығуларына беретін дене тәрбиесі, үшіншіден — өндіріс процесінің барсырынан терең мағлұмат беретін техникалық білім беру».

Маркс пен Энгельс гимнастиканы дене еңбегімен ұштастыруды әр кез талап етіп отырды. Мұның өзі адамдардың денсаулығын сақтау, болашақ заман пелерінің ойы мен пайымының таза болуы үшін ең қажетті шарт деп білді.

В. И. Ленин Маркс пен Энгельстің бұл жөніндегі ілімін творчестволықпен ілгері дамыта отырып, жаңа қоғам жағдайында совет адамдарына, әсіресе жастарға коммунистік тәрбие берудің нақтылы программасын белгілеп берді. Коммунизм жеңісі жолында ойдағыдай күресу үшін жастардың денсаулығы мықты, өздері қайратты болуға тиіс деп үйретті. Бұл үшін адамның дене және рухани дамуының арасында тығыз байланыс болуы керек.

Елімізде физкультура мен спорт ісінің дамуы В. И. Лениннің есімімен тығыз байланысты. 1918 жылы апрельде Владимир Ильич жалпы әскери білім беру туралы декретке қол қойды. Жалпы әскери білім беру ісі физкультура және спортпен қатар қолға алынды. Сол жылдың аяғында-ақ елімізде тұңғыш рет алдымен Москвада, содан кейін Ленинградта физкультура институты ашылды.

Азамат соғысынан кейін физкультурашылар қозғалысының алдында аса зор міндеттер тұрды. 1921 жылы балалар мен жас өспірімдердің денсаулығын қорғау жөніндегі декретке В. И. Ленин қол қойды. Бұл декретте физкультура мен спортқа аса зор мән берілген болатын. 1921 жылы жергілікті және жоғарғы Физкультура советі құрылды. Сол жылы Ф. Э. Дзержинскийдің басқаруымен «Динамо» ерікті спорт қоғамы ұйымдастырылды.

1925 жылы 13 июньде партияның Орталық Комитеті «Дене тәрбиесі саласында партияның алдында тұрған міндеттер» жөнінде қаулы қабылдады. Бұл қаулы жас совет мемлекетінің жаңа дәуірге байланысты физкультура мен спортты қалай дамыту керектігін саралап, талдан берген маңызды документ еді.

Коммунистік партия Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ физкультура мен спортқа осылайша көңіл бөліп, оның өрістей дамуына күнбе-күн басшылық етіп, қамқорлық жасап келеді.



Физкультура мен спортқа деген мұндай әкелік қамқорлық бірде-бір капиталистік елде жоқ, болуы да мүмкін емес. Буржуазиялық қоғамда пайдакүнем кәсіпкерлер спортты қосымша пайда табудың, баюдың бір көзіне айналдырған. Оның үстіне империалистік билеуші топтар спорт ісін соғыс құмарлық ниетпен және еңбекшілердің назарын тап күресі мен саясат мәселелерінен аударып әкету мақсатымен пайдаланады. Қысқасы, буржуазиялық қоғамда спорт адамды аздыратын, оның мінез-құлқын бұзатын бағытта дамиды.

Совет спорты — бұқаралық іс, халқымыздың тамаша тәрбие мектебі. Мұнда миллиондар шынығып, қанаттанады.

Советтік спорт буржуазиялық қоғамдағыдай пайда табудың көзі емес. Қайта ол — адамдардың ой-санасын өсіріп, биік мақсатқа бастайтын, адамның күш-қайратын тасытып, шынықтыра беретін, оның бойына ізгі қасиеттер бітіретін мықты құрал.

Биыл КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі «Дене шынықтыру мен спортты одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» қаулы алды. Бұл қаулыда дене шынықтыру мен спорт — совет адамдарын тәрбиелеудің ең бір пәрменді құралы екені тағы да атап көрсетілді. Қазір әрбір совет адамынан өз бойындағы рухани байлықты молайтып, моральдық тазалық пен денені жетілдіруді үнемі ұштастырып отыру талап етіледі.

Физкультура мен спорт жеке бір адамдардың ғана ісі емес, миллиондар қолдайтын бүкіл халықтық, мемлекеттік іс. Ол жайында КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысында да ерекше атап көрсетілген. Бұл мәселемен партия, совет, кәсіподақ, комсомол, физкультура және шаруашылық ұйымдары күнбе-күн шұғылданғанда ғана игілікті табысқа жетуге болады. Спортты еңбек өнімділігін арттыру, түрлі аурулардан алдын ала сақтандыру, жұмысшылар мен қызметшілердің көңілді демалуына қажетті жағдай жасау жөніндегі шаралардың бөлінбес бір құралы ретінде әрбір кәсіпорынға, мекемеге енгізіп отыруды қамтамасыз ету — аса зор міндет. Осы мақсатпен еңбекшілердің спорттың сан алуан түрімен үнемі шұғылдануын ұйымдастыру, орта және егде жастағы адамдар үшін физкультура топтарын құру, өндірістік гимнастиканы енгізу, спорттық және туристік базалар, туристік-сауықтыру лагерьлерін, балықшылар мен аншылар үйлерін құруда неғұрлым көбірек инициатива көрсетіп отыру қажет.

Біздің республикамызда физкультура мен спорт кеңінен қанат жайып, тұрмысқа берік еніп келеді. Бұл жөнінде өткен жетіжылдықта ғана физкультурашылар санының үш есе өскенін атап өтсек те жеткілікті. Осы уақыттың ішінде ГТО значкистері мен разрядты спортшылар 4 есе, ал СССР спорт мастерлері 5 есе көп даярланды. Бұл бұрын-соңды Қазақстанның физкультура қозғалысының тарихында болмаған жағдай.

Физкультура мен спортты бұқаралық іске айналдыратын, жастардың жан дүниесіне өмірлік етіп егетін ұстаздар ортасы болмақ. Бұл салада еліміздегі 16 жоғары оқу орны, жаттықтырушылардың 13 мектебі, педагогикалық институттардың 53 факультеті мен арнаулы орта дәрежелі 18 оқу орнында жыл сайын 9 мыңға жуық физкультура мамандары даярланады.

Республиканың спорт мектебінен сан алуан түлектер тәрбиеленіп шықты. Соңғы жылдары одақтық аренада атағы шығып жүрген қазақстандық спортшылардың қатары көбейе түсуде. Солардың ішінде Гүсман Хасанов, Әмин Тұяқов, Әбдісәлан Нұрмаханов СССР спортына еңбегі сіңген мастерлер атанды. Бұлар кезінде дүние жүзілік жарыстарда үздік шыққан болатын. Олардың ізбасарлары да күн санап көбейіп келеді. Биыл студенттік ойындарда Қазақстанның «Буревестник» волейбол командасы алтын медальды жеңіп алды. Оның екі ойыншысы — Сауранбаев пен Кравченко СССР құрама командасының мүшелері.



Мұның өзі біздің жастардың жаңа белеске көтеріліп келе жатқанын аңғартады.

Физкультура мен спорттың бұқаралығы, спортшының шеберлігі жарыста көрінеді. Үстіміздегі жылы қыс айларында Свердловскіде физкультурашылар мен спортшылардың партияның ХХІІІ съезі құрметіне арнап өткізген СССР халықтарының қысқы ІІ спартакиадасы болды. Ал қысқы спартакиадаға дейін заводтар мен фабрикалардағы, совхоздар мен колхоздардағы, мекемелер мен оқу орындарындағы төменгі физкультура коллективтерінде өткен байқау жарыстарына халықтың қалың көпшілігі қатысты. Финалдық сынға дейінгі шеберлік байқауында республикада спорттың қысқы түрлерінің жаппай қанат жайып, етек алғаны байқалды. Спартакиадада 38 адам спорт мастерінің, 28 адам мастерлікке кандидаттың, 20 мың адам разряд нормасын орындап шықты.

Бұл күндері спорт республикамыздың өскелең экономикасы мен мәдениетіне сай кең қанат жаюда. Свердловскіде өткен финалдық айкаста жерлестеріміз ұшталған өнердің тамаша нәтижесін көрсетті. Әсіресе мұз айдынының шеберлері үздік болды. Конькишілер командалық үшінші орынға ие болды.

СССР халықтарының ІІ спартакиадасы тек Қазақстан спортшылары үшін ғана емес, бүкіл еліміздің спортшы майталмандарының үлкен емтиханы болды. Қазақстанның биылғы қысқы ІІІ спартакиадасына барлығы 300 мыңнан астам спортшы қатысты. Мұның өзі — республикамыздың бұған дейінгі ІІ спартакиадасына қатыскандардан 100 мың адам көп деген сөз.

Бүкіл еліміздегідей, Қазақстанда да спорт құрылысына мықты көңіл бөлінуде. Алдымен хоккейді алайық. Қысқы спартакиадан кейін-ақ металлургтер қаласы — Теміртауда 8 мың орындық хоккей стадионы салынса, Рудный қаласында — 5 мың орындық, Семейде — 10 мың орындық стадион пайдалануға берілді. Лениногорда, Көкшетауда, Алматы маңындағы «Горный гигант» совхозында шаңғы станциялары салынды.

Осыған байланысты соңғы жылдары бізде хоккей кең өріс алды, әсіресе өткен спартакиадада Қазақстан конькишілерінің ұйымшыл коллективі зор табысқа жетті. СССР спортына еңбегі сіңген жаттықтырушы М. Хван мен СССР спорт мастері В. Дмитриевтың шәкірттері мұз айдынында шеберліктерімен ерекше көзге түсті. Сонымен қатар тау шаңғышылары да командалық сынақта үшінші орынға ие болды. Мұның өзін тау шаңғышыларының жаттықтырушысы спорт мастерлері Г. Минеев пен П. Дельвердің жемісті еңбегі деу керек.

Футбол өнері республикамызда соңғы жылдары ғана етек ала бастады. Бұрын саусақпен санарлық коллективтерде ғана футбол командалары болатын. Қазір «А» және «Б» класы тобында оннан астам коллектив күш сынасып жүр. Ал көптеген заводтың, совхоздың, колхоздың, мектептің өз алдына футбол командалары барлығын еске алсақ, бұл істің қаншалықты халықтық сипат алғанына көзіміз жетеді.

Қазір республикада «Үміт кубогы», «Жас өспірімдер кубогы», «Қазақстан кубогы» сияқты дәстүрлі жүлдеге мындаған коллектив қатысып жүр. 1961 жылы республиканың кубогы үшін 1 849 команда күш сынасса, 1965 жылы 3 474 команда күресті.

Спорттың қай түрін алсақ та, оның нәрі, өзегі — тәрбиеде. Мұнда коллективтің намысы деген бар. Бұл намыс біздің еліміздің әр азаматының бойына берік сіңген намыстың нәрі. Сондықтан да спортшы қауымының жетекшілері тек көрсеткіш қана қумайды, ол өзінің адам тәрбиелеп отырғандығын, коллективтің мүшесімен іс істесіп отырғандығын сезінеді. Сондықтан да спорт шеберлерінің қатары республикамызда мыңдап саналады. Мұны біз мақтан тұтамыз.



Қазақстан — бокс өнерінің шыққан шыңы екенін әркім-ақ біледі. Бір кездегі спорт жұлдыздары қазір ұстаздық мектебінде жүр. Шоқы Бөлтекұлы, Ескендір Хасанов, ағайынды Қаримовтар, Лопатниковтар, Әбдісәлан Нұрмаханов, Мәжит Омарғалиев, Марат Мұсабаев және басқалар қазір жемісті еңбек етіп келеді. Солардың ішінен Менгерей Хайрутдиновты ерекше атап өту керек. Соңғы жылдары оның баулыған қырандары жап-жақсы көрсеткіштерге ие болды.

Қазір бүкіл еліміз ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығын мәрекелеуге қызу әзірлік жүргізуде. Жастарды советтік патриотизм мен интернационализм рухында, еңбек сүйгіш, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу — бүгін таңдағы басты міндеттердің бірі. Осы салада физкультура мен спорттың атқаратын міндеті де ерекше.

Биылғы июнь айында Алматы үй құрылысы комбинатының спорт клубы республиканың барлық спорт клубтары мен коллективтеріне арнап үндеу қабылдады. Осыған байланысты Қазақстан Кәсіподақтар советі, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті, Қазақ ССР Спорт қоғамдары мен ұйымдары одағының республикалық советі бұл үндеуді қуаттап қаулы алды. Үндеу қабылданғаннан кейін-ақ Алматыдағы «Темір жолшы», Теміртаудағы «Полимер», Қызылордадағы «Бумажник» спорт клубтарының коллективі мен Шығыс Қазақстан облыстық спорт қоғамдары мен ұйымдары одағы советінің президиумы бұл шараны қуаттады.

Әсіресе республикамыздың астықты аудандарында құрылыс ісімен шұғылданған студенттер отрядтарының азаматтық ісі мақтарлық. Ауылдық жерлерде ондаған стадион, жүздеген спорт алаңдары, мыңдаған қоғамдық негіздегі спорт нұсқаушылары — құрылысшы студенттердің жыл сайын дүниеге әкелетін жаңалығы болып қалыптасты. Бұрын спорт жарыстары жайлы газет беттерінен оқып, радиодан тыңдайтын дикандар қауымы енді бұл іске өздері бел шешіп араласа бастады.

Целиноград облысының Алексеев ауданында жұмыс істеген Москва мемлекеттік университетінің студенттері биылдың өзінде ғана аудан атырабында жеті футбол, он бір волейбол алаңын жасады. Жеңіл атлетикадан қырық үштен астам спортшы нұсқаушылар даярлады. Қырық спортшыға спорт төрешісі деген куәлік тапсырылды. Олар аудандық спартакиада өткізді.

Әр істің жан ашыры — ұстаздар қауымы ғой. Бұл жөнінде Қазақтың мемлекеттік физкультура институты тыңғылықты жұмыс істеп келеді. Ол екі жарым мыңнан астам жаттықтырушы мамандар даярлады. Олар жергілікті жерлерде қоғамдық негізде спорт мектептерің, секцияларың, үйірмелерің ұйымдастырып жүр.

Биыл Қарағанды қаласында физкультура техникумы ашылды. Бірнеше педагогикалық институттар жанынан физкультура бөлімдері ұйымдастырылды. Республикадағы жоғары спорт шеберлерін даярлайтын мектептің атқарып отырған жұмысы да тәуір. Мұның отыздан астам бөлімшесінде 1 200 адам спорттық шеберліктерін арттыруда.

Жыл сайын республика қалаларында балалар мен жас өспірімдердің спорт мектептері мен спорт мектеп-интернаттары көбейіп келеді. Биылдың өзінде 400 балалық спорт мектеп-интернаты ашылды. Оқу министрлігінің жүйесі бойынша 1966—1970 жылдары балалар мен жас өспірімдердің мамандандырылған 234 спорт мектебі ашылмақ.

Ауылдық жерлерде спорт жұмысын мықтап өрістету — үлкен міндеттің бірі. «Қайрат» ерікті спорт қоғамы колхоздар мен совхоздардың басшыларымен біріге отырып, спорт құрылыстарын салуға араласпақ.

Қол жеткен табыстармен қатар халық арасында дене шынықтыруды жаппай дамытуда және спорттық шеберлікті арттыруда әлі де болса елеулі кемшіліктер орын алып келеді. Көкшетау, Қызылорда және Се-



мей облыстарында физкультура ұйымдары өздеріне жүктелген міндетті орындай алмай жүр. Республиканың көптеген кәсіпорындарында, мекемелері мен оқу орындарында физкультура коллективтері жоқ. Өткен жылы біраз облыста спорт секцияларына қатысушылар саны азайып кетті. Облыстық спорт советтері физкультура коллективтерін ұйымдық жағынан нығайтуға әлі де болса жеткілікті көңіл бөлмейді.

Физкультура коллективтерінің жемісті жұмысы көбінесе төменгі ұйымдарға байланысты. Осы ұйымдардың жұмысына басшылық ететін маман кадрлар жетіспейді. Осы тұста әсіресе мектептер мен ауылдық жерлердегі жағдай қиын-ақ. Осыдан біраз жыл бұрын Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі жоғары оқу орындарын бітіретін таланты спортшыларға игерген мамандығынан тысқары екінші диплом беру жөнінде шешім қабылдаған еді. Жоғары оқу орындарында спортпен шұғылданбайтын жастар кемде-кем. Демек, соларға жоғарыдағы шешім бойынша екінші диплом тапсырылса, олар өздері еңбек етіп жүрген жерде спорт жұмысын жандандыруға борышты болар еді. Бұл мәселе назардан тыс қалып қойды. Жақсы бастама жалындап кете алмады.

Екінші бір ойланатын жай, қаладағы спорт клубтарының ауылмен тығыз байланысын жасау. Бұл жұмысты ойда жүрген бір түйінді мәселе деп қарап келеміз.

Кейбір физкультура ұйымдарында оқу-жаттығу жұмыстары нашар ұйымдастырылады. Соның салдарынан республикада спорттың еркін және классикалық күрес, академиялық есу, байдарка, каноэ, жеңіл атлетика, желкенді қайық спорты, суда жүзу, суға секіру, қол добы, стендалық атыс ойыны, қазіргі бессайыс, теннис, сайыс сияқты түрлерінен спорт мастерлерін даярлау жоспары орындалмай қалды. Спорттың ұлттық түрлерін өрістетуге өте аз көңіл бөлінеді. Сондықтан да разрядты спортшылар даярлау жұмысы өте нашар болып отыр.

Балалар, жас өспірімдер және жастар спорт мектептерінде маман спортшылар даярлау әлі жолға қойылмаған. Шалғай аудандарға мамандар жіберу мәселесі де өз дәрежесінде емес. Ауыл-селоға келген мамандар көп тұрақтамайды. Өйткені мұндай жас кадрларға жергілікті жерде тиісті жағдай жасалмайды. Көптеген мектептерде физкультура пәнінен арнаулы білімі жоқ адамдар сабақ береді. Сондықтан да мектеп оқушылары спорт өнеріне тартылмай, шеттеп қалады.

Жуырда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі республикада физкультура мен спортты онан әрі өрістетуге және СССР халықтарының мерекелік жазғы IV спартакиадасына әзірлену шаралары туралы қаулы қабылдады. Ал бұл шаралар республикамыздағы спорт ісін онан әрі дамытып, оның нағыз бұқаралық сипат алуына игі әсерін тигізуге тиіс.

Советтік спорт — коммунистік тәрбиенің аса маңызды буыны. Ол еңбекшілерді, әсіресе жастарды өз елін шексіз сүйе, Отан қорғауға әрдайым әзір болу рухында тәрбиелеудің күшті құралы. Республиканың партия, совет және басқа қоғамдық ұйымдары Коммунистік партия мен Совет үкіметінің алға қойған міндеттерін абыроймен орындай отырып, физкультура мен спортты бүкіл халықтық іске айналдыру жолында келеді табысқа жете береді.



## Атағыңды асырдың, Қазақстан диқаны!

### «ӨЛАРА» ЕМЕС, ТОЙАРА

Биылғы сентябрьдің аяқталып, октябрьдің туысы жаратылыстың дағдылы құбылысының өзін өзгертіп жібергендей болды-ау, сірә! Ескі ай бітіп, жаңа айдың туысын халқымыз қашаннан-ақ «өлара» демейтін бе еді. «Өларарада» табиғат жауын-шашындатып, бір құбылмай өтпейтінді. Ал биыл біздің елімізде бұл құбылыс мүлде байқалған жоқ. Оның орнына Россия Федерациясы екі миллиард пұттан асыра дәп күйсе, одан соңғы екінші жүлдеге іліккен біздің Қазақстан. Ол бір миллиард пұттан астам алтын астық беріп, Отанымыздың қоймасын толтыруға орасан мол үлес қосты.

Бұдан артық той жоқ-ты! Сабан тойлар Одақтың бар жерінде, барлық республикасында болып жатты. Астыққа толы составтар, жел табан жер жүйрігі — машиналар үздік-создық ағылып, Отанның түп қазанына арнадай жүйткіді. Ертіс, Есіл, Нұралар, Тобыл, Жайық, Ілелер, Дон мен Кубань, Волгалар бір арнада толқығандай болып кетті.

Ел ырысы қаулаған жыл! Совет халқының дастарқаны дәмге толып, жыл жемісін мол-молынан орған жыл!

Қазір еліміздің қала, қыстақ, ауылдарының қай-қайсысына барсаң да ет пен майға толы, ұн мен нанға толы дүкендерді көрер едің. Дәмі аузыңнан кетпестей неше түрлі тағамға толы асханаларды, буфеттерді және көрер едің.

Иә... Биылғы сентябрь бітіп, октябрь туысы «өлара» болған жоқ, тойара болды осылай.

### БҰРЫНҒЫСЫЗ БҮГІН ЖОҚ

Ал бүгінгі молшылық, бүгінгі миллиардтар өздігінен келді ме? Қиындықсыз, бейнетсіз рахат өздігінен келмес болар асылы. Көп-көп жылдардың ауыр-ауыр еңбегі мен күресі ғана осыған әкелген-ді.

Республикамыздың отызыншы жылдардан бергі бар болмысы біздің көз алдымызда өтті. Биылғыдай орасан құтты жылдың қуанышы үстінде өткенің мен кеткенің де ой жібермей өте алмайсың. Кәнекей, оқушы дос, колхоз құрылысының бастапқы жылдарындағы сонау бір дүрбелең дәуірді есіңе алып бір көрші. Ауылдағы тап күресінің қиян-кескі, шатқалаң кезеңі, содан туған ауыртпалық айлары... Бірі ойға, бірі қырға кеткен көшпелі ауылдың малшы жұрты со күнде тап бүгінгідей болар деп ойлап па еді? Жоқ, ойламаған болар.

— Кешуді қой. Отырықшы бол. Басыңды қосып, дәулетінді біріктір. — Еңбегің сонда жанады. Мал өсірумен қоса егін ек. — Өміріңнің



түп қазығы сонда ғана бекиді. Өнер-білімге де жетілесің, пағыз мәдениетті ел боласың.

Көреген партиямыз осылайша ұран тастап, колхоздастыру ісін бастағаны ауыл шаруасының есінде.

Одан бертін ұзамай-ақ 35-жылдардың өзінде коллективтік шаруашылықтың игілігін көрген соң, ауыл жұрты ортақ дәулетін отықтырып ақеткен-ді. Ел басына күн туып, қанды майдан жылдары келгенде де коллективтік шаруашылықтың ұлы-ұлы қасиетін таптық. Рас емес пе, Ұлы Отан соғысының сұрапыл төрт жылында да ел панға тарыққан жоқ; майдандағы жауынгерлерін де азық-түлік, киім-кешекпен керегінше жабдықтап тұрды. Соғыстан күйзелген ауыл шаруашылығын қалпына келтіріп, өрге бастыру мақсаты алға тартылған 50-жылдарды көз алдыңызға үйіріп бір өтіңіз.

Партиямыздың одан соңғы қолданған ең бір ірі шарасы — бос жатқан тың, тыңайған жерлерді игеру жорығы. Миллиардтаған пұт астық алуды айрықша содан бері ғана ауызға алғанымыз әркімге де аян. Тың игеру жорығының республикамызда астық өнімін молайтуға берген пайдасы шаш етекпен болғанын мына цифрлардан айқын көруге болады: 1953 жылы республикамызда 9,6 миллион гектар егіс болғанды, содан он жыл өткенде, 1964 жылы, егіс көлемі 30,8 миллион гектарға бір-ақ секіріп шықты. Сонда егіс көлемінің өзі он жыл ішінде 3,2 есе асып түскені ғой. Республикамызда 1955—1964 жылдар арасындағы онжылдықты оның алдындағы онжылдықпен салыстырғанда, жыл сайынғы астық түсімі 779 миллион пұт, яғни төрт жарым есе артты.

«Бұрынғысыз бүгін жоқ» деген рас. Биылғы миллиардқа Қазақстан еңбекшілері осындай үздіксіз күрес, кейде сәтсіздікке ұшырап, жығылып, сүрінген жылдарды артқа тастап барып жертті. Биылғы миллиардтың орны да сондықтан өзгеше болып отыр. Өзгеше болатын себебі, ең алдымен бір өңкей Арқа даласының бабын тауып, егіншілік мәдениетіне жетіле білді диқандар.

## МИЛЛИАРД ЖОРЫҒЫ

Гурьев облысынан басқа (мал шаруашылығы, балығы, жер асты қазынасынан оның да айрықша орны бар ғой) он төрт облыстың бәрі дағы белгіленген жоспарың, міндеттемесіне қоса мемлекетке астық тапсыруды әлдеқайда асыра орындап, абыройға ие болды. Әрқайсысының да мақтанатын жөні бар. Қазақстанды тұтас алғанда барлық облыс қаһармандары еліміздің дәл молшылығын жасау тарихына ерекше жарқын шежіре беттерін жазып қойды. Биылғы миллиард — республика еңбекшілерінің әрі айбынды, әрі даңқты, әрі орнықты, әрі табанды ерлігі!

Мына кесте де тарих бетінен өшпес-ті:

Қостанай — 266,2 миллион пұт,
Целиноград — 173,4 миллион пұт,
Көкшетау — 135,2 миллион пұт,
Солтүстік Қазақстан — 109,0 миллион пұт,
Павлодар — 54,8 миллион пұт,
Ақтөбе — 50,2 миллион пұт,
Орал — 44,3 миллион пұт,
Қарағанды — 43,2 миллион пұт,
Алматы — 44,1 миллион пұт,
Семей — 37,3 миллион пұт,
Шығыс Қазақстан — 29,4 миллион пұт,
Жамбыл — 27,2 миллион пұт,



Шымкент — 16,6 миллион пұт,  
Қызылорда — 5,4 миллион пұт.

Ал кестенің ең басында Қостанай тұр. Биылғы миллиардтың ең бастапқы жүлдесі де соныкі. Қостанайдың топырағы асыл, дәнің нағыз сүтті анасы! Майлы желін, собық емшектен сорғалап тұрған бал шырып! Тобыл мен Торғай, Әйет өзендерінің жайқын алаң, кең тоғайлы жыныстары қандай шүйгін болса, суы да бал, топырағы да торқа.

Қостанай жеріндегі Жетікөл, Аманқарағай, Торғай ойпатының тоқсан көлі — бәрі де күні бүгін: «Өз аймағымның әуе райына шипамды молынан бердім, топырағының құнарын арттыруға да мен қосқан дару-дәрмек аз емес. Әйтсе де осыны пайдалана білген, сараң жердің емшегін идіре білген ер-азамат еңбегіне не жетсін!» дейтін секілді. Иә, балғын көлдерге тіл бітсе осылай дерінде сөз жоқ!

Бірақ осындай ойдым-ойдым «ағашы абат» ну тоғайлы, балғын көлдер мен арналы өзендер бола тұрса да, Қостанай даласының егістік танаптарында бірде-бір гектар суармалы жер жоқ. Бабын тапсаң — жер жомарт. Қас-қабағына карап көңілін ауламасаң, қыңырайып, емшегін имей қоятын тәтік мінезі жиі кездеседі. Шөлдегі егін де бір, ботасы өлген боз інген де бір. Жердің ботасы — су той, ботасыз інгенді қалай идіресін! Ботасының тұлыбын иіскетіп, алдап идіретін түйе де емес жер деген. Оған нәр керек, қорек керек.

Ал Қостанайдың жалпақ даласын диқан халық биыл қалай идірді?

Тайталасы күшті алып күрес өткен жылдың күзінен басталып еді. Жерді баптап, тұқымды сайлап қою керек болды. Дәнді дақыл егілетін жердің бәрі жыртылып, зябь айдалды. Астық үшін жорық қыстың көзі қырауда да толастаған жоқ. Жыртылған жердің бәріне қар тоқтатылды; ол жердің әр гектарында жал-жал боп ең жұқасы бір метр күрткі жатты. Жазғытұрым сірескен тоң жібіп, қар ерігенде жерге керекті құнар-ылғал молынан сіңіп жатты. Болашақ егінің шығымды болуына мықты негіз осы еді. Жылдың әр мезгілінде жеткенінше дәнді егістің жарты миллион гектардай жеріне минерал тыңайтқыш шашылып, қорек берілді.

Осындай күрделі шаралар іске асырылса да, көктемде Қостанай облысының әуе райы тіл алмайтын қарыспа баладай тағы да торсаңдап сазарып бақты. Қатал табиғат ызғарын шашып тұрып алды. Ызғарлы күннің өзінде-ақ арам шөп көктеп, бой салып бара жатты. Енді оны үктей құрту жорығы басталды. Майдың екінші он күндігі аяқтала бергенде ғана механизаторлар сап түзеп жорыққа шыққан сарбаздардай жаппай атқа қонған-ды. Төрт жарым миллион гектардай жерге бас-аяғы он күнге жетпей тұқым сеуіп аяқтауға қаншама ұйымшылдық, қандай қаһармандық керек болды десеніңші! Қоян-қолтық қимыл етіп, агротехника шараларын бұлжытпай іске асыру арқасында арам шөптен қылтан жоқ, бапты жерде себілген тұқым дүрілдей қаулап кетті.

Қостанай жерінен Отан қоймасына құйылған 266,2 миллион пұт асыл дән жорығының бастапқы күндері осындай еді.

### ОЗҒЫНДАР ӨНЕГЕСІ

Жорықтың екінші кезені қауырт, ең күрделі, үрдіс кезең болатын. Бітік шыққан үш миллион сегіз жүз сексен мың гектар бидай, үш жүз отыз мың гектар арпа, жүз жиырма бес мың гектар тары, төрт жүз жетпіс мың гектар жүгері дәнін төкпей-шашпай орып, жиып, бастырып, қоймаға құюдың қарбалас қауырт күндері кім-кімді де састырмай қоймайтын еді.



Ал Қостанай егіншілері саса қойған жоқ. Себебі, майдан жарағы — жиырма мың комбайн, он төрт мың жатка, неше мың машина, молотилка, дән ұшырғыш, дән тиегіш жедел техника — сақадай сай тұрды. «Ал!» дегенде бәрі де бәйгеге тұтасынан қосылып кеп кетті. Қостанай, Жітіқара, Рудный, Арқалық сияқты өнеркәсіп орталықтары көмекке мың-мыңдаған адамдар жіберіп, механизм күшін де топ-тобымен жөпелтті. Украинаның бір өзінен Қостанай астығын жинасуға 4 500 комбайншы келді. Студенттер, Совет Армиясының жауынгерлері қаптап келіп жатты. Міне жергілікті дикандармен, механизаторлармен қол-қолтық іске кіріскенде күніне он мыңдаған гектар жердің егін орылып, бастырылып, қырман толы тау-тау қызыл дән күн сайын жүз мың пұттан Отан қоймасына өткізіліп жатты.

Қостанай егінші жинауда қаһарманша қимыл еткен ерлер көп. Оның бәрін атауға орын жетпес. Тек бірнешеуін атасақ болар дейміз.

...Міне Димитров атындағы совхоздың комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Николай Балло. Ол күнбе-күнгі жұмыс нормасын кемінде екі еседен асыра орындап, аудан, облыс көлеміне үлгі болды. Николайдың отрядына қосылған Владимир мен Виталий Комаровтар да ерлерше қимыл етті. Балло бастаған отряд бөлектеп орудың өзінен мың жарым гектар егін шапқан. Бөлектеп орудың осындай үлгісі бүкіл облысқа жайылды. Он төрт мың жатканың қиып тастап кеткен бидайы іле жиналып, қырманға тасылып, бастырылып жатты. Осындай техника күшін орны-орнына сайма-сай пайдаланғанның арқасында Димитров атындағы совхоз механизаторлары орақты көршілес шаруашылықтың бәрінен бұрын бітіріп, егінші бастырып та болып, кенжелеп қалғандарға қолының ұшын жалғап үлгірді. Озғындардың өнегесі деп осындайды айтар болар!

Облыстағы Боровский ауданын мекен еткен «Введен» совхозының комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Ғ. Қаюмовтың іс үлгісі ерекше бір алуан. Бұл батыр егін орағына тоғыз жыл қолма-қол араласқан. Содан бері он мыңдай гектардың егінші орыпты. Биылғы науқанда Ғ. Қаюмов алты жүз сексен гектар жердің егінші орып, жетпіс екі мың пұт астық бастырған. Оның өзіне бекітілген сексен төртінші номерлі «СК-3» комбайны қашан да бабында. Жетік те шебер комбайншы өз кемесін тұлпарындай баптап, үстіне шаң жуытып көрген емес. Ғ. Қаюмов бастаған топтағы Анатолий Кошкин, Виктор Верховик секілді комбайншылар да облыс механизаторларының ең үздік саңлақтары.

— Әлі есімде, — дейді Ғ. Қаюмов, — өткен августың он бірі еді. Ерте тұрып егін-жайды аралап келемін. Жан-жағыма құмарта қараймын. Дарқан дала төсіндегі дән үкілі көркіп тербелте еркін дем алып жатыр. Ауыр салмақты бидай басы ырғала түсіп, таң самалымен толқындалып тұр. Соған көз тігемін де: «гектар сайын кемінде жүз жиырма бес — жүз отыз пұттан берерсің-ау» деп топшылаймын. Егін орағы басталысымен-ақ әр гектардан өнген дәнді есептеп, өзім оған тапаптарды өлшеумен болдым. Шамам шама-ақ екен — гектардың алды жүз елу, кемі жүз жиырма пұттан айналды. Кемемнің қазанына тәулік сайын кемі алты жүз елу пұттан түсті де отырды. Совхозымыз бір миллион жарым пұттай астық берді Отанға. Мұндай мол өнім біздің «Введен» совхозының тарихында бұрын-соңды болып көрген емес.

Осындай қаһармандар тек Қостанай атырабында ғана ма екен? Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Целиноград, Павлодар, Ақтөбе, Орал, Алматы облыстарының кез келген аймағын аралап өтші! Ауыл, колхоз, совхоз сайын заманның алғыр техникасын ерттеп мініп, комбайндар мен жаткалардың алмас шалғысын қылшылдата сілтеген ерлерді топ-тобымен көрер едің.

Бәрін тізе беруге орын да жоқ, оның керегі де шамалы. Себебі, биылғы миллиардқа үлес қосқан облыс, аудан, жеке шаруашылықтың



бәрі де, олардың қаһарман еңбеккерлерінің аты да тарихтың алтын тұғырына жазылады. Биылғы жылы Қазақстанда жоспарын екі, үш еседен артық орындамаған колхоз, совхоз, аудан кемде-кем. Жалпы республика еңбеккерлері ұйымшылдықпен еңбек етті, ғылым-техникаға сүйене отырып, жер ананың бабын таба білді.

Жақында республикамызға қуанышты хабар жетті. Астық, ет, сүт, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруді және дайындауды молайтуда қол жеткен табыстары үшін Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Ақтөбе облыстары Ленин ордендерімен наградталды.

### СЫР АЛҚАБЫ — АҚ КҮРІШ

Халқымыз күрішті сүйгендіктен «ақбикеш» атап кеткен ғой. Осы ақбикештің ата-бабасы ежелден біздің Сыр бойынан өрбіген. Сыр алқабы — ақбикештің анасы. Бірақ топырақ ананың шөлін кандырып, қорегін таппасан, жарылқай қоймайтын әдеті ғой.

Сыр диқаны жаз бойы суды кешіп, ақбикештің көңілін аулаумен болды биыл да. Ақбикеш асыл болғанмен, оның азабы көп, бабы қиын. Сондықтан Қызылорда облысы биыл бес миллион пұттан асырып күріш берді дегенде қуанышымызда шек болған жоқ. Қуана отырып, Сыр диқандарының өткен жазда басынан кешкен ерлік еңбегін елестеттік.

Сол еңбектің арқасы ғой, жалпы облыс көлеміндегі күріш егісінің әр гектарынан жүз тоқсан пұттан өнім алыныпты. Бұл деген бұрын-соңды Сыр бойында болып көрмеген өнім. Ал жеке звеноларда керемет табысқа жеткендер бар. Мәселен, Сырдария ауданы, XXI партсъезд атындағы совхоздың бір звеносын басқаратын Социалистік Еңбек Ері Қасым Бөдеевтің биылғы өнімін нағыз рекорд деуге болмас па! Қасым жиырма гектар егістің әр гектарынан төрт жүз сексен пұттан өнім алмақты, іс жүзінде жиырма гектардың әрқайсысынан алты жүз елу пұттан өнім алды. Қасымның бұл табысынан асқан өнім бүкіл Одақта жоқ.

Асылы, Қасым басқарған звеноның биылғы егіс көлемі сексен гектар болатын. Өзі баптаған жиырма гектарынан түскен өнім жоғарыдағыдай болса, әрқайсысы жиырма гектардан күтетін Смағұл Тұсмағамбетов, Тынымбай Ақтаев, Қапан Сәдуақасовтың егіні де өнім жағынан онша олқы болған жоқ: қайсысы төрт жүз жиырма пұттан, қайсысы гектар сайын алты жүз пұттан алып отыр.

Мұндай өнегелі істер Сыр бойында аз емес. Себебі, Сыр диқандарының білікті ұстазы бар. Ол ақ күріштің атасы Ыбырай Жақаев. Бұл диқан-ата күрішшілерге үлгі-өнеге болып қана қоймай, уақытын тауып, мектеп шәкірттеріне де өз тәжірибесін оқтын-оқтын әңгімелеп отырудан әсте жалықпайды.

\* \*  
\*

Миллиард пұт астық! — Қазақстан еңбекшілерінің адал еңбек, мандай терінен құйылған алтын дән, асыл дәм. Жана бесжылдықтың тұңғыш жылында айрықша абыройлы болып, еліне миллиард пұт астық құйып, атағынды асырды Қазақстан диқаны!

**Ғабдол СЛАНОВ.**



## Партияның жауынгер буындары

*К. МЕНДІБАЕВ.*

*Қазақстан КП Орталық Комитетінің ұйымдық-партиялық жұмыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары*

Қай істе болса да табыстың ең сенімді кешілі — адамдармен жұмыс істесе білу, олардың ой-мүддесін, талап-тілегін танып отыру. Біздің партиямыздың ұйымдастыру және саяси жұмыстағы бай тәжірибесі осыны дәлелдейді. Партия ұйымдары, коммунистер бұл қағиданы өз қызметінде берік қолданады және оны неғұрлым тиімді пайдалануды әрқашан есте сақтайды. Цехта немесе фермада, құрылыс алаңында не станок басында — әйтеуір өндірістің кез келген буынында — коммунист өз айналасындағы адамдарға ақылшы, сыралғы дос, үлгі-өнеге бола білуі керек. Ал дәл осындай мүмкіндік бәрінен бұрын цехтық партия ұйымдарында, әсіресе партия топтарында бар.

ҚПСС XXIII съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыра отырып, партия өзінің бастауыш ұйымдарының іскерлік дәрежесін, жауынгерлік алғырлығын үздіксіз арттыра беруді бір сәтке де естен шығармайды. Ол ұйым жұмысына әрбір коммунистің белсене араласуын қамтамасыз етуді, олардың өз ұйымдарындағы және бүкіл партиядағы істің жайына деген жауапкершілігін шындауды көздейді. Соңғы кездері партия ұйымдары өз қатарын біршама толықтырып, ұйымдық жағынан едәуір нығая түсті. Олардың практикалық жұмыстағы күш-мүмкіндіктері де артты. Республиканың партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарын құрылымдық жағынан нығайтуда да бірталай шараларды жүзеге асырып келеді.

Қазіргі кезде республика партия ұйымдарында 9 мыңнан астам цехтық партия ұйымы, 11 мыңдай партия топтары бар. 6 мыңдай цехтық ұйым бастауыш партия ұйымының правосымен найдаланады. Осылардың барлығы дерлік заводтар мен фабрикалардағы, жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердегі, егіс далалары мен фермалардағы қуатты күшке айналған. Олар — коллектив ұйтқысы, бастауыш партия ұйымдарының сенімді көмекшілері.

Жақында болып өткен есеп беру-сайлау жиналыстарында партия топтарының, сондай-ақ бригада, бөлімше, ферма партия ұйымдарының жұмысын жетілдіре түсуге зор мән берілді. Бұл түсінікті де. Өйткені өндіріске, қалың бұқараға дәл осы ұйымдар етене жақын. Шаруашылықтың әралуан саласына партиялық басшылық тікелей солар арқылы жүзеге асырылады.

Цехтық партия ұйымдары мен партия топтары тек өндірісті өркендетумен шұғылданып қана қоймай, басты назарды тәрбие жайына, жеке адамның мақсат-мүддесін сергек сезінуге аударады.



Партияның төменгі буындары тае-түйін бірлесіп, ыстық ықыласпен жұмыс жүргізген жағдайда істің қандайлық нәтижелі болатындығын биылғы астық дайындау науқаны айқын көрсетіп берді. Колхоздар мен совхоздардағы цехтық партия ұйымдары және партия топтары коммунистерді, бүкіл диқандар қауымын Қазақстанның мол астығы жолындағы күреске жұмылдыра білді. Барлық ұйымдастыру және саяси жұмыс осы мақсатқа бағындырылды. Қостанай, Целиноград, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Орал, Қарағанды, Ақтөбе және басқа облыстардың колхоздары мен совхоздарындағы цехтық партия ұйымдары, партия топтары толып жатқан тамаша істерге мұрындық болды. Ақыры бұлардың еңбегі жанды — республика Отан қоймасына бір миллиард пұттан астам астық күйіп, үлкен абыройға ие болды.

Қостанай облысынан бір мысал келтірейік. Федоров ауданына қарасты Федоров совхозының № 3 бөлімшесі биыл тек аудан көлемінде ғана емес, бүкіл облыста танылып отыр. Бөлімше еңбеккерлері мемлекетке жоспардағы 43 640 центнердің орнына 90 600 центнер алтын астық тапсырып, миллиардқа мол үлес қосты. Осындай табыс туралы айтқанда мұндағы әрбір жақсы істің бастаушылары да, бірінші қостаушылары да коммунистер болғандығын айрықша атап өткен мақұл. Бөлімшедегі цехтық партия ұйымы (секретары И. М. Аман жолдас) коллективтің нағыз ұйтқысы, көш бастары бола білді.

Ұйымда 12 коммунист бар. Олардың барлығы совхоз өндірісіне белсене араласып келеді. Ал орақ кезінде коммунистер науқанның ең жауапты буындарында тұрды, жеке өнегелерімен бөлімше еңбеккерлерін ерлік іске жігерлендірді. Дән тасқыны күндіз-түні толастамай, ағылумен болды. КПСС мүшесі В. П. Левин тамаша еңбек үлгісін көрсетті. Ол «СК-3» комбайнымен 655 гектар жердің бидайын дестеге салды, 313 гектар егін жинап, 5 106 центнер астық бастырды.

Диқандар арасында үгіт-бұқаралық жұмыс жақсы жолға қойылды. Социалистік жарыс кең өрістелі. «Жалғыз дән де жерде қалмасын!» деген ұранды да коммунистер көтерді. Осының нәтижесінде әр гектар жердің түсімі 20,6 центнерден айналды.

Приурал ауданына қарасты Ленин атындағы колхоздың № 1 бригадасындағы цехтық партия ұйымы да (секретары А. И. Божко жолдас) дәл осындай толып жатқан игі істердің иесі. Бұл ұйымда 49 коммунист бар. Олардың барлығы колхоз өндірісінің шешуші учаскелерінде еңбек етеді. Ұйым бригаданың бүкіл жұмысына бағыт-бағдар беріп отырады. Бірақ ол колхоз басқармасының, бригадирдің тікелей ісіне қилікпейді, оларды билеп-төстеп кетпейді, қайта солармен бірлесе, ақылдаса отырып жұмыс жүргізеді. Партиялық басшылықты жүргізуде цехтық ұйым өз ерекшелігің, өзіндік әдісін сақтайды. Басты назарды адамдар арасындағы саяси-тәрбие жұмысына аударады. Коммунистердің бәрінде де партиялық тапсырма бар. Партбюро мәжілістері мен партия жиналыстары уактылы өткізіліп, онда көпшілікті толғандырып жүрген жайлар кең талқыға салынады. Осының бәрі бригада мүшелерінің сана-сезімін едәуір арттыруға себепші болып отыр. Қазір мұндағы әрбір семья 3—4 дана газет не журнал алдырып оқиды. Бригада мүшелерінің социалистік жарысқа деген ынтасы да айрықша. Мұнда жылма-жыл мол астық жиналып келеді. Тек биыл ғана бригада мемлекетке 24,5 мың центнер астық өткізді. Партия ұйымы жүргізіп желе жатқан қыруар жұмыстың бір нәтижесі міне осындай.

Өндірісті өркендетуде, адамдарды коммунистік рухта тәрбиелеуде цехтық партия ұйымдары қаншалықты зор роль атқаратындығын Балқаш балық комбинатындағы Ақөлең балық қабылдау пунктінің өмірінен айқын көруге болады. Пункттегі цехтық партия ұйымында 26 коммунист есепте тұрады. Олардың тең жартысы — қатардағы балықшылар. Қазақстан Компартиясы XII съезінің делегаты Иханбаев, Балқаш



қалалық партия комитетінің мүшесі Қонақбаев, қалалық Советтің депутаты Төлегенов сияқты коммунистер бүкіл Балқаш атырауына аты жайылған әйгілі еңбек иелері. Олар партиялық жұмысқа да белсене араласады. Сондай-ақ ұйымның басқа мүшелері де партиялық-ұйымдастыру жұмысын өздерінің төл ісі санап, балықшылар арасындағы тәрбие жайына сергек көңіл бөліп отырады, үгіт коллективіне басшылық етеді, қабырға газеттерін шығарысады. Қандай маңызды мәселе болса да ұйымның жалпы жиналысына салынып, коммунистердің ой елегінен екшеліп, дұрыс шешімін тауып отырады. Цехтық партия ұйымының осындай творчестволық белсенділігі арқасында Ақөлең балық қабылдау пункті бүкіл комбинат бойынша алдыңғы орында келеді.

Цехтық партия ұйымдарының үлгілі істері жайлы мысалдарды көптеп келтіруге болады. Барлық аудандық, қалалық партия ұйымдарында өзгелерге өнеге боларлық бірді-екілі цехтық ұйым бар екені сөзсіз. Олардың тәжірибесін басқа ұйымдарға тарату жолында айта қаларлықтай жұмыс жүргізіп келе жатқан партия комитеттері де аз емес. Толып жатқан цехтық партия ұйымдары мен партия топтарының өнегелі өркендерін жан-жақты дамыта беру, оларды тынбастан насихаттау біздің ісіміздегі аса маңызды бағыт болып қала бермек.

Амал нешік, жұмыс жайы барлық жерде бірдей талапқа сай емес. Партияның ең төменгі буындарына жеткілікті мән бермейтін партия комитеттері де бар.

Соның салдарынан кейбір цехтық партия ұйымдары жұмысты тым сылдыр жүргізеді. Олардың басым көпшілігіне тән бір кемшілік — белгілібір жүйенің, творчестволық шабыттың жоқтығы. Мұндай ұйымдар өндірістің өзекті мәселелерінен бойын аулақ салып, көбінесе ұсақ-түйек істермен айналысады, адамдардың ой-мүддесін білмейді, коммунистерден тапсырылған іске жауапкершілік талап етпейді. Ал кейбір қалалық және аудандық комитеттер бұл кемшіліктерді жою бағытында ешқандай нақты шаралар қолданбай отыр. Олар әдетте цехтық партия ұйымдарының жұмысы түгелдей мекеме, колхоз және совхоз парткомдарының назарында болуға тиіс деп санайды да, өздері сырттай бақылаушының, жалпылама кеңес пен нұсқау берушінің ролінде қала береді.

Шынын айту керек, кейбір партком секретарьлары цехтық партия ұйымдарының жұмысын жақсартуға, секретарьларына партиялық жұмыстың формалары мен әдістерін үйретуге ден қоймайды. Мысалы, Шиелі ауданындағы «Гигант» колхозында 8 цехтық партия ұйымы құрылған. Колхоз парткомының секретары Әбілқасымов жолдаспен әңгімелесе қалсаңыз, қай жерде қандай цехтық ұйым барын, онда қанша коммунист есепте тұратынын мүдірмей айтып шығады. Осындай бір әңгіме үстінде ол жақында партком № 1 бригададағы партия ұйымы секретарының есебін тыңдағанын мақтанышпен айтты. Ал ұйым жұмысындағы мақтауды жайлар қайсы, кемістіктері қандай деген сауалға Әбілқасымов жолдас мардымды ештеңе айта алмады. Және бір өкініштісі, осы ұйымның жұмысын тексеруді партком Әбілқасымов жолдасының өзіне тапсырған екен. «Тексерген» түрі жаңағы. Міне жұмыстағы формализм мен қырсыздық деген осы.

Цехтық партия ұйымдары секретарьларының көп жағдайда партиялық шаруашылықты дұрыс жүргізе алмайтындығына да айрықша назар аударған жөн. Жұмыс жоспарын жасауда, жиналыс протоколдары мен коммунистердің есебін жүргізуде толып жатқан шалағайлықпен сауатсыздық кездеседі. Кейде олар кез келген қағазға жазыла салады, көрінген жерде жатады. Партиялық документтерге бұлай қарауға әсте болмайды. Әрбір цехтық партия ұйымы, оның секретары жұмыстағы ұқыптылықты осыдан бастағаны жөн.

Жиналыс туралы бір-екі ауыз сөз. Уақтылы өткізіліп тұратын және күн тәртібіне коммунистердің қалың көпшілігін толғандырып жүр-



ген мәселелерді дер кезінде қойып, дұрыс шешетін жиналыстар партия ұйымының өміріндегі маңызды оқиға екені белгілі. Дегенмен көптеген цехтық ұйымдарда партия жиналысы мезгілінде өткізілмейді. Ал өткізіле қалғанның өзінде шалағайлыққа жол беріледі. Мәселен, осы жылғы июль айында Жарма ауданына қарасты «Первомайский» совхозындағы № 1 фермада цехтық партия ұйымының жиналысы болып, онда комсомол жұмысына басшылық ету жайы талқыланған. Қаралған мәселе бойынша ұйым секретары Зыкаев жолдас есең берген, жарыс сөзге ферма меңгерушісі Мұсабаев жолдас шыққан. Осымен жиналыс тамам болып, шикілі-пісілі қаулы қабылданған.

Партия жиналысының маңызы зор. Сол себепті оған творчестволықпен, егжей-тегжейлі әзірлену керек. Бұл коммунистердің белсенділігін арттырып, оларды ширата түседі, мәселені жеңіл-желпі емес, терең талдауға мүмкіндік тудырады. Сондықтан барлық цехтық партия ұйымдары жиналысты уақтылы өткізіп тұратындай жағдайға жетуіміз керек. Бұл жиналыстарда қаралатын мәселелер егіс жұмыстарының барысы, мал төлдетудің қорытындылары, пішен дайындаудың жайы деген сияқты нақанды жұмыстар жайымен шектеліп қалмай, басты назарды тәрбие мәселесіне, коммунистер жауапкершілігіне, саяси-бұқаралық жұмыстың міндеттеріне аударып отырса, нұр үстіне нұр.

Сонымен бірге цехтық партия ұйымдарын жұмысты ай сайын жасалатын жүйелі жоспармен істеуге дағдыландырудың зор тәрбиелік мәні бар. Әрине, бұл жоспар парткомның не партбюроның іс жоспарымен тығыз ұштастырылғаны жөн.

Цехтық партия ұйымдарының іскерлік қабілетін шыңдауда аудандық және қалалық партия комитеттерінің атқарар міндеті қыруар. Олар әрбір ұйымның қызметін терең зерттеп, бұларда күн сайын туындап жататын жаңалық атаулыны, игі бастамаларды жарқыратып көрсете білулері қажет. Әсіресе цехтық партия ұйымдарының секретарьларын дұрыс іріктеп алудың және тәрбиелеудің мәні зор. Олар әдетте күнбе-күнгі ақыл-кеңеске, нақты көмекке зәру болып отырады. Міне осындай жағдайда аудандық не қалалық партия комитеттері үзбей көмектесіп отыруға борышты.

Цехтық партия ұйымдарының секретарьларын оқытудың формасы мен әдісі жайлы да біраз ойлануға тура келетін сияқты. Кейбір қалалық немесе аудандық партия комитеттері цехтық ұйымдардың секретарьларын ең үлгілі деген партия ұйымдарының біріне шақырып, соның тәжірибесі негізінде семинар өткізуді дағдыға айналдырып жүр. Мүмкін, осы тәжірибе кеңінен қолдануды қажет ететін болар. Мұндай семинарларда цехтық партия ұйымдарының секретарьлары тек лекция, баяндама тыңдаумен шектеліп қалмай, өздері де оған белсене қатысып, партиялық-ұйымдастыру жұмысының түрлі салаларынан тәжірибе алмасар еді.

Қазір партия активінің, бүкіл коммунистердің партиялық жұмыс формалары мен әдістерін жетілдіруге деген ынтасы айрықша. Бұл бағытта едәуір тәжірибе жинақталды және күн сайын жаңа пікірлер мен ұсыныстар айтылуда. Біздіңше, ендігі жерде цехтық партия ұйымдары мен партия топтарының жұмысын тек бюро мәжілістерінде ғана емес, пленумдарда және бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында арнайы мәселе ретінде талқылап отырудың мезгілі жеткен сияқты. Ал, ең негізгісі, олар аудандық, қалалық партия комитеттерінің күнбе-күнгі назарында болғаны абзал. Цехтық партия ұйымдары мен партия топтарының жұмысын ширату, олардың іскерлігі мен жауынгерлік қабілетін шыңдау — бүкіл ұйымдастыру ісін жетілдірудің, еңбекшілер арасында партиялық ықпалды онан әрі күшейтудің пәрменді кепілі.



# Совет мекемесінің коммунистері

Алматы қаласының Совет ауданында ірі-ірі республикалық органдардың, министрліктер мен басқа да мекемелердің басым көпшілігі орналасқан. Осыған байланысты аудан партия ұйымының да едәуір үлесі мекемелердегі бастауыш партия ұйымдарына тиесілі. Бұған мысал ретінде мынаны айтсақ та жеткілікті: егер ауданда 279 бастауыш партия ұйымы бар болса, солардың 134-і министрліктердегі, басқа да совет мекемелеріндегі ұйымдар.

Министрліктер мен басқа да республикалық органдар, сайып келгенде, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, құрылыстың, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларында партия мен үкімет директиваларының жүзеге асырылуына басшылық ететін, соны ұйымдастыратын штаб іспеттес. Осы штабтың сан алуан буынында 3 964 коммунист еңбек етеді.

Министрліктер мен республикалық органдардағы партия ұйымдарының бүкіл қызметі КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март, сентябрь Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыруға негізделіп келеді. Бұған XXIII съезд бен май (1966 ж.) Пленумы алға қойған ұлан-ғайыр міндеттерді қоссақ, мұндағы бастауыш партия ұйымдарының атқарары мен тындырары қаншалықты зор екенін аңғару қиын емес. Осы алуандас міндеттерді жүзеге асыруда тиісті мекемелердегі коммунистер едәуір табысқа жетіп келеді. Атап айтқанда, министрліктер мен мекемелердің көпшілігіндегі аппарат жұмысы жақсарып, мемлекеттік тәртіп нығая түсті, әрбір қызметкердің өзіне тапсырылған іске деген жауапкершілігі артты, кадрларды іріктеп алу ісі дұрыс жолға қойыла бастады. Мұның бәрі партиялық-ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыстың жақсаруының нәтижесі десек, асыра айтқандық болмайды.

Қазақ ССР Құрылыс министрлігіндегі бастауыш партия ұйымын алайық. Мұндағы коммунистер партиялық-ұйымдастыру жұмысының стилі мен әдісін жетілдіре түсуде біршама нәтижелі жұмыс атқарып келеді. Ұйым жұмысының қандай қыры болса да министрліктің алдында тұрған келелі міндеттермен тығыз ұштасып, үндестігін содан тауып жатады, соған бейімделеді. Партия бюросы өз қызметіндегі басты мақсат ретінде мыналарды алға қойып отыр: аппарат жұмысының стилі мен әдісін жетілдіре беру, қызметкерлерді қатаң тәртіп және іске деген жауапкершілік рухында тәрбиелеу, сөйтіп министрліктің алдында тұрған өндірістік міндеттердің ойдағыдай орындалуына жету.

Министрліктің басқармалары мен бөлімдері құрылыс жұмыстарының барысына бақылауды күшейте түсті. Осының нәтижесінде өткен жылы халық шаруашылығы үшін аса маңызды құрылыс объектілерінің бірлешеуі мезгілінен бұрын пайдалануға берілді. Ал бақылау ісін бастан-аяқ бастауыш партия ұйымы өзі басқарып, оның әсерлі де тиімді болуын жіті қадағалап келгенін ескерсек, бұл тұста да коммунистердің қаншалықты маңызды міндет атқарғанын байқау қиын емес.

Саяси-бұқаралық жұмысты жақсартуға ерекше көңіл бөлінді. Партия оқуы дұрыс жолға қойылды. Ол биыл да ұйымшылдықпен басталды. Коммунистер түгелімен саяси оқуға тартылып отыр.

Партиялық-ұйымдастыру жұмысы ойдағыдай болған жерде шаруашылық міндеттердің де дұрыс шешімін табатыны белгілі. Өткен жылдың өн бойында министрліктің экономикалық көрсеткіштері жақсарған үстіне жақсарумен болды. Тікелей құрылыста болсын, құрылыс қажетін өтейтін өнеркәсіпте болсын еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі жоспар асыра орындалды. Министрліктің құрылыс орындары көп жылдардан бері тұңғыш рет рентабельділікке жетті.

Коммунистерді, барша қызметкерлерді коммунистік биік мұраттар рухында тәрбиелеу, олардың идеялық шыңдалуына жету — мекеме



партия ұйымдарының қызметіндегі ең басты міндеттің бірі. Осы орайда республика Финанс министрлігі бастауыш партия ұйымының іс тәжірибесіне тоқтала кеткен жөн. Министрліктің коммунистері өздерінің күнделікті ұйымдастырушылық қызметінде кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу ісіне тікелей араласып отырады. Мұның нәтижесінде министрліктің аппараты экономикалық білімі мен тәжірибесі мол, саяси даярлығы жақсы көптеген кадрлармен толықтырылды. Партия ұйымы саяси-бұқаралық жұмыстың тізгінін бір сәт те босансытқан емес. Мұндағы 80-нен астам үгітші кадрлардың, әсіресе жастардың идеялық шыңдалу мектебінен өтуі үшін аянбай еңбек етіп жүр. Олардың ішінде басшы қызметкерлер мен партия, кәсіподақ ұйымдарының белсенді мүшелері бар. Үгітшілер КПСС XXIII съезінің шешімдерін жұртшылыққа кеңінен түсіндіріп, олардың күш-жігерін келелі міндеттерді орындауға жұмылдырып келеді.

Аппарат қызметкерлерінің балаларын тәрбиелеу мен қоғамдық тәртіпті қорғау жайлары да партия ұйымының назарынан тыс қалмайды. Әсіресе халық жасақшыларының жұмысы айта қаларлықтай. Оның қатарында 117 адам бар.

Мұнда коммунистердің саяси білімін арттыруға да айрықша көңіл бөлінген. Өткен жылы партия оқуының жоғарғы буынында 109 коммунист оқыды. Партбюро оларға ақыл-кеңес беріп отыру үшін арнаулы консультанттар бөлген. Биыл да осы тәжірибе қолданылып отыр.

Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Тамақ өнеркәсібі министрлігіндегі бастауыш партия ұйымдары коммунистердің жиналыстарын тартымды да мазмұнды өткізу жөнінде едәуір тәжірибе жинақтаған.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдері Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен ондағы бастауыш партия ұйымының алдына жоспарлау ісін мықтап жақсарту, оны ғылыми негіздеу, әр адамның іске деген жауапкершілігін арттыру жөнінде қыруар міндет қойды. Міне бастауыш партия ұйымының соңғы кездегі жүргізген бүкіл қызметі осы міндеттерден туып отыр. Бір жылға жетпейтін уақыт ішінде әлденеше рет жалпы партия жиналысы өткізіліп, онда жоспарлауды жақсарту, бесжылдық жоспар жасауда Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен оның партия ұйымының міндеттері; Қазақстан Компартиясы XII съезінің шешімдерін жүзеге асырудағы партия ұйымының міндеттері туралы; КПСС XXIII съезі және алдағы алар асулар, тағы сол сияқты ірі-ірі мәселелер қаралды.

Комитеттің толып жатқан бөлімдері бар. Әрине, олардың әрқайсысының алдында өздеріне тән міндеттер, шешілмей жатқан көп түйіндер бар екені даусыз. Міне осыларды коммунистер талқысына салып, жүйелі жұмыс жоспарын жасауда цехтық партия ұйымдары үлкен жұмыс атқарып келеді. Олардағы партия жиналыстары мен партбюро мәжілістерінде бөлімдердің жұмысы жайлы болсын, ішкі партиялық, ұйымдастыру жұмысы жайлы болсын мәселе жиі қаралып тұрады.

Жоспарлау комитетінің жеңіл және тамақ өнеркәсібі бөлімдеріндегі коммунистер «Өнім сапасын жақсартудағы және жаңа үлгілерді игерудегі партия ұйымының міндеттері туралы» мәселені ұйымның жалпы жиналысында талқылады. Онда өнім сапасын нашарлатып отырған басты себеп жоспарлаудағы кемшіліктер екендігі атап көрсетілді, оларды жоюдың нақты жолдары белгіленді.

Немесе ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы бөлімдеріндегі партия ұйымдарының жұмысын алайық. Бұл ұйымдарда жер-жерге командировкаға барып келген коммунистердің есебін тыңдау дәстүрге айналған. Мысалы, ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Жәркешев жолдас Целиноград облысының совхоздарында болып, олардың өндірістік қызметіне талдау жасаған. Осы жолғы командировкадан есеп бере отырып, Жәркешев жолдас экономикалық жұмыс саласын-



дағы кемшіліктер, оларды болдырмау жолдары жайлы бірталай пікірлер айтты. Коммунист Богатырев жолдас та дәл осындай есеп берді.

Тамақ өнеркәсібі министрлігінде 11 цехтық партия ұйымы бар. Олардағы коммунистердің барлығы партиялық-ұйымдастыру және саяси-тәрбие жұмысына белсене араласады. Мәселен, министр А. П. Шеффер жолдас бұқара алдында жиі-жиі баяндама жасап отырады. Ал министрдің орынбасарлары А. Қыстауов, В. И. Макаров, Н. А. Поздняков жолдастардың бірі — халық жасақшыларының командирі болса, екіншісі — партбюро мүшесі, енді бірі — біріккен кәсіподақ комитетіне мүше.

Совет мекемесінің партия ұйымы әкімшілік жұмысын бақылау правосымен пайдаланбайтыны белгілі. Алайда бұдан ондағы коммунистер мекеменің қызметіне елеулі ықпал ете алмайды деген ұғым тұмауы керек. Бұл ықпал ең алдымен тәрбие ісін жақсарту, әрбір қызметкердің өз міндетіне деген жауапкершілігін арттыру арқылы жүзеге асырылатынын ескерген жөн. Біздің ауданға қарасты министрліктердегі, мекемелер мен ведомстволардағы бастауыш партия ұйымдарының көпшілігі-ақ осы талапқа сай жұмыс жүргізуде.

Бұл тұрғыдан алғанда Коммуналдық шаруашылық министрлігіндегі коммунистер едәуір өнегелі істерге ие. Олар еңбек тәртібін нығайту, тәрбие жұмысын жақсарту сияқты міндеттерге сергек қарап келеді. Кішігірім тәртіп бұзушылықтың өзі едәуір сөз болып, кінәлі адамдар көпшілік тезіне салынады. Мысалы, соңғы кездері Шәнгереев, Свалбо, Баранова жолдастар дәл осындай талқыға түскен.

Партия жиналыстарының жиі өткізіліп, онда коммунистердің өз істерінен есеп беріп отыруы да коллектив арасындағы тәрбие жұмысын жақсартуға едәуір септігін тигізіп отыр. Әсіресе мұның жастар үшін зор ықпалы бар.

Әрине, аудан партия ұйымдарының жұмысындағы осы тәрізді жақсы нышандар мен игі істерді айтқанда біз оларда кемшілік жоқ деген пікірден мүлде аулақпыз. Кемшілік бар. Әсіресе мекемелердің жұмысында ширақылықты арттыра түсу керек-ақ. Бұған байыпты мән бермей отырған бастауыш партия ұйымдары көп. Сол сияқты қағаз бастылыққа, бюрократизмнің басқа да көріністеріне қарсы күресте кейбір партия ұйымдары әлі өз дәрежесінде емес. Мәселен, қағаз бастылық республика Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметкерлерін көптен бері тұралатып келген.

Министрліктің жауапты қызметкерлері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің көптеген нұсқау-қарарларын жүзеге асыруда дәрменсіздік көрсетіп келгендігі, нақты іспен айналысудың орнына неше түрлі бұйрық, анықтама, мәлімет жазумен отырғандығы кезінде әділ сыналған болатын. Мәселен, өткен бір жыл ішінде ғана министрлік қызметкерлерінің қолынан 60 мыңнан астам кіріс-шығыс қағаздары өткенін айтсақ та жеткілікті. Міне дәл осындай қағаз бастылыққа қарсы күресу, Орталық Комитет нұсқауларының орындалуын қамтамасыз ету — министрліктегі бастауыш партия ұйымының бірінші парызы. Алайда бұл жөнінде ұйымның тындырған ісі шамалы.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті үстеміздегі жылы Ауыл шаруашылығы министрлігі партбюросының есебі бойынша қаулы қабылдаған-ды. Онда бастауыш партия ұйымының жұмысындағы елеулі кемшіліктер атап көрсетілді. Бұл қаулы партия ұйымының кеңейтілген мәжілісінде талқыланып, коммунистер оны жүзеге асыру жөніндегі ой-пікірлерін ортаға салды. Қазір партбюро, барша коммунистер осы қаулыны орындауға бағытталған нақты істерге көңіл аудара бастады. Министрліктің бас басқармаларындағы цехтық партия ұйымдарының құрамы қайта қаралды, бірнеше цехтық ұйымдар құрылды. Цехтық



партия ұйымдарында өткен есеп беру-сайлау жиналыстарында коммунистердің көпшілігі Орталық Комитет атап көрсеткен кемшіліктер төңірегінде ой толғады, оларды жоюдың нақты жолдарын көрсетті.

Әрине, осындай игі қадамдардың жұмысқа жаңа леп әкелгендігі даусыз. Соңғы кездері Ауыл шаруашылығы министрлігіндегі бастауыш партия ұйымы аппарат жұмысын жақсартуға нақты көңіл аудара бастады. Ең алдымен, аппарат қызметкерлерін идеялық жағынан шыңдау жөніндегі партия ұйымының қолға алған істері қуанарлық. Мысалы, министрлікке қарасты басқармалардың басым көпшілігіндегі бастауыш партия ұйымдарында «Коммунистердің аппарат жұмысының стилі мен әдісін оған әрі жетілдіре түсу жөніндегі міндеттері туралы» деген тақырыпта партия жиналыстары өткізілді. Оларда көптеген сын-ескертпелер айтылды. Коммунистер аппарат жұмысын ширата түсуге бағытталған толып жатқан ұсыныстар енгізді.

Дегенмен бастауыш ұйымның жұмысында әлі де көп кемшілік бар. Бұл сияқты кемшіліктер басқа біраз совет мекемелеріндегі партия ұйымдарына да тән. Ендеше осы кемшіліктерден арылу, сөйтіп бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жандандырып, ширата түсу — аудан партия ұйымының қазіргі ең маңызды міндеті болып отыр.

Бұл міндетті жүзеге асыру жолында совет мекемелерінің, министрліктер мен ведомстволардың партия ұйымдарына күнбе-күн нақты көмек көрсетіп отыру үшін аудандық партия комитетінің жаңынан штаттан тыс сектор құрылды. Оны аудандық партия комитетінің мүшесі А. Орашев жолдас басқарады. Сектордың қызметкерлері бастауыш ұйымдарға жиі барып, олардың жұмысымен танысады, ұйым секретарьларына ақыл-кеңес беріп отырады. Аудандық партия комитетінің бюросында да совет мекемелеріндегі бастауыш ұйымдардың жұмысы жиі-жиі талқыланып жүр.

Жаңа бесжылдықтың алып міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыру ісі жергілікті совет және шаруашылық буындарының нәтижелі жұмысына, осы мекемелердің ширақтығына, алғыр басшылығына тікелей байланысты. Аудан партия ұйымы совет мекемелерінде істейтін барлық коммунистердің осынау өскелең талаптың дәрежесінде болып, барлық буында нағыз жетекшілік роль атқаруын көздейді.

**Р. СЫРҒАБЕКОВА,**

Совет аудандық партия комитетінің бірінші секретарь

Алматы қаласы.



## Ең бастысы—кемшіліктің алдын алу

КПСС XXIII съезі халық бақылаушыларының қызметіне жоғары баға берді. Партия мен үкімет шешімдерінің, директивалары мен нұсқауларының дәлме-дәл орындалуын қадағалап, тексеріп отыруда халықтық бақылау органдары өлшеусіз еңбек етіп келе жатқанын съезд қанағаттана атап өтті. Сонымен қатар съезд бізге биік талаптар қойып, алда тұрған міндеттерімізді айқындады, зор жауапкершілік жүктеді.

Осы сенім үдесінен шығу үшін Қызылорда облысының халық бақылаушылары да үлкен жұмыс атқарып келеді. Олардың қатарында 10 мыңдай адам бар. Ал егер күнделікті бақылау ісіне өндіріс озаттары, халық шаруашылығының мамандары, комсомолецтер мен жергілікті Советтердің депутаттары, үй шаруасындағы әйелдер мен пенсионерлер, қысқасы, халықтың қалың тобы кеінен қатыстырылатынын ескерсек, онда бұл біздің облыста да шын мәнінде бұқаралық қозғалысқа айналғанын сезіну қиын емес.

В. И. Лениннің: «Жұмысшы-шаруа инспекциясының міндеті — тек «ұстап алу», «әшкерелеу» ғана емес, тіпті де ол емес (бұл — соттың міндеті; Рабкрин сотпен жақын қатынаста болады, бірақ екеуі әсте де барабар емес), оның міндеті **түзей білу**», — деген сөздерін басшылыққа ала отырып, облыстың халықтық бақылау органдары кемшіліктердің алдын алуды өз қызметіндегі басты бағыт деп біледі. Олар өндірістегі бейберекеттіктің, ысырапқорлықтың болуына ешқандай санлау қалдырмау үшін күресуде. Өндірістің кей буындарында кемшілікке жол берілсе, халық бақылаушыларының назары дереу дәл сол учаскеге шүйіледі, сөйтіп кемшіліктің белең алуына ешбір жол қалмайды. Міне біздің облыстағы бақылау органдары осындай әдіспен жұмыс істеп келеді.

Қызылорда облысы атақты Сырдарияның мол берекесін емін-еркін пайдаланады. Осы дарияның арқасында оның халқы ежелдеп-ақ суармалы егіске дең қойып, диқаншылық етіп келеді. КПСС Орталық Комитетінің май Пленумы мелиорация және жер суландыру ісін өркендету, соның негізінде егіннің түсімін арттыру жөнінде нақты программа жасап берді. Ал бұл шешімдерді жүзеге асыруға қызылордалықтар қаншалықты зор ықыласпен кіріскендігі айтпаса да түсінікті.

Кең салалы мелиорациялық жоспарды орындауға, суармалы жерлерді пайдалануды жақсартуға халық бақылаушылары да белсене араласып келеді. Олар әр гектар суармалы жердің тиімді пайдаланылуын жіті қадағалайды, су шаруашылық құрылыстарының мезгілінде жүргізілуін бақылайды. Сонымен бірге күріш өсірудің агротехникасы дұрыс сақтала ма, озаттар тәжірибесі қалай насихатталады, жерді суландырудың жаңа, ұтымды әдістерін қолдану дәрежесі қандай — осы алуандас ірілі-уақты толып жатқан мәселелер олардың назарынан сырт қалған емес.

Қызылорда облысы соңғы жылдар ішінде Қазақстанның күріш өндіруші басты аймағына айналды. Сондықтан мемлекет облыстағы су шаруашылық құрылыстарға арнап жылма-жыл қыруар қаржы бөледі. Қызылорда плотинасы салынып, пайдалануға берілді. Соның нәтижесінде Сырдың сол жағалауын ала ұзындығы 200 километрден асатын үлкен канал тартылды. Ол әрбір секундта 160 текше метр су өткізе алады. Сонымен бірге Қазалы су жүйесі салынып жатыр, Жаңақорған плотинасы жобалануда. Жерді планировкалау, инженерлік типтегі күріш жүйелерін жасау, ірі-ірі күріш совхоздарын ұйымдастыру сияқты сан алуан жұмыс та осылардың қатарында.

Осының бәріне жұмсалған мемлекет қаржысының есесі қайтуда. Егер облыс 1961 жылы мемлекетке 17,4 мың тонна күріш сатқан болса,



биыл бұл көрсеткіш 85 мың тонна болды, яғни 4,9 есе артты. Ал осы жылдар ішінде күріш егістігінің жалпы көлемі 3,5 есе арттырылғанын айтсақ, онда әр гектар жердің берері де едәуір молайғанын байқау қиын емес.

Бұл табыстарда облыс халық бақылаушыларының да елеулі үлесі бар екені даусыз. Халықтық бақылау комитеттері бақылау топтары мен постыларының көмегіне сүйене отырып, біршама жұмыс жүргізді. Атап айтқанда, дарияның сол жақ бетіндегі жерлерді планировкалаудың сапасын және суландыру жүйесін салудың барысын тексеруде олар диқандар қауымының ризашылығына бөленді. Халық бақылаушылары жұмыстың ең маңызды буындарына айрықша көңіл бөліп, әр алуан учаскелерде қылаң берген кемшіліктерді дереу жойып отырды. Елеулі кемшіліктерге жол берген адамдар қатаң жауапқа тартылды. Мәселен, сол жағалаудағы Суландыру аймағының директоры Мальков, бұрынғы бас инженері Возюченко жолдастар және құрылыс-монтаж басқармалары мен құрылыс учаскелерінің бір топ бастықтары жөнінде осындай шара қолданылды. Тексерудің қорытындысы құрылысшылар жиналысында, халықтық бақылау комитеттерінің мәжілістерінде талқыланды, баспасөзде жарияланды.

Осының бәрі жұмыс сапасын жақсартып қана қойған жоқ, сонымен бірге басшының да, қатардағы жұмысшының да жауапкершілік сезімін күшейтті. Сөйтіп ақылдаса, кеңесе отырып планировкаланған жерлерде егіннің шығымы да айта қаларлықтай болды. Мысалы, «Теренөзек» совхозында 1964 және 1965 жылдары қате планировкаланған жерлердің әр гектарынан 15 центнерден, ал жалпы совхоз бойынша 21 центнерден күріш жиналған болса, планировка дұрыс жүргізілген биылғы жылы әр гектардың түсімі 33 центнерге жетті. Тексеру кезінде халықтық бақылау органдары осы совхоздың жер жағдайына ерекше көңіл бөлгенін ескерсек, олардың қаншалықты игі іс атқарғанын айқыны ұғамыз.

Халықтық бақылау органдары құрылғалы бергі уақыт ішінде облыстың бақылаушылары егіс далаларында тұнған халық дәулетін көздің қарашығындай сақтау, оны ысырап етпеу жолында қыруар міндет атқарды. Олар биылғы күріш жинау науқанында да өз дәстүрлерінен айшыған жоқ. Бұл істе Жалағаш ауданына қарасты Калинин атындағы колхоздың бақылауға көмектесетін тобы инициатор болды. Ол облыстың барлық халық бақылаушыларына үндеу арнап, оларды күріш орнына әзірлікті мұқият қадағалап отыруға, техникашы тиімді пайдалану үшін күресуге, күріш жинауды сапалы өткізу жорығына бір кісідей жұмылуға шақырды. Үндеуде кемшіліктердің алдын алу керектігі олқы жайларды көрсетіп қана қоймай, оларды қолма-қол түзетудің маңызы баса айтылды.

Калинин атындағы колхоз халық бақылаушыларының патриоттық бастамасы қызу қолдау тапты. Барлық колхоздар мен совхоздардың дала қостарында, бригадаларда, қырман басында, астық қабылдау пункттерінде бақылау постылары құрылды. Олардың қатарында халықтық бақылау топтары мен «комсомолдық прожектордың» мүшелері еңбек озаттары мен мамандар болды. Халық бақылаушылары әр түйір дәл үшін күресті. Мемлекетке күріш өткізу ісінде ешқандай кедері болмауы үшін күш салды.

Өткен жылы Москва мен Ленинградтағы озат кәсіпорындардың коллективтері металды, материалдар мен электр қуатын үнемдеп жұмсау, соның негізінде қосымша өнім шығару жөнінде бастама көтерген белгілі. Үнемшілдік жолындағы бүкіл халықтық күреске біздің облыстың халық бақылаушылары да қосылды. Қазір бұл олардың қызметіндегі негізгі сарынының біріне айналған. Халықтық бақылау комитеттері үнемшілдік жолындағы күреске қосыла отырып, едәуір ұйымдастыр



жұмыстарын жүргізді. Облыстық комитет қоғамдық негізде 7 комиссия құрып, сған штаттан тыс активті және халық шаруашылығының әр-алуан мамандарын кеңінен тартты. Дәл осындай комиссиялар аудандық халықтық бақылау комитеттері мен Қызылорда қалалық комитетінде де ұйымдастырылды. Жаппай тексеру 253 объектіні — колхоздар мен совхоздарды, өнеркәсіп және құрылыс орындарын, коммуналдық шаруашылық мекемелерін қамтыды. Осының нәтижесінде 4 290 мың киловатт-сағат электр қуатын, 53,3 мың гикалорий жылуды, 6 806 тонна шартты отынды және басқа да толып жатқан материалдық байлық пен ақша қаражатын үнемдеуге мүмкіндік беретін бірнеше ұсыныс жасалды.

Әсіресе қағаз-картон комбинатындағы, № 6 жылу-электр орталығындағы, Арал балық комбинатындағы, Жосалы механикалық заводындағы және «Аралсульфат» комбинатындағы халық бақылаушылары жүргізген жұмыс айрықша мақтауға тұрарлық. Сөйтіп, партия мен үкіметтің халық дәулетін үнемдеп жұмсап, көздің карашығындай сақтау жөніндегі нұсқауларын бұлжытпай жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылған облыс халық бақылаушылары үстіміздегі жылдың 9 айы ішінде 3 580 мың киловатт-сағат электр қуатын, 4 453 тонна шартты отынды үнемдеді, есептен жасырылып қалған 1 457 қозы мен 222 бұзауды қоғамдық малдың қатарына қайта қосты, 913 центнер күрішті талап-таражға түсуден сақтап қалды.

Облыстың халықтық бақылау органдары үнемшілдік жолындағы күресті онан әрі жүргізе бермек. Бұл бағытта тындырғанымыздан тындырарымыз көп екенін біз жақсы сезінеміз. Алматы қалалық халықтық бақылау комитетінің үлгісі бойынша Қызылорда және Арал қалаларында үнемшілдік жөніндегі байқау ұйымдастырылып жүр. Мұның тәп-тәуір өнегелі ықпалы боларына сенімдіміз.

Облыстың халық бақылаушылары жүргізген игі істері, олардың қолы жеткен жақсы табыстары жайлы айтқанда, осы жұмыстың бәріне партия ұйымдары басшылық жасап, қамқорлық көрсетіп келгенін ерекше атап өткен жөн. Халықтық бақылаудың күш-құдіреті оның партия басшылығына сүйенетіндігінде. Сондықтан да КПСС XXIII съезі халық бақылаушыларының игілікті ісіне партия басшылығын онан әрі жақсарта беру міндегін алға қойды. «Партия ұйымдары, — делінген съездің Қарарында, — халықтық бақылау органдарының жұмысына бағыт беріп, оларға жұмыс жөнінен барынша көмек көрсетіп отыруға тиіс».

Партиялық-мемлекеттік бақылау органдары халықтық бақылау органдары болып қайта құрылғаннан кейінгі жерде облыс партия ұйымдары оларға басшылықты әлсіреткен жоқ, қайта күшейте түсті. Партия ұйымдары халық бақылаушыларын өздерінің тікелей көмекшілері деп біледі, партия мен үкімет директиваларының орындалуын қадағалауда және тексеруде ең алдымен солардың көмегіне сүйенеді. Бүкіл облыс көлемінде болсын, қайсыбір ауданда болсын шаруашылыққа басшылық ету жөніндегі бірде-бір елеулі жиналыс не мәжіліс халықтық бақылау комитеттерінің, топтары мен постыларының қатысуынсыз өтпейді.

Көптеген партия ұйымдары мен партия комитеттері халықтық бақылау органдарының практикалық жұмысына зор мән беріп, олардың іс-тәжірибесін жиналыста жиі-жиі талқылап отырады. Мәселен, Жаңақорған аудандық партия комитеті дәл осылай істеп келеді. Онда бастауыш партия ұйымдары секретарьларының халықтық бақылауға қалай басшылық жасап отырғаны туралы есебі жиі тыңдалады. Тағы бір тәуір жері сол — аудандық партия комитеті бастауыш ұйым секретарьларының, бақылау тобы председателдерінің және пост жетекшілерінің басын қосып, семинар мен кеңес өткізуді біраздан бері дәстүрге



айналындырған. Белгілібір науқандық жұмысқа кірісер алдында аудандық партия комитеті халық бақылаушыларымен жүздесіп, жұмысты қалай бастап, қалай жүргізу турасында әбден кенесіп, ақылдасып алады.

Сондай-ақ Шиелі, Жалағаш аудандық партия комитеттері де халықтық бақылау органдарының жұмысына байыпты басшылық жасап келеді. Осыған орай бұл аудандардағы халық бақылаушылары ширақ та нәтижелі қимыл көрсетіп жүр. Олардың бұқарамен байланысы күн санап нығая түсуде.

Жақында Шиелі аудандық партия комитеті «Тартоғай» совхозы парткомының есебін тыңдады. Онда партком халықтық бақылау тобына қалай басшылық жасап отырғаны, олардың белсенділігін арттыруға қалай ықпал ететіні егжей-тегжейлі сөз болды. Совхоздың партия комитеті және бастауыш партия ұйымдары бұл бағытта едәуір іс тындырғаны атап көрсетілді. Мәселен, бір жылға жетпейтін уақыт ішінде партком халық бақылаушыларының жұмысын төрт рет тыңдап, тиісті шаралар белгілеген.

Совхоз парткомы мен бастауыш партия ұйымдарының ісінде әлі көптеген шикіліктер де бар. Халық бақылаушыларының өндіріске ықпалы, бақылаудың жариялылығы айтарлықтай емес. Ал совхоз коммунистері бұл кемшіліктерді көре-біле отырып, мәселенің осы жағына жете көңіл аудармаған. «Тартоғай» совхозы парткомының жұмысындағы осы іспеттес кемшіліктер ауданның басқа партия ұйымдарына да тән екенін ескере отырып, аудандық партия комитеті өзінің осы жолғы қабылдаған қаулысын ашық партия жиналыстарында талқылауды ұсынды.

Халықтық бақылау комитеттерінің, бақылау топтары мен постыларының жұмысында әлі толып жатқан олқылықтар бар екені даусыз. Олардың біразы өздеріне жүктелген сенімнің қаншалықты зор екенін жете түсінбейді, сондықтан іске салғырт қарайды. Кемшілікті жай тіркеп қана қою әдеті басымырақ болып жүр. Көп жағдайда өндіріс орындары халық бақылаушыларынан қолма-қол көмек күтеді, бірақ ол әрдайым ойлағандай болып шықпайды. Халықтық бақылау органдарының бірсыпырасы кемшілік енді-енді қылаң беріп келе жатқанда оны қолма-қол жоюдың орнына ұзын арқан, кең тұсаумен жүреді. Сөйтіп, олқылықтар ұласып, өндіріс зиян шеккенде барып іске кіріседі. Жұмыстары осы сияқты кемшіліктерден тез арада құтылуымыз керек. Әрбір халық бақылаушысы өзінің ең бір басты парызы — кемшіліктің алдын алу екенін әрқашан есте ұстағаны жөн.

**Д. ЯКОВЕНКО,**  
Қызылорда облыстық халықтық бақылау  
комитетінің председателі.



## Октябрьге барар жолда

«Политическое самообразование» журналының 1966 жылғы 9 санында\* «В. И. Лениннің өмірбаяны» курсының алғашқы төрт тақырыбына арналып материалдар басылған болатын. Төменде сол курстың 5—8 тақырыптарына материалдар жарияланып отыр. Бұларды насихатшылардың өздері сабақтарда пайдалануына, сондай-ақ өздігінен оқу үшін тыңдаушыларға ұсынуына болады.

### ПАТША ӨКІМЕТІНЕ ТҰҢҒЫШ ШАБУҢ

Бірінші орыс революциясы басталғанда В. И. Ленин Женевада еді. 12 январьда ол «Россияда революцияның басталуы» деген мақала жазып, Россия пролетариатын патша өкіметіне қарсы қарулы күреске шақырды. Кең өрістеген революциялық оқиғалардың маңызын жақсылап ұғынуға төменде осы мақаладан келтірілген үзінділердің себебі тиетіні даусыз.

Россияда аса ұлы тарихи оқиғалар болып жатты. Пролетариат патша өкіметіне қарсы көтерілді. Пролетариатты көтеріліс жасайтын халге душар еткен — үкімет. Істі әскер күшін жұмсауға дейін жеткізуді көздеп, стачкалық қозғалыстың белгілі дәрежеде кедергісіз дами түсуіне және кең демонстрацияның басталуына үкіметтің әдейі мүмкіндік бергеніне енді күмәндануға бола қоймас. Үкімет істі осыған жеткізді де! Мындаған адамның оққа ұшып, жаралануы — Петербургте 9 январьда болған қанды жексенбінің қорытындылары міне осындай. Әскер қарусыз жұмысшыларды, әйелдерді және балаларды жеңіп шықты. Әскер жерде сұлап жатқан жұмысшыларды атқылап, жауын жеңіп шықты. Енді патша малайлары мен олардың кертартпа буржуазиядан шыққан европалық итаршылары айтуға ауыз бармайтын арсыздықпен «біз оларға жақсы сабақ бердік!» дегенді айтып жүр.

Рас, мұның өзі ұлы сабақ болды! Орыс пролетариаты бұл сабақты ұмытпайды. Жұмысшы табының аңқаулықпен патшаға сенген және қалжыраған халықтың тілектерін бейбітшілік жолмен «патшаның өзіне» шын ниетімен тансырғысы келген, ең дайындалмаған, ең артта қалған жіктері, бұлардың бәрі патша басқарған немесе оның ағасы ұлы князь Владимир басқарған әскер күшінен сабақ алды.

Жұмысшы табы азамат соғысының ұлы сабағын алды; пролетариаттың революциялық тәрбиеленуі бір күннің ішінде соншама көп ілгері басты, ол әншейінгі, қарапайым, езілген өмірдің айлары мен жылдары бойы тап мұндай ілгері баса алмаған болар еді. Петербургтің ер жүрек пролетариатының: «не бостандық, не өлім!» деген ұраны қазір бүкіл Россияны жаңғыртырып жайылып отыр...

Революцияшыл пролетариат жасасын! — дейміз біз. Жаппай стачка жұмысшы табы мен қала кедейлерінің барған сайын қалың бұқарасын көтеріп, жұмылдыруда. Халықты қаруландыру революциялық кезеңнің ең таяудағы міндеттерінің бірі бола бастады.

Тек қаруланған халық қана халық бостандығының шын тірегі бола алады. Пролетариат неғұрлым тезірек қаруланса, ол өзінің ереуілші-революционерлік соғыс позициясында неғұрлым ұзақ төзіп тұрса, әскер соғұрлым тезірек қобалжылы, солдаттар арасынан өздерінің не істеп жүргенін ақыр аяғында түсінетін адамдар, қара жүрек қан ішерлерге қарсы, қарусыз жұмысшыларды, олардың әйелдері мен балаларын қы-

\*) «Қазақстан коммунистінің» 10-санында жарияланды.



рушыларға қарсы халық жағына шығатын адамдар соғұрлым көп табыла түседі. Қазіргі көтеріліс Петербургтің өзінде қалай болып бітсе де, қайткен күнде де ол бұдан да гөрі кең, бұдан да гөрі саналы, бұдан да гөрі жақсы дайындалған көтерілістің сөзсіз бірінші басқышы болады...

Қазір бүкіл дүние жүзінің пролетариаты бүкіл Россия пролетариатына аса зорыға көз тігіп отыр. Біздің жұмысшы табының батырлықпен бастап отырған ісі — Россияда патша өкіметін құлату ісі барлық елдердің тарихында бетбұрыс кезең болмақ, барлық мемлекеттерде, жер шарының барлық түкпірінде барлық ұлттардың барлық жұмысшыларының ісіне жеңілдік болмақ. Әрбір социал-демократ, әрбір саналы жұмысшы қазір өз мойнына бүкіл халықтық күрестің қандай ұлы міндеттері жүктелетінін есінде сақтасын. Ол өзі бүкіл шаруаның, еңбекшілер мен каналушылардың бүкіл бұқарасының, бүкіл халықтың мүдделері мен тілектерін қолдап, жалпы халық жауына қарсы шығатынын ұмытпасын. Петербургтің батыр пролетарларының үлгісі қазірде бүкіл жұрттың көз алдында тұр.

**Революция жасасын!**

**Көтеріліске шыққан пролетариат жасасын!**

(В. И. Ленин. Шығармалар, 8-том, 88—91-беттер).

1905 жылы күзде болған жаппай саяси стачканың маңызын сыпаттау үстінде тыңдаушыларды РСДРП Орталық Комитетінің листовкасымен таныстыра кеткен теріс емес. Бұл листовкада партия патшаның 17 октябрьдегі манифесінің түпкі сырын ашып, жұмысшыларды қарулы көтеріліске шақырған болатын.

**Жолдастар!**

Бүкіл Россияға қуатты толқындай боп ілезде тараған біздің жаппай ереуіліміз патша үкіметін берілуге және мәмлеге келуге мәжбүр етті. Бұл стачкада жұмысшы табы күдіретті күш көрсетті. Ол қолға алын еді — от өшіп қалды, судың ағыны тоқтады, қалалардан тіршілік кетті, ол қолға алын еді — оның алдында патша итаршыларының зәре-қуты қапты. Патша үкіметі қапын ішіне тартып, зығырданы қайнаса да мәмлеге келді, араңдай ашқан қасқыр аузын тұмшалап қойды, түлкі құйрығын бұлаңдатып із жасыра бастады. Жұмысшы табының ынтымақшыл қысапарына төтен бере алмай, патша үкіметі бейберекет шегініс жасады, сойтіп бүкіл халыққа небір бостандықтар беремін деп уәде етті де, манифеске қол қойды. Самодержавиеге өлім жазасын кесіп, патша қоғамның «сабырлы әрі бейбітшіл тобының» құшағына, буржуазияның құшағына кірді. Ол бізге, жолдастар, түрліше игіліктер мен бостандықтарды уәде етеді, уәдесі көп, бірақ берері бар ма? Ол бізге жеке адамның правосына «іс жүзінде» ешкім қол сұқпайды дейді; бірақ пролетариат ісі үшін жүздеген таңдаулы күрескерлер неге түрмелер мен айдауда жүр, неге «кешірім» осындай барлық күрескерлерге арналмайды? Неге көшелерде қара жүздіктердің жыртқыш тобы жүздеген жазықсыз жаңдарды қасақана ұрып-соғады, неге қараңғы да пайдан талтың полициясы, губернаторлары мен министрлері жұмысшы табы мен оқушы жастардың игі жақсыларына тағылықпен қорлық көрсете береді? Неге дарға асушы жөндет Трешов өзінің қара иетінен қайтпайды? Неге патша бас бұзарларының тағы тобырлары — казактар бұрын-бұрыштап біздің ең таңдаулы күрескерлерімізді ата береді? Неге біздің қайсар күрескерлерімізді өлтірушілерге патшаның рақымы түсіп, олар неге босатылып жіберіледі? Өзінің ашу-ызасынан түк шығара алмаған патша үкіметі үрейі ұшып, күрестің бұрынғы тәсілдерінен тайқуға мәжбүр болды, сойтіп өлім жазасы мен дардың орнына жай кісі өлтірулерді бірінші кезекке қойды. Жан таңсырар алдында ол тақтың тұтқасына жабысады, өйткені жұмысшы табының қуатты қозғалысы оны тақтап тайдырып жіберген еді, ол пролетариаттың жеңісін қанға сұншықтырғысы келеді...

Жолдастар! Жұмысшы табы өзінің күдіретті күресінде өз күші мен қуатын көрсетті. Ол өзінің топтасқандығын, күшті екенін күллі әлемге паш етті. Жаппай стачка митингтер мен демонстрацияларда (мәселен, Москвада 20 октябрьде Бауман жолдасты жерлеу кезінде) пролетар күштерінің көп болуы — міне осының бәрі жұмысшы табының бостандыққа ұмтылған қозғалысын жалдамалы кісі өлтіргінтер мен патша жеңдеттерінің әлсіз қолы ешбір тоқтата алмайтынын көрсетті. Біртұтас социал-демократиялық жұмысшы партиясының туы астына бұрынғыдан да тығыз топтасатын болайық!

Қуатты да қаһарлы лекпен алға баса берейік! Правоны ешкім бермейтінін, оны тартып алу керек екенін, тек күшпен ғана халық өзіне қасаз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі праволарды жеңіп алатынын есте ұстап, бұл праволарды шайқаспен алға



дайындалайық. Тек қолға қару ұстап қана, тек бүкіл халықтық қаруды көтеріліспен ғана біз жауды жер бетінен құртып, өзімізге бостандықты жеріп аламыз.

(«Бірінші орыс революциясы кезіндегі большевиктік ұйымдардың листовкалары», I бөлім, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1956 ж. 186—188-беттер).

## РЕАКЦИЯ ЖЫЛДАРЫНДА ПАРТИЯ ҮШІН КҮРЕС

Күпия партияны сақтау және нығайту жолындағы күресте большевиктерді топтастыру үшін 1909 жылы июньде Парижде «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының кеңесі шақырылды. Кеңеске В. И. Ленин басшылық етіп, оның негізгі қарарларын әзірледі. Кеңестен кейін газетте ««Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі туралы хабар» жарияланды, онда партияның жұмысында жария және күпия мүмкіншіліктерді ұштастыру туралы мәселе лениндік тұрғыда айқын қойылды. Төменде осы «Хабардан» үзінді келтіріліп отыр. Сабаққа әзірлік үстінде насихатшының онымен танысканы пайдалы.

.. Кеңестің қарарларында жария мүмкіншіліктерді пайдалану партия үшін маңызы орасан зор іс деп танылған. Бірақ жария мүмкіншіліктерді және бұл мүмкіншіліктерді пайдалануды тек өзіндік мақсат деп бұл қарарлардың еш жерінде де көрсетілмеген. Олардың бәрі қай жерде болса да күпия жұмыстың міндеттерімен және тәсілдерімен тығыз байланысты қойылған. Ал бұл байланыс қазіргі кезде ерекше көңіл бөлуді керек етеді. Бұл жөнінде кейбір практикалық пұсқаулар қарардың өзінде берілген. Бірақ бұл тек нұсқаулар ғана. Ал жалпы айтқанда, қазір әңгіме партиялық жұмыстың басқа салаларының қатарында «жария мүмкіншіліктердің» нақ қандай орын алатыны жөнінде болуға тиісті емес, қолда бар «жария мүмкіншіліктерді» партия үшін неғұрлым тиімді етіп қалай пайдалану жөнінде болуға тиіс. Астыртын жұмыстың ұзақ жылдары бойында партияда күпия жұмыс жөнінде зор тәжірибе жинақталды. Басқа сала туралы — жария мүмкіншіліктерді пайдалану туралы мұны айтуға болмайды. Бұл арада партия, атап айтқанда большевиктер жұмысты жеткіліксіз істеді. Бұл саланы пайдалануға осы кезге дейін істеліп келгенінен гөрі көбірек көңіл бөлу, инициатива мен күш жұмсау керек. Жария мүмкіншіліктерді пайдалануды үйрену керек, үйренгенде күпия жұмыстың тәсілдерін біз қалай үйреніп келсек және үйреніп отырған болсақ, ол тәсілдерді де дәл сондай табандылықпен үйрену керек. Жария мүмкіншіліктерді партия пайдасына жарату жөніндегі осы қажырлы жұмысқа РСДРП мүдделерін қымбат санайтын адамның бәрін кеңес шақырып та отыр.

Партияның күпия жұмысы жөніндегі біздің көзқарасымыз бұрынғысынша өзгеріссіз қала береді және қала беруге, әрине, тиіс те. РСДРП-ні сақтау және нығайта беру — негізгі міндет, бұған барлық нәрсе бағындырылуы керек. Тек осылай нығайтуға қол жеткен күнде ғана біз партия мүдделері үшін сол жария мүмкіншіліктерді де пайдалана аламыз. Өнеркәсіп орталықтарында құрылып отырған және партиялық жұмысқа жалпы басшылық ету ісі солардың қолына көшуге тиісті — біртіндеп көшіп те отырған жұмысшы топтарына барынша күшті көңіл бөлінуге тиіс. Біздің қызметіміздің барлық саласында бар күш-жігеріміз осы топтардан нағыз партиялық социал-демократияшыл кадрлардың даярлануына бағытталатын болсын. Тек осы негізде ғана РСДРП-ні сақтап, нығайту шынымен мүмкін болмақ.

(«КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», I бөлім, Қазақ мемлекет баспасы, 1955 ж. 230—231-беттер).

## ЖАҢА РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ӨРЛЕУ ДӘУІРІНДЕ

Прага партия конференциясы туралы әңгімеде қарт большевик, Петербург партия ұйымынан конференция делегаты Е. П. Онуфриевтің «Ленинмен кездесулер» деген естелігін пайдалануға болады. Төменде осы естеліктен үзінді келтіріліп отыр, онда конференцияның бүкіл жұмысындағы Владимир Ильичтің ролі сипатталады.

.. Конференция жергілікті жерден жасалатын баяндамаларға көп көңіл болді. Бұған осы мәселеге бес мәжіліс арналғанын айтсақ та жеткілікті. Петербург больше-



виктерінің делегаты ретінде мен бірінші болып сөйледім. Алғашында мен қатты қысылдым, бірақ артынан Владимир Ильичтің зейін қоя тыңдап отырғанын байқадым да еркін көсіліп сөйлеп кеттім. Мен конференцияға ұйым мүшелерінің саны мен құрамы туралы мағлұматты хабарладым. Петербургтегі тағылық контрреволюциялық террор фактілері туралы, Питер пролетариатының батырлығы туралы, партиялық жұмыстың жандануы туралы, айдауда жүрген II Дума депутаттарын қорғауға арналған Путилов заводындағы бұқаралық митинг туралы айттым. Делегаттардың біреуі орында отырып маған реплика тастады. Алып-жұлып бара жатқан шешендігім жоқ мен төтен репликадан сасып қалдым. Тағы да Владимир Ильич құтқарып жіберді:

— Жолдастар, сөзді бөлмеңдер, мына жолдас сөзің бітірсін. Степан жолдас сөйлей беріңіз, сөйлей беріңіз, — деді ол.

Өзімнің сөзімде мен, әлбетте, газеттегі мақалалар өте қарапайым, жұмысшыға түсінікті тілмен жазылса екен деген тілек білдірдім. Ильич мені қостады. «Дұрыс, жолдас Степан, дұрыс!» — деді де, ол блокнотына бірдеңені түртін алды. Ал Прага конференциясының «Орталық орган туралы» яғни «Социал-демократ» деген күннің газет туралы қарарында: **«жұмысшылар үшін мақалалар өте жатық әрі ұғынықты жазылатын болсын»**... делінгені белгілі.

Конференциядан лениндік іскерлік, бірлік пен топтасқандық сезіліп тұрды; мәжілістер белгіленген уақытта басталып, түскі тамаққа үзіліс жарияланып, кешкі сағат 8-ге дейін созылып жүрді.

Владимир Ильич конференцияның шын басқарушысы, ұйтқысы болды. Егер бәз біреудің сөзінен теріс бірдеңелер байқап қалса, ол мұны өте сыпайы түрде орынды түзететін. Мәжілістер аралығындағы үзілістерде Владимир Ильич делегаттармен ұзақ сөйлесіп, олардан ұсақ-түйекке дейін бәрін сұрайтын, өте сергек, қамқоршы болатын, ақыл-кеңес, нұсқау беретін. Бір ғажабы, конференция жұмыс істеген аз уақыт ішінде Ленин әрбір делегатты жүзбе-жүз танып, олардың әрқайсысымен тіл тауып сөйлесе білді. Ленин әсіресе жұмысшы-большевиктердің жұмысшы-меньшевиктерге көзқарасы қандай екенін білгісі келді. Бұл жөнінде ол менен және басқа делегаттардан сыр тартып көрді. Сондай-ақ делегаттар Владимир Ильичке көптеген сұрақтар берді.

Ең соңғы мәжілісте Ленин қорытынды сөз сөйлеп, конференция жұмысын қорытты. Мұның өзі біздің бәрімізді рухтандырған, ұмытылмас сөз еді. Онда жайдары шаттық, болашаққа деген үміт мол еді, онда партияның күш-жігеріне, жұмысшы табының күш-жігеріне деген зор сенім бар еді. Әсіресе Ленин Россия жұмысшыларының соңғы жылдарда саяси жағынан керемет өсіп, өз ықтиярымен конференцияға келгеніне, сөйтін ағымдағы саяси өмірдің аса маңызды мәселелерін шешуге белсене ат салысқанына айрықша қуанды...

(Е. Онуфриев. «Ленинмен кездесулер». Саяси әдебиет баспасы, 1966 ж. 22—25-беттер).

В. И. Ленин «Правда» газетіне орасан зор маңыз берді. Ол оның жұмысына күнбе-күн басшылық етті, редакциямен қызу хат алды, газетке үнемі қатысып тұрды. Төменде ең қарт правдашылардың бірі, көрнекті большевиктік публицист М. С. Ольминскийдің «Правда» туралы мақаласы келтіріліп отыр. Бұл мақала «Правдада» 1913 жылы 29 майда жарияланған.

Бұдан екі жыл бұрын жұмысшылар әйтеуір сары ұйымнан, тәртіпсіз-түңізуден құтылды. 1911 жылдың күзінде пролетариат жаңа өрлеудің даңғыл жолына түсе бастады. Ал жарты жылдан кейін оның өзінің күнделікті газеті, пролетариаттың өз қолымен құрылған Россиядағы тұңғыш күнделікті газеті болды.

«Правда» қалың пролетарлар бұқарасының өмірін жазды. Ол бұқара қозғалысымен бірге өсіп, біте қайнасты. «Правданы» құрған да, оны нығайтқан да пролетариат. Ал августтың өзінде-ақ істі қалай ұлғайту керек деген мәселе көтерілді. Газетті үлкейтіп, сол арқылы жұрттың сана-сезімін өсіру керек пе, әлде газетті арзан етіп, қозғалысқа тартыларай жұмысшылардың санын көбейту керек пе? Ол кезде көптеген жұмысшылар оқушылардың санын көбейту үшін газетті арзан ету керек деген пікір айтты.

Уақыт өте берді. Қозғалыс етек жайды, қозғалыс өскен соң газетті ұлғайту мәселесі өз-өзінен бірінші кезекке қойылды. Өсіп, өркен жайған қозғалысты енді кішкентай газет жеткілікті түрде қамты алмады, ол енді газетке сыймады. Бір ғана Петербург стачкаларының өзі газет беттерін толтыруға жететін еді. Провинция ше? Одақтар ше? Пролетариаттың ақыл-ой тілектері ше? Саясат ше?



Қозғалыстың өсуіне қарай газет те үлкеюге тиіс болды, өйткені «Правда» осы қозғалыстың шежіресі және толық жатқан бұлақтар мен тарау-тарау жылралар келіп құйылатын арнасы.

«Правда» — Иванның немесе Петрдің қолынан шыққан нәрсе емес. Оның шығарушысы, оның редакциясы өзгеріп отырады, қызметкерлер келіп, кетеді, ал пролетариаттың өз қозғалысы қандай тұрақты болып үздіксіз өрлей берсе, «Правда» да сондай тұрақты, сондай үздіксіз өрлей береді.

«Правда» біреулердің жер-жерден құрбандыққа баруы немесе қаржы бөлуі арқасында ұлғайып отырған жоқ. «Правдадан» ештеңе аямайтындардың үлкен тізімінен өте тек жұмысшыларды ғана көруге болады. «Правданың» форматы үлкейсе, мұның өзі қандай да бір әдебиетші немесе бастырушы топтың өз ықпалын күшейту мақсатында істелген нәрсе емес.

«Правданың» ұлғайған себебі, жұмысшы қозғалысына өз газетінің бұрынғы көлемі тарлық етті. Қозғалыс қаржы берді: ол өзімен-ақ үлкен газеттің ұзыннан ұзақ бағаналарын толтырады. «Правда» — тек фактор ғана емес, сондай-ақ қозғалыстың жемісі.

Пролетариаттың «Правдаға» сүйіспеншілігі — бұл оның өз қозғалысына берілгендігі. Ал оған деген буржуазияшыл элементтердің ошпенділігі тек қана олардың дербес пролетарлық қозғалысқа ошпенділігін көрсетеді.

Ұлғайған «Правданың» қолыма алып, мен былай деп ойлаймын: қағаз ғана өзгерген жоқ, мақалалар мен корреспонденциялар ғана көбейген жоқ! Тіптен олай емес! Бұл — аяғын нық басқан, қандай да бір буржуазияшыл сүйеушілер мен қамқоршылардан құтылған бүкіл Россия пролетариатының қозғалысы алға қарай жаңа қадам басты деген сөз.

(М. Ольминский. «Звезда» мен «Правда» дәуірінен. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1956 жыл, 150—151-беттер).

## ПРОЛЕТАРЛЫҚ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМГЕ АДАЛДЫҚ

апрельде болған әңгімесі баяндалады. Әңгіме соғыс алдындағы шиеленіскен жағдайды сөз етеді.

— Сіз соғысты тілейсіз бе? — деп сұрады Майкосен.

— Жоқ, мен оны тілемеймін, — деп кесін жауап берді Ленин. — Неге мен оны тілеуім керек? Мобилизацияны, соғысты болдырмау үшін қолымнан келгеннің бәрін істеймін, келешекте сөйтемін. Миллиондаған пролетарлар капитализмнің есуастығына бола жанын пиде етіп, бірің бірі қырмаса екен деймін. Бұл мәселе жөніндегі менің көзқарасым осындай.

Журналист Россиядағы революциялық қозғалыс көсемінің сөздеріне таң-тамаша, қайран қалды, өйткені көсем туралы оның дұшпандары «бейбітшілікті жойып жіберуден тайынбайды» деп көп айтатын.

— Соғысты күн бұрын білу, сол сияқты соғыс бастала қалған күнде оны дұрыс пайдалануға тырысу — мұның жөні бір бөлек, — деді одан әрі Ленин. — Ал соғысты тілеу немесе оған қызмет ету — бұл тіптен басқа мәселе. Сіз түсінесіз бе?

(Ю. Серадский. «Лениннің Польшада өткізген жылдары». Саяси әдебиет баспасы, 1966 ж. 29-бет).

Февраль революциясы туралы хабарды В. И. Ленин Швейцарияда жүріп естіді. Владимир Ильич революциялық оқиғалардың дамуына мұқият зер салып отырды. Ол бірсыпыра мақала, хат жазып, бұларда революцияға баға береді, пролетариат пен большевиктік партияның сол тұстағы жаңа міндеттерін ұсынады. Н. К. Крупская өзінің естеліктерінде сол күндер туралы жазады, төменде осы естеліктерден үйінді келтіріліп отыр.

Ильич үшін екінші эмиграция ауыр болды, әсіресе Россиямен байланыс нашарлаған, империалистік соғыс жылдары ауыр болды. 1917 жылдың басында Ильич революциялық дағдарыстың пісіп келе жатқанын сезді. Февраль революциясы туралы хабар бүкіл эмиграцияны қатты толғандырды. Россияның бүкіл тағдыры үшін қаншалықты шешуші кезек туғанын, жұмысшы табы ұстайтын бағыттың қаншалықты зор маңызы болатынын Ильич өте айқын ұғынды.



Бірден Россияға жазуға мүмкіндік болмады, сондықтан ол Орталық Комитетке жеткізу үшін Стокгольмге былай деп жазды: «Ендігі ешуақыт екінші Интернационалдай болмайды. Ешуақыт Каутскийше болмайды! Анағұрлым революцияшыл программа мен тактика ғана міндетті...» Одан әрі: «...Халықаралық пролетарлық революция мақсатында және өкімет билігін «Жұмысшы депутаттары Советтерінің» (кадет жуликтері емес) жеңіп алуы үшін бұрынғысына революциялық насихат, үгіт және күрес керек». Келесі күні ол тағы былай деп жазды: «Жаңа өріс ашу керек! Жаңа топтарды шығару керек! Жаңа инициативаны оқтың, барлық жіктерде жаңа ұйымдар құру керек, оларға егер жұмысшы депутаттарының қарулы Советі ғана өкімет билігін алған күнде бейбітшілікті беретінін дәлелдеу керек».

5 (18) мартта Питерде «Правда» шыға бастады, енді Ильич соған «Алыстан жазылған хаттарды» жіберіп тұрды. «Бірінші революцияның бірінші кезеңі» — бірінші хат, «Правдада» басылған бірінші мақала осылай аталды. Мақала мынадай сөздермен басталады:

«Бүкіл дүние жүзілік империалистік соғыс туғызған бірінші революция болып кетті. Бұл бірінші революция, әлбетте, соңғы революция болмайтын шығар.

Бұл бірінші революцияның, атап айтқанда 1917 жылғы 1 марттағы орыс революциясының бірінші кезеңі Швейцариядағы мардымсыз мағлұматтарға қарағанда аяқталып отыр. Бұл бірінші кезең, әлбетте, біздің революцияның соңғы кезеңі болмайтын шығар».

Одан әрі ол бұл бірінші кезеңге терең ойластырылған баға беріп, қимыл-әрекеттің бұдан былайғы жолын белгілейді.

Осынау және одан кейінгі «Алыстан жазылған хаттарда» («Жаңа үкімет пен пролетариат», «Пролетариат милициясы туралы», «Бейбітшілікке қалай жету керек?», «Революцияшыл пролетариаттың мемлекеттік құрылысының міндеттері») Ильич екінші эмиграция жылдарында, империалистік соғыс жылдарында ойлағанының бәрін баяндайды.

(Н. К. Крупская. «Ленин туралы». Саяси әдебиет баспасы, 1965 ж. 40—41-беттер).

1917 жылы 3 апрельде, си жылға жуық қуғыннан кейін, В. И. Ленин Россияға қайтып оралды. В. Д. Бонч-Бруевич Лениннің бірінші сөзі құрметті қарауылға тұрған революцияшыл матростарға арналғанын еске түсіреді. Владимир Ильич былай деді:

— Матрос жолдастар, сіздерді құттықтай отырып, мен сіздердің Уақытша үкіметтің құрғақ уәдесінің бәріне сенер-сенбестеріңізді әлі білмеймін. Бірақ мен мынаны кәміл білемін: Сіздерге тәтті сөздер айтып, сіздерге уәдені жаудыра бастаса, — сіздерді алдағаны, бүкіл орыс халқын алдағаны. Халыққа бейбітшілік керек, халыққа нан керек, халыққа жер керек. Ал сіздерді соғысқа, аштыққа киліктіріп отыр, нансыз қалдырып отыр, бұрынғысына жерге ие помещиктер... Матрос жолдастар, біз революция үшін күресуіміз керек, ақыр аяғына дейін, пролетариат толық жеңгенше күресуіміз керек. Бүкіл дүние жүзілік социалистік революция жасасын!

(В. Д. Бонч-Бруевич. «Ленин туралы естеліктер». Москва, «Ғылым» баспасы, 1965 ж. 62-бет).

(«Политическое самообразование» журналының 1966 жылғы 11-санынан қысқартылып алынды).



# Ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтарды жою жолдары

*К. БЕЙСЕМБИЕВ.*

*философия ғылымының докторы*

Совет адамдары қазіргі уақытта жаңа бесжылдықтың ұлы міндеттерін орындау жолында асқан шабытпен еңбек етуде. 1970 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі 1965 жылмен салыстырғанда 1,5 есе, ауыл шаруашылығының өнімі — 1,25 есе өсуге тиіс, ал осы мезгілдің ішінде ұлттық табыс 38—41 процент артуы керек.

Совет халқы үстіміздегі бесжылдықта экономиканың жоғары қарқынмен өсуін қамтамасыз ете отырып, аса маңызды әлеуметтік проблемаларды — қоғамның өндіргіш күштерін мықтап өркендету, еңбекшілердің материалдық-тұрмыс жағдайларын онан әрі жақсарту, олардың мәдени дәрежесі мен саналылығын арттыру, социалистік қоғамдық қатынастарды жетілдіру және оларды коммунистік қатынастарға ұластыру сияқты проблемаларды шешетін болады.

Ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтарды жою міндеті — коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастырудың аса маңызды проблемаларының бірі.

Таптық қоғамның пайда болуына байланысты қанаушы таптар езілген бұқараны ауыр азапты дене еңбегіне душар етіп, ой еңбегін өздері иемденіп келді. Халықтың ақыл-ойымен, күш-жігерімен жасалған мәдени игіліктердің бәрін де иемденіп кеткен дәулетті таптар ғылым мен техниканың жетістіктерін өз құлқыны үшін пайдаланды, өндіріске, қоғамға басшылық етуді өз қолдарына алды. Ал жоқшылық жаныштарға правосыз еңбекші бұқараның білім алуға ешқандай мүмкіндігі болмады, мәдени игіліктерді пайдалана алмады, қайыршылық пен қараңғылықта жапа шекті.

Таптық қоғам дамыған сайын ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы алшақтық тереңдей береді, олардың арасындағы қарама-қарсылық күшейе түседі. Капитализм тұсында өнеркәсіп прогресіне байланысты ғылым мен техниканың дамуы, ағарту мәселесінің өріс алуы бұл қайшылықтарды жоймайды, қайта онан әрі асқындырып, шегіне жеткізеді.

Капиталистер ғылым жетістіктерін, техникалық жаңалық, өнер тапқыштық атаулыны еңбекші бұқараны қанауды күшейту және пайда табу, жұмысшыларды өндірістен ығыстырып, оларды машинамен алмастыру үшін пайдаланады. Өндіріс құралдарына жеке меншіктілік үстемдік еткен және жалдамалы еңбек орын алған капитализм жағдайында жұмысшылардың біліммен қарулануына, сөйтіп инженер-техник қызметкерлердің дәрежесіне дейін көтерілуіне мүмкіндіктері жоқ. Капиталистік еңбек бөлінісі жұмысшыларды әбден топастандырып жібереді. Олар ертеңнен қара кешке дейін баяғы бір күйбеңмен жүріп, ақыры машинаның шылауына айналады. Бұл жөнінде К. Маркс «Капиталда» былай деп жазды: «Машинамен істелетін еңбек, жүйке системасын әбден билей алады да, бұлшық еттердің жүз құбылған қимылын жаныштап, адамды дене күшін, рухани жігерін емін-еркін жұмсау мүмкіндігінің бәрінен айырады. Тіпті еңбектің жеңілдеуінің өзі де азаптың көзіне айналады, өйткені машина жұмысшыны еңбектен босатпайды, қайта оның еңбегін бар мағнасынан айырады» (К. Маркс. «Капитал», 433-бет).

Тек социалистік революция ғана еңбектің сипатын түбірімен өзгерте алады. Капиталистік меншікті жою және өндіріс құралдарын, заводтарды, фабрикаларды, жерді қоғамның қарамағына беру ой еңбегі мен



дене еңбегінің арасындағы антагонизмді жоя алады. Капитализм тұсында ой еңбегінің адамдары — интеллигенция не қанаушы таптарға қызмет етеді, не қанаушы таптардың өкілі ролін өздері атқарады. Социалистік қоғамдағы жағдай бұдан мүлде басқаша. Мұнда қанаушы таптар жоқ, материалдық игіліктерді тікелей өндіретін достасқан екі тап — жұмысшылар мен шаруалар және осы екі таптың арасынан шыққан, солардың мүддесі үшін қызмет ететін әлеуметтік топ — интеллигенция бар. Сондықтан социалистік өндірістік қатынастар, қанаудан азат адамдардың қарым-қатынасы мен өзара көмегі ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы болып келген қарама-қарсылықты жояды.

Алайда социализм тұсында қоғамның экономикалық жағынан әлі де жетіле қоймауы себепті ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтар әлі де сақталады.

Мұны немен түсіндіруге болады? Жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар ежелден-ақ материалдық игіліктерді тікелей өндіруші болғаннан кейін де социалистік қоғамда дене еңбегімен, ал өндіріс процесіне бұрыннан да тікелей қатысы жоқ интеллигенция ой еңбегімен шұғылданды. Осыған орай мына бір жайды да атап көрсеткен жөн: ой еңбегі өзінің мамандық дәрежесі жағынан қарағанда дене еңбегінен анағұрлым жоғары, сондықтан оған жоғары ақы төленеді. Әрине, біздің қоғамда кейбір реттерде дене еңбегі адамдарының ой еңбегімен шұғылданып отырған адамдардың бірқатар бөлегінен ақыны әлдеқайда көп алатын жайлары да аз кездеспейді. Бірақ бұл жалпы алғанда екі арадағы жағдайды өзгерте алмайды. Осыдан келіп, бір жағынан, жұмысшылар мен шаруалардың, ал, екінші жағынан, интеллигенцияның арасында елеулі айырмашылық туады. Бұл олардың еңбек сипатынан, мәдени дәрежесі мен материалдық жағынан қамтамасыз етілу жайынан айқын көрінеді. Сондықтан да социализм тұсында ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылық әлеуметтік сипат алады. Коммунистік құрылыстың барысында еңбектегі бұл айырмашылық жойылуға тиіс.

Партияның жаңа Программасында былай деп атап көрсетілген болатын: «Коммунизм жеңгенде адамдардың өндірістік қызметінде ой еңбегі мен дене еңбегі біте қайнасып бірігетін болады. Интеллигенция ерекше әлеуметтік топ болудан қалады, дене еңбегінің қызметкерлері өздерінің мәдени-техникалық дәрежесі жағынан ой еңбегі адамдарының дәрежесіне дейін көтеріледі».

Бұдан біз ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықты жою үшін алдымен еңбектің сипаты мен мазмұнын өзгертуге тура келетінін көреміз. Дене еңбегі жұмыстың ауыр да өнімсіз түрлерінен арылып, жоғары өнімді, маманданған еңбекке айналуға тиіс. Ол творчестволық ой еңбегінің барлық элементтерін қамтуы керек. Сонымен бірге ой еңбегі де адам организмін титықтататын қарапайым ауыр еңбек түрлерінен (есепші, бухгалтер, стенографист жұмысынан) құтылуға тиіс. Олардың барлық буынын шын мәніндегі творчестволық еңбек түрлеріне айналдыру қажет. Сонда ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы шек жойылады, олардың өндірістік қызметтегі біте қайнасып бірігуі жүзеге асырылады.

Екіншіден, халықтың жалпы мәдени дәрежесін көтеру қажет. Мұның мәнісі: жұмысшылар мен шаруалар өздерінің кәсіптік білімі мен жалпы білімі, мәдени ой-өрісі мен рухани талап-тілегі жағынан инженер-техник қызметкерлердің дәрежесіне, интеллигенцияның дәрежесіне жетуге тиіс. Сол кезде интеллигенция деп аталатын ерекше қызметкерлер тобы қоғамда болмайды. Өмірдің алуан саласында жұмыс істейтін адамдар бірыңғай коммунистік қоғам еңбеккеріне айналады. Демек, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтарды жою үшін елеулі адамдардың әлеуметтік-таптық айырмашылықтарын, яғни жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың арасындағы айырмашы-



лықтарды жою керек. Былайша айтқанда, ауыл шаруашылығындағы еңбекті индустриялық еңбектің бір түріне айналдырып, қала мен деревня арасында қазіргі орын алып отырған әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық айырмашылықты жою керек. Қоғамдағы таптық айырмашылықты жоюдан гөрі ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықты жою ұзаққа созылатын процесс. Бұл проблема коммунистік қоғамда ғана түпкілікті шешіледі.

Енді осыған барар нақтылы жолдар қандай, соған келейік. Бұл үшін, ең алдымен, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жақсарту керек. Өндірістік процестерді мейлінше комплексті механикаландыру және автоматтандыру керек. Ал мұның өзі қалада болсын, деревняда болсын өндіргіш күштерді қарыштата өркендетуді талап етеді<sup>1</sup>.

Осы саладағы зерттеу жұмыстары мынаны көрсетеді: мәселен, болат балқытатын өндірісті механикаландыру мен автоматтандырудың нәтижесінде болат балқытушы еңбегінің сипаты мүлде өзгеріп кетті, оған барған сайын ой еңбегі элементтері көбірек жұмсалатын болды. Болат балқытушы жұмыс уақытының жартысынан көбін өндіріс процесін бақылауға бөледі. Ал оның 35 проценті жұмыс басталар алдындағы даярлыққа, жұмыс орын әзірлеуге, технологиялық процестерді, өндіріс есебін жүргізуге кетеді. Уақыттың 15 проценті ғана өндірістік операцияларды тікелей орындауға жұмсалады. Басқаша айтқанда, өндіріс процестері механикаландырылып, автоматтандырылған жердегі болат балқытушы еңбегінің 85 процентін ой еңбегіне жатқызуға болады. Автоматтандыру нәтижесінде тікелей өндірушілердің еңбегі барған сайын алуан салалы, күрделі, мазмұнды бола түсуде, ал олардың мамандық ауқымы анағұрлым кеңейуде. Мұның өзі дене еңбегі қызметкерлерін ой еңбегі қызметкерлеріне неғұрлым жақындатып отыр. Мысалға В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатын алайық. Мұндағы рафинациялау цехында өндіріс процестерін автоматтандырылғаннан соң бір адам төрт бірдей мамандық адамының жұмысын жалғыз өзі атқаратын болды.

Деревняда еңбек өнімділігінің артуы, оны техникалық жағынан қаруландыру, электрлендіру, химияландыру, ауыл шаруашылық өндірісіне ғылым жетістіктерін енгізу шараларының күшейтілуі бұл саладағы шекті жоюдың объективтік-экономикалық негізі болып саналады. Мұның бәрі жан-жақты білімі бар, жоғары дәрежелі мамандықтағы қызметкерлердің болуын айрықша талап етеді. Тіпті дамудың қазіргі дәрежесінің өзі-ақ жер жырту электрлендірілген шақта тракторшының әрі elektrik, әрі техник болу, жаратылыс тану және техникалық ғылым саласынан терең білімі болу міндетін алға қояды.

Ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтарды жоюда конструкторлар бюросының, ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмысына жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің қатысуы зор маңыз алады. Қазірдің өзінде сан мыңдаған жұмысшылар бұл іске қызу араласуда. Бұған рационализаторлық және өнер тапқыштық қозғалыстың бұқаралық сипат алуы айқын дәлел. Олардың саны 1964 жылы 2 836 мыңға жетті, бұл 1950 жылмен салыстырғанда 4 есе көп.

Ғылымның дамуы, техникалық прогресс, өндірісті комплексті механикаландыру мен автоматтандыру ісі ғылыми-техникалық қызметкерлердің, ғылымдардың жалпы қоғамдағы ой еңбегі қызметкерлерінің үлес салмағын анағұрлым молайта түсетінін атап айтқан жөн. Бұл жылдан-

<sup>1</sup> Бұл жағдай «Қазақстан коммунисті» журналының 10 номерінде жарияланған Т. Жұмағалин жолдастың «Қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтарды жою мәселесі» деген мақаласында толық айтылған.



жылға еселеп артуда. Қазір біздің елдегі ой еңбегімен шұғылданатын адамдардың саны 25 миллионнан асады. Ал 1926 жылы небәрі 2,7 миллион ғана адам бар еді. Бізде бүгінгі күндері 2 мың жұмысшыға 400—500-ден инженер-техник келетін кәсіпорындар бар.

Алдағы уақытта, өндіргіш күштердің оған әрі дамуына, өмірдің барлық саласында машиналарды кеңінен қолдануға байланысты ой еңбегімен айналысатын адамдардың қатары көбейе береді де, ал материалдық өндірісте істеушілердің саны азая түседі. Мамандардың есебі бойынша болашақта материалдық өндірісте барлық қызметкерлердің 15 проценттейі ғана істейді де, қалғандары ғылым мен мәдени-тұрмыстық қызмет саласында еңбек ететін болады. Мұның өзі экономиканың объективтік талабынан туатын жағдай. Ал оның бержағында өндірісте істейтін адамдар да өздерінің дәрежесі жағынан инженер-техник қызметкерлердің дәрежесіне жетуге тиіс. Мұның өзі ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтарды жоюда шешуші роль атқаратын болады. Алайда бұл міндетті шешу ісін бір жақты түсінуге болмайды. Ой еңбегі де белгілі дәрежеде сапалы өзгеріске ұшырап, оған әрі жетіле түседі, дамиды. Сондықтан да бұл екеуі біріне бірі байланысты процесс болып табылады.

Қазіргі уақытта ой еңбегінің адамдары өздерінің мамандық дәрежелеріне қарай: қатардағы, орта және жоғары мамандық иелері болып шамамен үш топқа бөлінеді. Әдетте бұларға барлық қызметкерлер косылады. Қатардағы топқа лаборанттар, чертеж сызушылар, көптеген почта қызметкерлері, сатушылар, буфетшілер, іс жүргізушілер, есепшілер, күзетшілер және басқалар жатады. Орта дәрежелі техникалық және басқа да арнаулы білімі бар адамдар негізінен орташа топқа косылады. Ал жоғары білімді мамандар, ғылым, мәдениет қызметкерлері жоғары мамандықтары топқа жатады.

Осы арада барлық қызметкерлердің тең жартысына жуығы қатардағы мамандық иелері екенін айта кеткен жөн. Бұлардың бірқатары (күзетші, вахтер, кассир, сатушы, т. б.) қоғамның ілгерілеп дамуына қарай болашақта жойылып, оның орнына басқа бір жаңа мамандық пайда болуға тиіс. Қалғандарының еңбегі де өз сипатын өзгертетін болады. Бұл үшін олардың қызмет саласын механикаландырып, автоматтандыру керек. Сонымен қатар жетілдірілген аспап-құралдарды, аппараттарды, ғылым мен техниканың жетістіктерін кеңінен қолданудың нәтижесінде ғылыми қызметкерлердің, мұғалімдердің, дәрігерлердің, жоспарлаушылардың, өндірісті ұйымдастырушылардың және басқалардың жұмысында да сапалы өзгерістер жасалуға тиіс. Бұған есеп техникасының, электроника мен телемеханиканың, сол сияқты басқа да аппараттардың пайдаланылуы үлкен әсерін тигізеді.

Алайда ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтарды жою тек қана экономикалық қажеттілік, осының бәрі стихиялы түрде, өзінен өзі болады деп ойлауға болмайды. Бұл үшін партия мен мемлекеттің аса зор бағыттаушы, ұйымдастырушы еңбегі керек. Коммунизм құрылысының барысында халықтың мәдени дәрежесін арттыру өндірісті дамытудың қажеттерімен ғана байланысты болып қоймайды (әрине, мұның да шешуші маңызы бар), сонымен бірге ол әлеуметтік прогрестің талаптарына да байланысты.

Бұрын мәдени байлықтар ат төбеліндей дәулеттілердің игілігінде болса, енді ол бүкіл халықтың игілігіне айналды. Социализмнің ұлы жеңістерінің бірі осында. Жалпы білім алу және кәсіптік мұқтаждықты ғана емес, сонымен қатар мәдени мұқтаждықты да қанағаттандыру қоғамның барлық мүшелері үшін мүмкін болды. Социалистік құрылыс халықтың сауатсыздығын жойып, жалпыға бірдей міндетті бастауын және жетіжылдық білім беру ісін жүзеге асырды.



Үстіміздегі бесжылдықта жалпыға бірдей орта дәрежелі білім алуға көшу жүзеге асырылады. Қазіргі кезде біздің елімізде жоғары және орта дәрежелі білімі бар адамдардың саны 12 миллионға жетіп отыр. Еліміздің жоғары және арнаулы орта дәрежелі оқу орындары бесжылдықта 7 миллион маман даярлап шығаруға тиіс.

Әлбетте, жалпыға бірдей білім болмайынша, халықтың жалпы мәдениетін көтермейінше жұмысшылар мен шаруаларды инженер-техник қызметкерлердің дәрежесіне жеткізу мүмкін емес екені өзінен өзі түсінікті. Себебі, жалпы білім алу қызметкерлердің жоғары мамандыққа жетуінің негізгі базасы болып табылады. Сондай-ақ коммунизм орнату кезеңінде орта және жоғары дәрежелі білім алу жалпыға бірдей мәдени қажеттілікке айналады.

Білімсіз адамға жоғары мәртебелі қоғамның барлық мәдени және басқа да игіліктерімен пайдалану оңайға түспейді. Оның үстіне қоғамның барлық мүшелерін коммунистік жоғары саналылық рухында тәрбиелеу міндеті де адамдардың алдына тап осындай қатаң талап қояды. Өйткені коммунистік саналылық деген ұғымның өзі адамдардың жан-жақты үйлесімді жетілуін, олардың рухани байлығын, моральдық тазалығын бейнелейді.

Қазір елімізде дүние жүзіндегі ең қысқа жұмыс күні белгіленіп отыр. Үстіміздегі бесжылдықта барлық жерде бірдей екі демалыс күні бар бескүндік жұмыс аптасына көшу жүзеге асырылмақшы. Келесі кезеңдерде қоғамның өндіргіш күштерінің өсуіне, өндіріске автоматиканың, электромеханиканың, телемеханиканың кеңінен енгізілуіне қарай жұмыс күнін онан әрі дәйектілікпен қысқарту жоспарланып отыр. Мұның өзі — социалистік қоғамның капиталистік қоғамнан анағұрлым артықшылығын көрсететін айқын дәлел.

АҚШ-та өндірісті толық автоматтандырған кезде жұмысшы саны 5 есе кемімек. Бұл жағдай жұмыссыздар армиясының орасан зор мөлшерде көбеюіне әкеліп соғады. Сондықтан капитализм тұсында еңбекші бұқарасы автоматтандыру ісінің өсуіне сенімсіздікпен, үрейлене қарайды. Ал коммунизм орнатып жатқан қоғамда техникалық прогресс, автоматтандыру жұмыс күнін қысқартуға, бос уақытты көбейтуге қолайлы жағдай туғызады.

Қазіргі жағдайда жұмысшылар мен шаруалардың еңбегінде әрі ұйымдастырушының, әрі орындаушының қызметі тығыз ұштаса бастағанын аңғаруға болады. Кәсіпорындарда, колхоздар мен совхоздарда жұмысшылар мен колхозшылар еңбек ұйымдастыру мәселелерін талқылауға, өндірісті басқаруға, технологиялық процестерді жетілдіруге белсене қатысады. Бұл жөнінде шаруашылықты басқару мен еңбекке ынталандырудың жаңа жүйесін белгілеген КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март, сентябрь Пленумдары шешімдерінің үлкен мәні бар. Олай болатыны, ұйымдастырушылық қызмет ой еңбегіне жатады ғой. Партия социалистік басқарудың демократиялық принциптерін дамыта отырып, жұмысшылар мен колхозшылардың ой еңбегі мен дене еңбегін ұштастыруларына қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, өндірістік жоспарларды орындау және асыра орындау, еңбек өнімділігін барынша арттыру, ғылым мен техниканы дамыту, мәдениетті көркейтту, жалпыға бірдей орта дәрежелі білім алуға көшу, жоғарғы және арнаулы орта дәрежелі оқу орындарының жүйесін ұлғайту, халықтың мәдениетін көтеріп, олардың саналылығын арттыру, советтік демократияны өрістету жолындағы күрес совет халқының адамзат тарихындағы аса ұлы өзгерісті жүзеге асыруына яғни ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтарды жоюына мүмкіндік береді.



# „Вопросы истории КПСС“ журналы —

## Октябрьдің 50 жылдығына

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдық мерекесі жақындап келеді. Бұл мерекені біздің еліміздің еңбекшілерімен қатар дүние жүзіндегі прогресшіл адам баласы атап өтуге даярлануда.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XXIII съезі еліміздің барлық еңбекшілері мен коммунистерін осы даңқты мерекені — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығын коммунистік құрылыста жаңа табыстармен, дүние жүзілік социалистік системаны нығайтуға үлкен үлес қосумен қарсы алуға шақырды.

Осыған орай совет тарихшыларына, әсіресе КПСС тарихын зерттеушілерге елеулі міндеттер жүктелді. Ол міндеттер, ең алдымен, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі және елімізде социализм мен коммунизм орнату идеясының салтанаты жолында күрескен партия мен халықтың ерен ерлігін жан-жақты көрсету. Біздің журнал редакциясының атқарар қыруар істері де осы міндеттен келіп туады. Журналда биылдың өзінде-ақ Ұлы Октябрьдің 50 жылдығына байланысты көптеген материалдар басылды. Олардың көпшілігі — ғылыми мақалалар мен хабарлар. Мереке жақындаған сайын мұндай материалдарды мол жарияламақпыз. Сондықтан да біз журналда «Ұлы Октябрьдің 50 жылдығына» деген тұрақты бөлім аштық.

Бұл бөлімде редакцияның алдын ала жасаған жоспарына сәйкес октябрь революциясының жеңісін ұйымдастыруда Коммунистік партия атқарған қызметті қорытатын мақалалар мен хабарлар жиі жарияланып тұрады. Осыған байланысты журналда басылатын КПСС көп томдық тарихының материалдарын атап өткен жөн. Мысалы, III томның I-ші тарауы «Партияның Россияда социалистік революция жасауға алған бағыты», III томның 5-ші тарауы «Партия — жеңімпаз қарулы көтерілісті ұйымдастырушы» деп аталады. Көптеген тақырыптардың ішінде мынадай өте-мөте қызғылықты материалдар бар: «РСДРП(б) Орталық Комитетінің 1917 жылғы қызметі», «Большевиктер партиясының 1917 жылғы октябрь алдындағы жайы», «Октябрь революциясының саяси армиясын құру», «РСДРП(б) Орталық Комитетінің жанындағы әскери ұйымның 1917 жылғы қызметі», «Октябрь революциясында пролетариат гегемониясын қамтамасыз етудегі партияның саяси және ұйымдастырушылық қызметі» және басқалар.

«Коммунистік партия Совет өкіметін орнату және нығайту жолындағы күресте» атты проблеманы оқып үйренушілерге көмек ретінде берілетін мақалалардың ішінен «КПСС тарихының» III томындағы «Большевиктер партиясы пролетариат диктатурасы мемлекетінің басшысы» деп аталатын 7-ші тараудың маңызы ерекше болмақ.

Журналда В. И. Лениннің идеялық-теориялық мұрасын талдап түсіндіретін 20-дан аса материал жарық көрді. Бұлардың ішінен әсіресе Бурмистров жолдастың «Партияның ұлт саясаты принципі үшін Ленин жүргізген күрес тарихынан», Сидельский мен Қораблев жолдастардың «В. И. Ленин және большевиктер партиясының бірінші орыс революциясындағы жауынгерлік-әскери жұмысы», Березкин жолдастың «Социалистік революцияның лениндік бағыты және американ империализмі» атты мақалаларын журнал оқушылары жылы лебізбен қарсы алды.



Журналда биыл Октябрь революциясы мен Совет өкіметін нығайту дәуіріне тікелей қатысы бар лениндік еңбектерді жан-жақты баяндайтын мынадай қызықты мақалалар мен хабарлар жарияланды: «СССР-де социализм орнатудың лениндік жоспары», «В. И. Лениннің шетелдегі қызметі жайлы жаңа деректер», «КПСС тарихын жазуда лениндік жаңа документтердің маңызы», «В. И. Лениннің Советтердің II Бүкіл россиялық съезіндегі большевиктік фракцияның жұмысына қатысуы».

Сондай-ақ журналда «СССР-де социалистік қоғам орнатылуы және коммунизм құрылысы — Октябрь революциясы жеңісінің басты қорытындысы» деген проблемаға бірқатар көлемді мақалалар арналады: «КПСС — интернационалшыл партия», «Ленин совет жұмысшы табы туралы», «Совет Одағы Коммунистік партиясының СССР-дің экономикалық тәуелсіздігі жолындағы күресі», «В. И. Лениннің өтпелі дәуір мен социализм тұсындағы товарлы-ақша қатынастарының жаратылысы жөніндегі көзқарасының дамуы», «СССР-де мәдени революцияға жасалған КПСС басшылығының ерекше сипаттары», «Партиялық және мемлекеттік жұмыстағы лениндік стиль».

Даңқты қос мереке алдында журналда Октябрь революциясы тарихының теориялық проблемаларына арналған мынадай мақалалар жарияланады: «В. И. Ленин — Октябрь тарихшысы», «В. И. Лениннің социалистік революция теориясын дамытуы», «Лениннің пролетариат революциясындағы партияның әскери программасын жасауы», «Лениннің социалистік революция жеңісі мен Совет өкіметін нығайту жолындағы күрес кезінде пролетариат диктатурасы туралы ілімді дамытуы», «Лениннің 1917 жылы партияның жаңа программасын жасауы».

Журналда КПСС тарихын бұрмалаушы буржуазиялық қаскүнемдерге қарсы мақалалар үнемі жарияланып келеді. Биылғы басылған мақалалардың ішінен «В. И. Лениннің өмірбаянын бұрмалауға қарсы», «СССР-де ұлт мәселесінің шешілуі және оның буржуазиялық тарихнамада бұрмаланып көрсетілуі» деген мақалаларды айрықша атаған жөн.

Журнал көркем әдебиет пен өнерде В. И. Ленин образының дұрыс бейнеленуі жолында ұдайы күрес жүргізіп келеді. Бұл орайда журналда В. Қатаевтың «Қабырғадағы кішкентай темір есік» атты кітабына сын айтылған мақаланың жарияланғанын атасақ та жеткілікті.

Дүние жүзі коммунистік және жұмысшы қозғалысы тарихы бөлімінде Ұлы Октябрь социалистік революциясының халықаралық маңызын баяндайтын мақалаларға кең жол ашылады. Бұл бөлімде мынадай мақалалар жарияланады: «Дүние жүзілік революциялық процестің дамуына Октябрь идеяларының ықпалы», «Октябрь революциясы және дүние жүзілік социалистік системаның құрылуы», «Россияда социалистік революцияның жеңісі және ұлт-азаттық қозғалыс», «Октябрь революциясының тарихи тәжірибесі және қазіргі заман», «Империализм жөніндегі лениндік анализ және қазіргі заман».

Журналда «КПСС тарихын буржуазиялық бұрмалаушыларға қарсы» деген рубрикамен мынадай бірқатар маңызды мақалалар беріледі: «Буржуазиялық тарихнамада Октябрь революциясының тарихи тәжірибесіне берілген баға», «Октябрь революциясы оқиғаларын жазуда буржуазиялық тарихнамадағы кейбір жаңа тенденциялар», «Лениннің апрель тезистерін буржуазиялық тарихшылар қалай бұрмалап жүр».

Сол сияқты журналда 50 жылдың ішінде халық пен партия жасаған ерен ерлікті баяндайтын архивтік, партиялық-тарихи материалдарға шолулар, тыңнан табылған документтер жарияланады.



Жалпы алғанда редакцияның жоспары бойынша Октябрь революциясының 50 жылдығына байланысты 100-ден аса материалдар мен мақалалар жарық көрмекші. Біз мұндай мол материалдарды жариялай отырып, бұрыннан белгілі жайларды қайталамау жағын көздейміз. Реті келгенде айта кету керек, көптеген әдебиетте тарихи шындықтан ауа жайылушылық, Октябрь революциясы мен одан кейінгі партия тарихы кезеңіне байланысты фактілерді, оқиғаларды қияс көрсетіп, бұрмалаушылық орын алды. Сондай-ақ Октябрь революциясы мен социалистік құрылыс дәуірі тарихының көп қырлары әлі де жан-жақты зерттелген жоқ. Тарихи оқиғаларды жазуда әдебиетте кездесіп жүрген сынар жақтықты, көмескі немесе бұрыс жайларды түзету, сөйтіп маркстік-лениндік тарихи ғылым негізінде шындықты жазу біздің алдымызда тұрған үлкен міндеттің бірі.

Бұл жоспарларды жүзеге асыру үшін редакция мақала жазуға ғалымдар қауымын, партия, совет қызметкерлерін көптеп тартпақшы. Сол секілді журнал бетінде Октябрь революциясы ардагерлерінің, Совет өкіметін орнату және нығайту жолындағы белсенді күрескерлердің естеліктерін де үзбей жариялау ойымыз бар.

Осындай үлкен талапты орындап шығуда редакцияға жер-жердегі жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында істейтін ғалымдар елеулі көмек көрсете алады. Егер олар бізге Октябрь революциясының тарихына байланысты жергілікті жерден материалдар жазса, нұр үстіне нұр болар еді.

Л. ҚЛЮЧНИК.



# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖАЙЫНДА

Еліміздің халық шаруашылығын мықтап өркендету жөнінде Коммунистік партия мен Совет үкіметі соңғы жылдары тарихи зор маңызы бар шараларды жүзеге асыруда. Коммунистік партия мен Совет үкіметі халық шаруашылығын өркендету жөніндегі барлық мәселені асығып-аптығусыз, ғылыми негізде іскерлікпен шешуде. Халық шаруашылығын басқарудың социализмнің экономикалық заңдарына негізделген жүйесі қалыптасуда, бұл мәселедегі қара дүрсінділік, сыңар жақтық жойылып, шаруашылыққа басшылық жасаудың лениндік әдістері мен принциптері баянды етіліп отыр.

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы (1965 ж.) ауыл шаруашылығын жедел өркендету, сондай-ақ халық шаруашылығының аса маңызды осы саласына басшылықты жақсарту беру жөнінде нақты шаралар белгіледі. Республикамыздың ауыл шаруашылығын өркендету жолында көптеген міндеттерді шешу қажет. Ол міндеттерді орындауда еңбек ресурстарын тиімді пайдаланудың зор маңызы бар.

Олай дейтініміз, материалдық игілікті өндіруде адам шешуші роль атқарады. Материалдық игілікті өндіретін, еңбек құралдарын жасайтын да, оны жетілдіретін де адам. В. И. Ленин 1919 жылы, еліміздің басына түскен қиын-қыстау кезеңде, адамзаттың бірінші өндіргіш күші — жұмысшы табын, еңбекшілерді сақтап қалуға шақырған болатын. Еңбекші бұқара, қоғамның негізгі өндіргіш күші ретінде халықтың әрдайым алдыңғы сапында болып келді және бола бермек. Сондықтан да еңбек ресурсын халық шаруашылығында пайдалану мәселелері коммунистік құрылыстың маңызды буындарының бірі болып отыр. КПСС Программасында коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда табиғи, материалдық және еңбек ресурсын жап-жақты дұрыс пайдалану қажеттігі ерекше атап көрсетілген.

Біздің республикамыз жер көлемі жөнінен елімізде РСФСР-ден кейінгі екінші орында. Оның территориясы Батыс Еуропаның 14 мемлекетімен теңбе-тең. Осындай кең-байтақ территорияда СССР-дің барлық халқының 5,1 проценті, яғни 11,5 миллион адам тұрады. Бұл 1913 жылмен салыстырғанда екі есе көп, СССР бойынша халықтың тығыздығы бір шаршы километр жерге 10,1 адамнан келетін болса, біздің республикамызда 4,4 адамнан айналады.

Партия мен үкіметтің қамқорлығы арқасында қоғамдық еңбекпен айналысатындардың саны соңғы бес жылда 30 процент өсті, ал үй шаруасымен және жеке шаруашылықпен айналысатындардың саны 10 процент кеміді. Қазір республикадағы барлық еңбек ресурсының 73,4 проценті қоғамдық өндірісте істейді, 8 проценті өндірістен қол үзіп оқиды, 18,6 проценті үй шаруасымен және жеке шаруамен айналысады.

Қазақстанның ауыл шаруашылығында еңбек ресурсының мол көзі бар. Оған жалпы республика халқының 54,8 проценті селолық жерлерде тұратынын айтсақ та жеткілікті. Республикадағы еңбек ресурсының 36 проценті ауыл шаруашылығында. Бұл еңбек ресурсының соңғы жылдары



сапа құрамы едәуір өзгерді. Республиканың ауыл шаруашылығында 31,1 мыңнан астам маман жұмыс істейді. Олардың 11,5 мыңы жоғары білімі бар адамдар. Колхоздар мен совхоздардағы ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру, сондай-ақ орман шаруашылығы жөніндегі жоғары білімді инженерлер саны соңғы он жылдың ішінде екі еседей өсті. Агрономдар, зоотехниктер, мал дәрігерлері 1956 жылғы 8,4 мыңнан 1965 жылы 16,7 мыңға жетті. Ауыл шаруашылығының орта білімді мамандары бұл мерзімнің ішінде 1,6 есе өсіп, 54,5 мың адамға жетті. Жоғары және арнаулы орта білімді мамандармен бірге көптеген трактористер, комбайнерлер, шоферлер даярлануда. Қазір республиканың ауыл шаруашылығында осындай мамандықтары бар 50 мың адам жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығында істеушілердің 97,7 проценті еңбекке жарамды еркектер мен әйелдер, 2 проценттейі пенсия жасындағылар.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурсының, техникалық прогрестің өсуі аркасында және жұмысшы күшінің мамандығын жетілдіру нәтижесінде еңбек өнімділігі де артты. Еңбек өнімділігі 1958 жылға қарағанда 1964 жылы колхоздарда 5,3 процент, ал совхоздарда 18,3 процент өсті.

Қазақстан—егіншілік пен мал шаруашылығы өркендеген өлке. Оның кең-байтақ далаларында мыңғырған мал өсіріледі. Республика дәнді және техникалық дақылдар өсіруден де елімізде көрнекті орын алады. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне үстіміздегі бесжылдықта зор міндеттер жүктеліп отыр.

Республикада өткен бесжылдықта жылына орта есеппен 14,5 миллион тонна астық өндірілген болса, 1970 жылы 21—22 миллион тонна астық алу көзделуде. Жаңа бесжылдықтың соңғы жылында қант қызылшасын өндіру өткен жылмен салыстырғанда 26 процент, шитті мақта—12, темекі 15 процент және майлы дақылдардың тұқымын өндіру 2,7 есе артады.

Осындай зор міндеттерді абыроймен орындау үшін, КПСС XXIII съезінің директиваларында көрсетілгеніндей, еліміздің барлық аудандарында еңбек ресурсын тиімді пайдалану, жалпы білім беретін мектептерді бітіретін жастар мен жас өспірімдерді өндіріске немесе оқуға тартуды қамтамасыз етіп, деревнядағы жұмысшы күшін бүкіл жыл бойына мейлінше жақсы пайдалану керек.

Еңбек ресурстарын тиімді пайдаланудың бір жолы қоғамдық еңбекпен айналысатындардың қатарын үй шаруасындағы адамдардың есебінен көбейтуде. Республикада еңбек жасындағылардың 20,8 проценті үй шаруасымен айналысады.

Адамды адамның қанауып жойып, халықтың түгелдей қоғамдық еңбекпен айналысуын қамтамасыз ету — социализмнің негізгі заңдарының бірі. Социализм жағдайында кім еңбек етпесе, ол ішіп жемейді деген шынайы адамгершілік принцип жүзеге асты.

Осыған орай азаматтардың еңбекпен айналысуын, еңбекке жарамды адамдардың қоғамдық өндіріске қатысуын анықтау мақсатымен республиканың Орталық санақ басқармасы Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл және Шымкент облыстарының колхоз-совхоз тұрғындары жөнінде арнайы зерттеу жүргізді. Жалпы саны 84 519 адамы бар 21109 семьяны зерттегендегі материалдың қорытындысы мынадай болды: оларда жұмысқа жарайтын адамдар — 43,7 процент, балалар мен 16 жасқа дейінгі жұмыс істемейтін жас өспірімдер — 46,3, жұмысқа жарамайтын қарттар мен пенсионерлер — 10 процент болып шықты.

Жалпы село тұрғындарының ішінен еңбекке жарамды адамдардың 6,6 проценті қоғамдық еңбекке қатыспайды екен. Олардың 97,4 проценті әйелдер де, 2,6 проценті еркектер. Бұлардың ішінде 16-дан 19 жасқа де-



йінгілер 3 процент, 20-дан 29-ға дейінгілер — 29,9, 30-дан 39-ға дейінгілер — 31,3, 40-тан 49-ға дейін — 22,2, 50-ден 54-ке дейін — 13,4 процент. Бұл мәліметтер жасына қарағанда олардың бәрін де қоғамдық еңбекке тартуға әбден болатын толық сапалы жұмыс күші екенін көрсетеді. Оған қоғамдық еңбекке қатыспай отырғандардың білім дәрежесі де толық дәлел бола алады. Олардың 0,3 процентінің жоғары, 24 процентінің арнаулы орта білімі, 6,5 процентінің орта білімі, 29,3 процентінің сегізжылдық, 38,2 процентінің бастауыш білімі бар екені анықталды.

Анкета-сұрақ арқылы алынған материалдарға қарағанда бұл адамдардың қоғамдық еңбекке қатыспауы мынадай жағдайларға байланысты болып шықты: жұмыс істемейтін әйелдердің 60 проценті үйде балаларын бағады; еңбекке жарамды адамдардың біразы басқа жаққа қоныс аударуы және басқа себептерден қоғамдық еңбекке араласпаған.

Зерттеуден көрініп отырғандай, еңбек етуге ықлас бар да, жағдай жоқ, ал кейбір ұйымдастыру мәселелерін тиянақты шешкен жағдайда село тұрғындарын түгелдей қоғамдық еңбекке тартуға болады, өйткені зерттеу кезінде еңбекке жарамды, бірақ жұмыс істемейтін адамдардың 75 проценті қоғамдық еңбекке қатысқысы келетінін білдірген.

Ал Шымкент облысында селолық жерлердегі әйелдердің деңі үйде балаларын, семьяның басқа да мүшелерін бағатыны себепті жұмысқа қатыспайды. Бұл әйелдердің 60 процентінің мектеп жасына дейінгі бір, ал 22,6 процентінің екі және одан көп балалары бар.

Үй шаруасындағы әйелдерді қоғамдық еңбекке тарту үшін балалар мекемелерінің жүйесін күшейту, қоғамдық тамақтандыруды, сондай-ақ әсіресе селолық жерде мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсарту керек.

Еңбек ресурсын тиімді пайдаланудың тағы бір жолы — колхоздар мен совхоздарда жұмыстың маусымдылығын жою керек. Мәселен, 1964 жылы республиканың колхоздарында қыс кезінде әр түрлі себептермен колхоз өндірісіне 150 мың адам қатыспады. Ауыл шаруашылығында еңбек ресурсын біркелкі пайдаланбау совхоздарда да байқалады. Күз бен қыста жұмысшы күшінің ауыл шаруашылық өндірісіне қатыспауы колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының еңбек ақысын кемітеді.

Еңбектің маусымдылығын жою — саяси мәні зор экономикалық мәселе. Өйткені маусымдылық ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің психологиясына, еңбек тәртібіне, мәдени-тұрмыс жағдайының дәрежесіне қолайсыз әсер етеді.

Еңбектің маусымдылығын ауыл шаруашылық кәсіпорындарында жекелеген шаралар арқылы жоюға болмайтыны, бұл үшін ауыл шаруашылық өндірісінде күрделі өзгерістер жасау қажет екені анық. Рас, ауыл шаруашылығындағы еңбектің маусымдылығы белгілі бір табиғи және қоғамдық жағдайларға тығыз байланысты. Бірақ қазіргі жағдайда мұны толық жоюға болады. Коммунистік партияның ауыл шаруашылығын жедел өрге бастыру жөніндегі бүкіл саясаты, КПСС XXIII съезінің шешімдерінде жұмысшы табы мен шаруалар еңбегінің арасындағы, қала мен деревняның, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы айырмашылықтарды жою жөнінде белгіленген шаралар ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурсын түгел пайдалану мақсатын көздейді, бұл шараларды мүлтіксіз жүзеге асыруға көмектеседі.

Ауыл шаруашылығындағы еңбектің маусымдылығын жоюдың, еңбек ресурсын толық пайдаланудың жолы көп. Соның бірі — жазда егіншіліктегі жұмыстарды ең қысқа мерзімде өткізуге барлық күшті жұмылдыру керек. Мұнда шаруашылықты мамандандырудың, әр мезгілде пісетін түрлі-түрлі дақылдар егудің ролі күшті. Қыс айларында бос күштің бәрін колхоздар мен совхоздарда өндірісті дұрыс ұйымдастыруға, құрылыс жұмыстарына, ауыл шаруашылық техникасын жөндеуге,



малды бағып-күтуге, қысқы агротехникалық шараларды жүргізуге пайдалану қажет.

Колхоздар мен совхоздардағы ауыл шаруашылық жұмыстарын комплексті механикаландыруға байланысты артылған жұмыс күшін ұдайы әрі тиімді пайдалану үшін селолық жерлерде аса қажетті мәдени-тұрмыстық мекемелер мен жергілікті өнеркәсіп орындарын өрістеткен жөн.

Соңғы кездері Қазақстанның ауыл-селоларында өнеркәсіп өндірісінің екі түрі, атап айтқанда ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін және жергілікті шикізаттан құрылыс материалдарын жасайтын кәсіпорындар өріс алып келеді.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдегенде оны тасымалдау жеңілдейді. Жас овоцтардың 70—90 проценті су екені белгілі. Бір тонна сары май алу үшін 28 тонна сүт керек болады. Сол себептен де ауыл шаруашылық өнімдерін өңдегеннен кейін тасымалдау аса тиімді. Мұнымен бірге өңделген өнімнің өндірістік қалдықтарын мал азығы ретінде пайдалануға болады.

Көптеген шаруашылықтар құрылыс материалдарына өте зәру. Жергілікті жерде кірпіш, черепица өндіретін көмекші шаруашылық ұйымдастырған күнде осы зәрулікті өтеумен бірге халықты қоғамдық еңбекке түгел қатыстыруға мүмкіндік туады.

Бірақ амал не, республикада селолық өнеркәсіп пен көмекші шаруашылық нашар дамыған. Оны мына мысалдардан көруге болады. Республиканың колхоздарында 366 тактай тілетін мастерской, 14 кірпіш және бір әк заводы ғана бар. Сол сияқты ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар да аз. Қазақстанның барлық колхоздарында 23 шарап заводы, овоц пен жеміс өңдейтін 16 завод, 9 май және ірімшік заводтары ғана бар.

Озат шаруашылықтардың тәжірибесі селолық жерде өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру колхоздар мен совхоздардың экономикасын өркендетуге, әрі жұмыс күшін дұрыс пайдалануға мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр.

Қазір партия мен үкімет колхоздар мен совхоздардың мұндай инициативасына тежеу болып келген кемшіліктерді жойды. Партияның XXIII съезінің бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында былай деп көрсетілген: «Колхоздар мен совхоздарда, сондай-ақ колхоз аралық ұйымдарда, негізінен алғанда, жергілікті шикізаттан және өнеркәсіп қалдықтарынан ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін, құрылыс материалдарын, ыдыстар, халық тұтынатын товарлар өндіретін **көмекші кәсіпорындар мен кәсіпшіліктер өркендетілісін**. Ыңғайлы болатын жағдайда селолық жерлерде тиісті өнеркәсіп орындарының маусымдық филиалдарын құру көзделсін. Колхоздық, совхоздық және колхозаралық көмекші кәсіпорындар мен кәсіпшіліктерге арнап мемлекеттік қордан технологиялық жабдықтар мен механизмдер, ал керек болған жағдайда шикізат, өнімді орайтын материалдар және ыдыс бөлінсін».

Селолық жерде белгілі мөлшерде өнеркәсіп орындарын салудың үлкен саяси маңызы бар, ол халық мүддесіне сай келетін шаралар.

Біздіңше, республиканың колхоздары мен совхоздарында өнеркәсіп орындарын көбейту ауыл шаруашылық өндірісімен байланыстырыла жүргізілуге тиіс. Ауыл шаруашылық өнімдерін сақтау және өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды көбейтуге ерекше көңіл бөлу керек. Атап айтқанда, астық сақтайтын және өңдейтін, май түсіретін, овоц, жеміс-жүзімді сақтайтын және оларды өңдейтін, өсімдік шаруашылығының қалдықтарын (сабан, жүгері сабағы, камыс, т. б.), мал шаруашылығы өнімдерін өңдейтін, сондай-ақ құрылыс материалдарын жасайтын өнеркәсіп орындарын өркендеткен жөн.



Көмекші шаруашылық пен жергілікті өнеркәсіп өндірісін ұйымдастырғанда жұмыс күшінің нақты мөлшерін, оны қай кезде қаншалық пайдалануға болатынын дәл анықтаумен бірге бұларды негізгі ауыл шаруашылық жұмыстарымен дұрыс ұштастыра жүргізу жағын әбден ойластырған мақұл.

Ауыл шаруашылығында еңбек ресурсын толық та тиімді пайдалану проблемасын шешуде экономист және социолог ғалымдар үлкен роль атқара алады. Олар республика халқының құрылымының өзгеруі, деревнядағы әлеуметтік қатынастардың дамуы, колхоз-совхоз өндірісінің өрлеу перспективасы, ауыл шаруашылығында ой еңбегі ролінің өсуі, еңбек өнімділігін арттырудың әлеуметтік-психикалық факторлары және басқа мәселелер туралы тыңғылықты зерттеу жұмыстарын жүргізуге тиіс.

Бірақ бізде халықты қоныстандыру және еңбек ресурсын пайдалану мәселелерін зерттеумен шұғылданатын ғылыми қызметкерлер аз. Мұндай зерттеулер жүргізуге тиісті қызметкерлер қазір үш институтқа — Қазақ ССР Ғылым академиясының, республика Жоспарлау комитетінің экономика институттарына және Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің институтына бөлініп кеткен. Мұның өзі ғылыми зерттеулердің сапасын төмендетеді. Сондықтан да еңбек ресурсын зерттеуші ғалымдарды біріктіретін, республикада еңбек жөнінде арнаулы ғылыми-зерттеу институтын ашу қажет деп санаймыз. Мұның республика халық шаруашылығында еңбек ресурсын тиімді пайдалануға көп септігі тиер еді.

Халық шаруашылығын жоспарлау мен материалдық ынталандырудың жаңа жүйесі еңбек ресурсын дұрыс бөліп, тиімді пайдалану жөнінде жергілікті инициативаға кең өріс ашып отыр. Партия, совет және шаруашылық орындары коммунистік құрылыста шешуші роль атқаратын қоғамның осынау негізгі өндіргіш күшін пайдалануды мейлінше жақсартуға түсуге тиіс.

**Ш. АШИРЯЕВ,**

экономика ғылымының кандидаты.



# Өндіріс алыбының соны серпіні

Өскеменнің В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинаты кенді Алтайдың төскейіне орналасқан. Оны шикізатпен жабдықтайтын Зырян мен Лениногордың полиметалл комбинаттары, Ертістің кен комбинаты, Золотоушинск кен басқармалары және басқа кәсіпорындар комбинатпен тікелей байланысты.

Қорғасын-мырыш комбинаты еліміздегі үлкен өнеркәсіп орындарының санатында. Ол он жыл бойы түсті металлургия кәсіпорындарының арасында бірінші орында келеді. Комбинат шығарған түсті металдар капиталистік елдердің мақтаулы кәсіпорындары шығарған өнімнің сапасынан асып түседі. Сондықтан да дүние жүзілік рынокта комбинаттың өнімі жақсы баға алуда. Жер шарының 24 елі біздің комбинат шығарған өнімді сатып алуда.

Жетіжылдықта еңбек өнімділігін арттыра отырып, комбинат жалпы өнім шығаруды 40 проценттей, товарлы өнім шығаруды 38 проценттей көбейтті. Сирек кездесетін металл өндіру біраз өсті. Металды қоспадан ажыратып алу жақсартылды. Осы жылдардың ішінде комбинатта сан мыңдаған металлургтер коллективі өсіп қалыптасты. Олардың қажырлы еңбегі жоғары бағаланды. Жетіжылдықтағы қол жеткен табыстары үшін үкімет комбинатты еліміздегі ең жоғары награда — Ленин орденімен наградтады.

Комбинаттың партия ұйымы мен инженер-техник және жоспарлаушы қызметкерлері кәсіпорындардың жұмысын жоспарлауды және ұйымдастыруды жетілдіре берудің әдістері мен түрлерін үнемі іздестіріп келген болатын. Сондықтан да КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдері мен СССР Министрлер Советінің 1965 жылғы 4 октябрьдегі «Өнеркәсіпті жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесіне көшіру» туралы қаулысын комбинат коллективі зор қанағаттанғандықпен қарсы алды.

Бұл документтерді талқылауға арналған цехтардың және комбинаттың партия жиналыстарында кәсіпорынды жаңа жүйемен жұмыс істеуге әзірлеу мәселесі кеңінен талқыланды, комиссиялар, творчестволық бригадалар ұйымдастырылды. Олардың мақсаты: өндірістің техникасы мен технологиясын жетілдіруге, еңбек өнімділігін арттыруға, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруға, өнімнің өзіндік құнын арзандатып, кәсіпорынның рентабельділігін көтеруге, шаруашылық есеп пен жоспарлаудың жаңа әдістерін жетілдіруге, сондай-ақ комбинаттың барлық бөлімшелері үшін экономикалық ынталандыру жағдайын анықтауға бағытталған шараларды белгілеп, жүзеге асыру болды.

Осыған сәйкес кәсіпорынның барлық қызметін шаруашылық есептің принципі негізінде жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне көшу үшін комбинаттың басқа кәсіпорындарымен және цехтардың өзара шаруашылық қатынасын жаңаша үйлестіру қажет болды. Бұл шараларды жүзеге асыру үшін комбинаттың соңғы он жылғы шаруашылық қызметіне экономикалық талдау жасалды. Соңғы екі жылдың (1964—1965) жұмыс қорытындысы жаңа жүйенің талаптары тұрғысынан зерттелді. Мұндай талдау комбинатты жаңа жүйемен жұмыс істеуге көшіруге болатынын көрсетті.

Комбинаттың жаңа бесжылдықтағы перспективасы белгіленді. Шығарылатын өнімнің мөлшерін арттырып, өзіндік құнын кеміту, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде ұйымдық-техникалық шаралар белгіленді.

Кәсіпорынды жаңа жүйеге көшірудегі қиыншылықтың бірі — кадрлардың экономикалық білімінің жеткіліксіздігі болды. Кадрлардың экономикалық білімін жетілдіру мақсатымен қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды. Мұнда бөлім бастықтары мен олардың орынбасарлары, экономистер, нормировщиктер, жоспарлаушылар — барлығы 172 адам



оқыды. Екінші кезектегі курста 304 инженер-техник қызметкер, механик пен электрик, лаборант оқыды.

Жұмысшылардың мамандығын жетілдіріп, экономикалық білімін көтеру үшін 15 сағаттық программа бойынша курс ашылды. Экономикалық оқу курстарында лекцияны қоғамдық негізде экономист қызметкерлер оқыды. Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің экономикалық білім алуы жана жүйеге көшуге көмектесті.

Еліміздің түсті металлургиясының ту ұстаушысы — біздің комбинат 1966 жылдың басынан одақтағы 43 кәсіпорынның бірі болып жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесіне көшті. Жаңа жүйеге көшуге байланысты өнім шығару, өнімсіз шығынды азайту, еңбек өнімділігін арттыру, негізгі және айналымды қорды дұрыс пайдалану мақсатымен жоспар қайта қаралды. Бұрынғы жоспарда едәуір кемшіліктер бар болатын. Атап айтқанда, қорғасын өндірісі сапалы шикізатпен қамтамасыз етілмеген-ді.

Жұмысшылар мен қызметкерлерді экономикалық жағынан көтермелеу қоры жасалды. Қосымша резервтер іздестіріліп, бұл қорға 390 мың сом қаржы бөлінді. Әрбір цех бойынша материалдық жағынан ынталандыру қорының мөлшері анықталды.

Өнім алу, негізгі және айналымды қорды пайдалану, рентабельділік жөнінде цехтардың өндірістік қызметін бағалайтын көрсеткіштер жаңадан белгіленді. Жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесіндегі принциптерге сәйкес жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерге сыйлық берудің ережесі жасалды.

Кәсіпорында бұрын да шаруашылық есеп бар болатын. Бұрынғы қолданылып жүрген ішкі шаруашылық есептің көрсеткіштері өнімнің мөлшеріне, табысқа, еңбек өнімділігіне қарай қайтадан қаралып, анықтала, жетілдіріле түсті. Бізде цехтан цехқа берілетін шикізаттың есебін дәл алу өте қиын болып келді. Мұндағы есеп-қисапты дұрыс жолға қою мақсатымен қорғасын, мырыш, күкірт қышқылы цехтары шаруашылық есепке көшірілді. Алдағы уақытта тек цехтарды ғана емес, өндірістік бөлімшелерді де түгелдей шаруашылық есепке көшіруді ұйғарып отырмыз.

Кәсіпорынның жұмысын жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесіне көшіру комбинат коллективінің — жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің белсенділігін, жауапкершілігін жоғары дәрежеге көтеріп, осының нәтижесінде товарлы өнімді сату жөніндегі көтеріңкі жоспар жеті айда 101,1 процент орындалды. Сөйтіп, бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 2,4 процент өсті. Жалпы өнім шығару жоспары асыра орындалды. Жаңа реформа өндірістің әрбір буынына қанатын кең жайып, өміршеңдігін көрсетіп келеді.

Жаңа жағдайда жұмыс істегенде жоғары сапалы товарлы өнім шығаруға зор көңіл бөлінді. Өнімнің сапасын арттырудың нәтижесінде өнімді өткізу жарты жылда ондаған мың сомға артты.

Шикізаттан металл ажыратуды жетілдіру, қосымша өнім шығару, өзіндік құнды арзандату, өнімнің сапасын жақсарту арқасында жаңа жүйемен жұмыс істеп жатқан комбинат табыс алу жөніндегі алты айлық жоспарын 102,5 процент орындады. Өткен жылдың жарты жылына қарағанда табыс 6,2 процент өсті.

Мұндай табыстарға құрал-жабдықтарды тиімді пайдаланудың, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруда озат әдістерді қолданудың, өндіріске жана техниканы енгізе отырып, социалистік жарысты нақты ұйымдастырудың арқасында қол жетті.

Шаруашылықты жүргізудің жаңа реформасын жүзеге асыруға әрбір жұмысшы, инженер-техник қызметкер мүдделі. Жаңа жүйеге көшуге байланысты ережеге сәйкес қосымша жоспар қабылдаған барлық кәсіпорындар табыстың едәуір мөлшерін материалдық ынталандыру қорына аударады. Осыған орай мырыш өндірушілер жыл басында қосымша



жоспар бекітіп беруді сұраған еді, бірақ комбинат олай істей алмады. Себебі, комбинат шикізат жөнінде көп қиыншылыққа кездесіп отыр. Комбинатқа бөлінген шикізаттың мөлшері аз әрі оның сапасы төмен. Осыған қарамай, бұл мәселені республиканың Түсті металлургия министрлігі мен Жоспарлау комитеті шешпей келеді.

Комбинат жақсы, сапалы шикізатпен жеткілікті жабдыкталған күнде біз бірінші тоқсанда бір миллион сомның өнімін шығару жөнінде қосымша жоспар қабылдап, материалдық ынталандыру қорына 350 мың сом қаржы бөлетін едік. Өкінішке қарай, шикізат сапасының нашарлығынан қосымша жоспар қабылдай алмадық.

Бізде жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесімен жұмыс істеуге байланысты басқа да қиыншылықтар мен кемшіліктер ашылды, жетілдіруді, зерттеуді қажет ететін мәселелер туды. Рентабельділікті есептеу жөніндегі қазіргі қолданылып жүрген әдістің көптеген кемшілігі бар екенін айту керек. Рентабельділікті есептеу жөніндегі методикалық нұсқауда айналмалы қаржының жыл ішіндегі орташа қалдығы негізге алынады. Соның салдарынан өткізілген товар мен есепке алынбаған қалдықтың арасында үлкен алшақтық пайда болады да, рентабельділік жөніндегі жоспар көбінесе орындалмай қалады. Сонымен комбинаттың рентабельділік жөніндегі жарты жылдық жоспары тек 99,3 процент орындалды.

Біздің комбинатта жаңа реформа бойынша материалдық жағынан ынталандыру шаралары жақсартылды.

Қазір отын мен электр қуатынан үнемделген қаржының 50 проценті жұмысшыларға сыйлық ретінде беріледі. Екінші тоқсанда осындай 24,6 мың сом сыйлық берілді. Осы әдіс басқа материалдарды да үнемдегендерге қолданылатын болса, мемлекетке көп пайда келер еді. Біз үнем жасағандарға материалдық ынталандыру қорынан сыйлық беріп тұрамыз. Мұның өзі өте тиімді болып отыр.

Жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жағдайында әркім жабдықтарды дұрыс пайдалануды, материалды үнемді жұмсауды қарастырады. Бұл жөнінде бірінші бөлімшенің № 2 сменасының көтеріңкі міндеттемесін айтсақ та жеткілікті. Ұлы Октябрь революциясының елу жылдығы құрметіндегі жарыста бес мың киловатт-сағат электр қуатын, 300 сомның мазутын үнемдеп, кептіру кезінде концентрат шығынын азайту арқылы өнімнің сапасын арттыра түспек.

Өнімнің сорттылығын арттыру үшін комбинатта көптеген жұмыстар істелді. Соның нәтижесінде өткен 7 айда 80 мың сом қосымша табыс алдық. Рафинация цехының коллективі жоғары сортты қорғасын шығару арқылы төртінші тоқсанда өнім өткізу жоспарын арттырып, жүз мың сом табыс алуды ұйғарып отыр.

Жаңа жүйеге көшкеннен бері комбинат жұмысшыларының да белсенділігі, инициативасы арта түсті. Өнім өндіруді арттыруға бағытталған көптеген ұсыныстар түсуде. Олардың біразы белгілі мөлшерде қосымша қаржы жұмсауды керек етеді. Бірақ ондай мүмкіншілік бізде қазір аз болып отыр. Егер кәсіпорынның өндірісті кеңейтуге арналған қаржысы мол болса, ол ұсыныстардың кейбіреуі көп уақыт өтпей-ақ комбинатқа зор пайда келтірері сөзсіз.

Жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесі бойынша жұмыс істеген кәсіпорын жұмысшылар санын өздері белгілейді. Мұның өзі сайып келгенде жұмыс күшін дұрыс пайдалануға мүмкіндік беріп отыр. Жалпы және товарлы өнім шығаруға қол күші бұрынғы жылдармен салыстырғанда аз жұмсалуда. Мысалы, 1000 сомның жалпы өнімін шығаруға еңбек ақы қоры биылғы алғашқы жарты жылдықта 2,2 процент аз жұмсалды. Соған қарамастан, комбинатта жұмысшылар мен қызметкерлерді материалдық ынталандыру қорының жасалуына байланысты жұмысшылардың жалақысы өткен жылдың осы мерзімімен



салыстырғанда 6,4 процент өсті. Яғни жұмысшылар негізгі жалақысына қоса материалдық көтермелеу қорынан сыйлық ақы да алып отырады.

Бізде еңбек өнімділігінің жарты жылдық жоспары толық орындалмады. Мұның себебі біздің комбинат өндірісінің кейбір ерекшеліктерінен де болып отыр. Алайда жоспарлаушы органдар біздегі өндірістің ерекшелігін жеткілікті есепке алмай келеді. Мысалы, өнімі жалпы өнімге кірмейтін объектінің іске қосылуы қосымша жұмыс күшін қажет етеді де, комбинаттағы жалпы еңбек өнімділігін төмендетеді. Шлак цехы комбинатқа табыс бергенімен, оның өнімі жалпы өнімге қосылмайды. Шлактан арзан мырыш шикізатын аламыз, бірақ бұдан өнімнің көлемі арттырылмайды. Егер рудниктерде байыту фабрикасы істейтін болса, оған 800 жұмысшы қажет болар еді. Сондай өнімді біз 200 жұмысшы арқылы шлактан алып отырмыз.

Біздің ойымызша, еңбек өнімділігін есептеудің қазіргі методикасы жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесі бойынша жұмыс істеуге қолайлы емес. Оны анықтап жетілдіре түскен жөн. Халық пен мемлекет мүддесі өнімді көп те сапалы шығаруды, табысты мол алуды талап етеді. Олай болса, кәсіпорынның жұмысын да осы тұрғыдан бағалаған дұрыс. Мәселен, біз жоғарыда айтылған қосымша өндірістен (шлактан мырыш ажыратудан) 3 миллион сом табыс алдық. Егер еңбек өнімділігі табысымызға қарай бағаланатын болса, біздің еңбек өнімділігі жөніндегі көрсеткішіміз мүлде басқаша болып шығар еді.

Жаңа реформа комбинат коллективінің жұмысын жан-жақты сыннан өткізуде. Ол жақсы жақтарымызбен бірге осал жерлерімізді де көрсетіп берді, жедел шешуді қажет ететін көптеген проблемаларды алға қойды.

Жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесі өндірістік қуатты үнемі күшейтіп, товарлы өнім шығаруды ұлғайтып отыруды қажет етеді. Бізде мырыш өндірісінің қуатын арттыру жөніндегі ең бір күрделі шара — бірінші біріккен цехты кеңейту. Бұлай еткенде комбинаттың өнім шығару қуаты едәуір өсіп, жылына қосымша 3 миллион сом табыс берер еді.

Бұл шараларды жүзеге асыруға жоғары органдардың көмегі қажет. Олар құрылысшылардың бұл объектіні тез бітіруіне әсер еткені жөн. Сондай-ақ республиканың Түсті металлургия министрлігі комбинаттың өнім өткізу жөніндегі жоспарын көбейту, қор жинау жоспарын 500 мың сомға ұлғайту жөніндегі тілегін қанағаттандырса дұрыс болар еді. Өйткені мұның өзі комбинаттың экономикалық көрсеткіштерін онан әрі жақсартуға бастайды.

ҚПСС XXIII съезінің тарихи шешімдері еліміздің экономикалық күш-қуатын арттыра беру жолында металлургия қызметкерлерінің алдына да зор міндеттер қойды. Жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесімен жұмыс істеп жатқан еліміздегі түсті металлургия кәсіпорындарының озаты — біздің Ленин орденді комбинаттың коллективі партия алға қойған міндеттерді творчестволықпен жүзеге асыра отырып, өндірістің тиімділігін арттыра беру жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Мұның бәрі экономикалық реформаны іс жүзіне асырудағы алғашқы қадам. Жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесін толық жүзеге асыру жолында өнімнің сапасын, еңбек өнімділігін арттыру, өндірістің технологиясы мен техникасын жетілдіре беру сияқты мәселелерді тиянақты шешу қажет.

**М. МАСАЛОВ,**

Өскеменнің В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинатының бас экономисі.



# ТАШКЕНТКЕ — ДОСТЫҚ КӨМЕК

*Қазақ ССР Министрлер Советінің Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі*

*С. А. ХАЧАТУРОВ жолдаспен әңгіме*

1966 жылдың 26 апрелі Ташкент тарихында ұмытылмас күн болып қалмақ. Шешек атып, гүл жарған, қош иісті көктемнің сол бір түні шырт ұйқыда, бейбіт күннің тәтті ұйқысында талмау жатқан үлкен қаланың миллион тұрғынын қатты буырқана бұлқыған жердің дүркінді дүмпілі оятқан-ды. Алғашқыда арынмен басталған дүмпу біразға дейін басылып бітпей, ауық-ауық қайталап тұрды. Бірақ табиғаттың тосын, тылсым күші совет адамының қажыр-қайратына өктемшілік ете алмады. Ташкенттіктер қиындыққа қайыспай қарсы тұра білді. Алғашқы болған қатты сілкінуден соң да, кейіннен қайталаған дүмпулер кезінде де қала өнеркәсіп орындарының жұмысы тоқтаған емес. Қайта ташкенттіктер еңбек қарқынын еселей түсті.

Ташкент ешуақытта мұндай күшті де ұзақ сілкіністі көрген емес. Рас, тасты кент үстіне орнаған қаланың кіндігінде бұдан жүз жыл бұрын да шайқалыс болған. Онда да көп мекен-жай қирап, қала зор зардап шеккен болатын. Сонда сонау қиян шетте жатқан бұратана елдің қаласына патша өкіметі көмекке... бір дәрігер ғана жіберген еді.

Ал Ташкентке биылғы жер сілкіну кезінде күллі Советтік Отан, барша совет халқы болып көмектесіп, сілкіністен жапа шегіп, баспанасыз қалған тұрғындарға аялы алақан, қамқор құшағын айқара ашты. Туысқан, меймандос халыққа қиын күндерде көршілік көмегін аямай, бауырмал құшағын кең ашқан республикалардың бірі — Қазақстан.

Төменде Қазақ республикасының Ташкент қаласында болған жер сілкінудің зардаптарын жоюда көрсетіп жатқан көмегі жайлы журнал тілшісінің Қазақ ССР Министрлер Советінің Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі С. А. Хачатуров жолдаспен әңгімесін жариялап отырмыз.

**Стюарт Артемьевич, республика тарапынан Ташкентке көрсетіліп жатқан көмек жайында журнал оқушыларына мағлұмат берсеңіз екен деген тілек бар.**

— Ташкент — атағы жер шарына мәлім, ежелден келе жатқан даңқты қала. Ол Совет Одағының Азияға шығар қақпасы. Миллионға жуық халқы бар, Өзбекстанның ғылыми, мәдени, әкімшілік орталығы. Ғасырлар бойы қалыптасқан тарихы, дәстүрі бар, Совет өкіметі тұсында құлашын кең тастап, ерен өскен социалистік қала. Міне осындай үлкен қалаға биылғы көктемде дүлей апат кезігіп, елеулі зиян келтіргені көпке аян. Ұзақтығы жағынан бұрын-соңды болып көрмеген бұл сілкініс совет адамына тосын келген тағы бір сын тәрізді еді. Бұл сыннан да сүрінбей өтті совет адамы. Әсіресе Ташкент тұрғындары аласапырақтың алғашқы күнінен бастап-ақ құрыш қажырлылықпен қимылдап, туған қаласының басына түскен асқан ауырлықты иықтасып көтере білді. Үрейленіп бас сауғалау, жігерсізденіп асып-сасу деген атымен болған жоқ. Бұған бір жағынан, жер сілкінген күннің тап ертеңіне Коммунистік партия мен Совет үкіметінің басшылары Л. И. Брежнев пен А. Н. Қосыгин жолдастардың Ташкентке келіп, қаланы аралап көріп, жедел мемлекеттік комиссия құрғаны да үлкен сүйеніш, зор тірек болды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің жан ашыр қамқорлығы жігерлендірген ташкенттіктерді әлсін-әлі қайталаған дүмпу жасыта алған жоқ. Қайта оларды, ондағы сан ұлттың өкілін тас-түйін етіп біріктірді. Қиын-қыстау күнде совет адамының бір-біріне дос, жолдас, бауыр



екенін тағы да дәлелден берді. Барлық одақтас республикалар бірден достық қолын созып, көмегін, жәрдемін қоса әкелді. Ташкентке ең қажетті деген нәрсе тұс-тұстан самолетпен де, поездамен де тасылып жатты. «Достың достығы басыңа іс түскенде танылады» дегендей, өзбек астанасының басына түскен осындай қиын-қыстау күндерде шынайы достық, ет-жүрек бауырмалдық өркен жая түсті. Бұл жай совет қоғамының беріктігін, совет адамдарының туыскандық сезімінің мызғымастығын әлемге паш етті.

Біз, республика делегациясы болып, алғашқы жер сілкініуден кейін-ақ Ташкент қаласына барып қайттық. Күтпеген оқиғадан болған зиянды, апатпен арпалысқан халық қимылын көзбен көрдік. Қаланың орталықтағы орамдары екен көбірек бүлінген. Оның өзі көненің көрі көзіндей, жылдар бойы шөгіп, аласарған ескі құжыра, шым дуалдар, Тап сол сілкіністің дәл кіндігінде мүйісі де шағылмай айналадағы сапырылысқа пәндана қарап тұрған көп кабатты жаңа үйлер тағы бар.

Делегация жағдайды республика үкіметіне баян етті. Көп ұзамай-ақ Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Ташкент қаласындағы жер сілкініудің зардаптарын жоюға Өзбек ССР-іне көмек ұйымдастыру» туралы қаулысы қабылданды. Бұл қаулы бойынша Ташкент қаласындағы жер сілкініудің зардабын жедел жою үшін арнаулы қаржы бөлініп, Өзбекстан астанасында республиканың өз күшімен 28 мың шаршы метр тұрғын үй салу белгіленді. Оның 15 мың шаршы метрін биыл бітіріп, баспанасыз қалғандарды күзге дейін үймен қамтамасыз ету көзделді.

Тұрғын үйлерді шапшаң да сапалы етіп салу, сондай-ақ үй салынатын өңірді көгалдандыру, инженерлік-коммуналдық жүйелерді жүргізу, жол құрылыстарын салу тиісті министрліктер мен басқармаларға тапсырылды. Туысқан өзбек халқының атағы шыққан астанасын бұрынғыдан да әдемілеп, сәулеттендіріп, көрік беруге, табиғаттың жер сілкіну сияқты дүлей күшіне төтеп беретін берік үйлер салуға Алматы үй құрылысы комбинатының, сол секілді Шымкент құрылыс тресі басқармасының коллективі күлшына кірісті.

Ең алдымен Қазақстан жобалаушыларының қажырлы еңбегін атап өту керек. Олар Ташкенттің Шыланзар ауданындағы «К-24», «Г-9 а» кварталдарында салынатын барлық инженерлік құрылыстың, тұрғын үйлердің, мектептің жобасын күн ілгері түгелдей жасап берді. Соның нәтижесінде биыл салынатын барлық үйдің ірге тасы күзге дейін-ақ құйылып бітті. Айта кететін бір жай, Ташкенттегі барлық жаңа құрылыстар қаланың Қарақамыс, Сіргелі, Шыланзар сияқты микро аудандарында салынып жатыр. Қала орталығында бірнеше әкімшілік үйлері мен ғылыми мекемелерден басқа жайлар салынбайды. Оның есесіне орталықта саялы бақ, фонтанды су әуіздері, гүл бакшалар молаяды.

Қазақстан құрылысшылары қазір аянбай еңбек етуде. Үй салуға қажетті барлық техника, күш, құрал-жабдық, құрылыс материалдары республикадан тасып жеткізілуде. Алматы үй құрылысы комбинатында құрастырылып, монтаждалған үйлерді Ташкентке үздіксіз жеткізіп тұру үшін 16 вагоны бар 4 состав жасақталған. Ол график бойынша Ташкент — Алматы арасында үнемі қатынап тұрады. Ташкенттің темір жол станциясына тынымсыз келіп жатқан құрылыс материалдарын жұмыс алаңына жеткізу үшін Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі бөлген 40 машина күндіз-түні бірдей жұмыс істеуде.

— Ташкентте таяуда тағы болдым, — деп сөзін одан әрі жалғастырды Стюарт Артемьевич, — қала күн асқан сайын жақсарып, кербезденіп барады. Қазақстан құрылысшылары үй тұрғызып жатқан «К-24» кварталында одақтас 8 республика жарыса жұмыс істеуде. Бұл жарыс — әсем де көркем, коммунизм заманына сай жаңа Ташкентті тез салуды көздеген бауырлар жарысы. Сонадайлап әрқайсысы 40 пәтерлік, қазақ-



тын ұлттық ою-өрнегімен нақышталған әсем үйлер көзге оттай басылады. Бұл Алматы үй құрылысы комбинаты коллективінің өзбек бауырларға Ұлы Октябрь социалистік революциясы мерекесі құрметіне сыйға тартқан тартуы. Өңге үйлер де еңсе көтеріп қалған. Құрылысшылар күз қиындығына қарамастан қызу еңбек етуде. Әсіресе А. П. Журавков басқарған монтажшылар бригадасы мен И. Л. Герхардт басқарған өңдеушілер бригадасы график бойынша жұмыс істеуде. Бұл коллективтер жыл аяғына дейін 15 мың шаршы метрлік 12 тұрғын үйді пайдалануға бермекші. Жұмыс үш смена бойынша жүргізілуде.

**Стюарт Артемьевич, туысқан өзбек халқына үй салудан басқа да жәрдем көрсетіліп жатқан болар?**

— Әрине. Республика үкіметі үйсіз қалған Ташкент тұрғындарын паналатуды бірінші кезектегі парыз деп білді. Сондықтан да Қазақстанға келуге тілек білдірген 400 семьяны жақсылап орналастыру шарасын жасадық. Содан келген 150-дей семья Ақтөбе, Орал, Шымкент, Павлодар сияқты қалаларға қазірдің өзінде толық орналастырылды.

Өзбекстан астанасына республиканың жеңіл және тамақ өнеркәсіп орындары да үлкен көмек көрсетуде. Ташкент тұрғындары үшін ет, май, басқа да түрлі тағамдар, киім-кешек, ыдыс-аяқ көптеп жөнелтілуде.

Қазақстан жаз бойы Ташкенттің жас жеткіншектері мен пионерлерін саялы құшаққа алды. Жер жанаты Жетісу төңірегінде, Алатау бөктерінде бір жарым мыңнан астам пионер лагерьлерде дем алды. Сондай-ақ Ташкент тұрғындары үшін санаторийлерге, демалыс үйлеріне, республиканың туристік базаларына 1 600 жолдама бөлінді. Қазақ халқының бауырлас өзбек халқына көрсетіп отырған көмегі жан-жақты да мол. Сол жәрдемнің туысқандық, достық қарым-қатынасқа тигізіп отырған шарапатты әсері бұдан да зор.

— Тағы бір айта кететін жай, — дейді С. А. Хачатуров жолдас, — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Советі Ташкентке көмек көрсету жайын ойластыра келіп, бұрынғыға қосымша 964 орындық мектеп салуды ұйғарды. Ол мектеп тұрғын үйлер жүйесімен қоса 1967 жылдың 1 сентябрінде жас ұландарға есігін айқара ашпак.

Қазақстан құрылысшыларының жүзеге асырып жатқан бір өзгеше ісі бар. Атап айтқанда олар өздері салатын тұрғын үйлер мен мектеп орналасатын кварталдарды көгалдандырады, көшелер мен тротуарларды әдемілейді, балалар алаңын, су айдынын жасайды. Барлық инженерлік-коммуналдық жұмыс та құрылысшылардың өз күштерімен атқарылады. Қалтқысыз адал достық, жәрдем жайы міне осындай...

Қазақстан құрылысшылары өз сертін орындап шығу үшін бүгін де жігерлі жұмыс істеуде. Сол қажырлы еңбектің жемісін көзбен көретін уақыт та алыс емес. Бізге келер жылдың күзінде жаңа мектептің сырлы нартасында отырған 964 оқушының қуанышты жүзінде ойнаған сәбилік нұры, туыстық алғысы биылғы күздің ашық аспанымен астасып, құлпыра нарт жайнағандай болып елестеді. Иә, ол күн де алыс емес.

Әңгімені жазып алған Ш. ЕСМҰРЗАЕВ.



## Аудандық газеттерден

### АДАМ ІСІМЕН КӨРІКТІ

Арал аудандық (Қызылорда облысы) «Толқын» газеті қарапайым еңбек адамдары туралы суреттемелерді, очерктерді, корреспонденцияларды, хабарларды номер сайын жариялап тұрады. Тек бір ғана сентябрь айында «Толқынның» бетінде жиырмаға жуық суреттеме, ондаған корреспонденция, бірнеше хабар басылды. Мұның бәрінде де көтеріңкі рухта, жылы леппен, көркем жазуға талаптанушылық байқалады. Еңбек адамдарының өнегелі өмірі, үлгілі ісі жайлы жазылған материалдардың тілі жатық, ойы ұшқыр, мазмұны тәуір.

Газеттің «Адам ісімен көрікті», «Бізде көп мұндай жақсы адам», «Екінші тың өрендері», «Коммунист орны — алғы шеп!», «Малшы еңбегі — мақтаныш» деген тұрақты рубрикалары бар.

«Толқынның» 17 сентябрьдегі номерінде А. Халықұловтың «Жарайсың, жігіттер!» деген суреттемесі бар. Мұнда Арал балық заводының озат жұмысшылары Әлімжан Сермағамбетовтың, Нұран Бозжігітовтың, Тәжібай Қосмамбетовтың, Нағи Мамырбаевтың, Қожақолді Жаркеевтің балық түсірудегі және оны тоңазытудағы қажырлы еңбегі әңгіме болады.

Аудандық газет тағы бір номерінде «Адам ісімен көрікті» деген рубрикамен «Барлық адам сендей болса...» атты суреттеме жариялады. Мұнда Бөген балық аулау базасының шофері Талғат Ақуновтың абзал адамгершілігі жайында сыр шертіледі. Суреттеме былай аяқталады:

«Өмір жолы — ұзақ жол. Оның биік белестері көп. Соған әруақытта да шаршамай шығып, болашағыңа көз жіберіп, армандай алсаң, сонда ғана сенің азамат бола алғаның. Талғат Ақунов дәл осындай жан. Ол армандады, болашағына көз жіберді. Портта екі жыл жұмыс істегеннен кейін Бөген балық аулау базасына жұмысқа ауысты. Ол өзінің ең сүйікті мамандығы — шофер болып істеді. Талғаттың арманы да сол еді. Міне бұған да 18 жыл болып қалыпты. Ол осы жылдар ішінде коллектив мақтанышына бәленді. Ерінуді, кейбіреулердей жалқаулықты білмейді. Ол соңғы 13 жыл бойы «ЗИС-5» маркалы жүк машинасын жүргізіп жүр. 13 жыл! Соның өзі-ақ Т. Ақуновтың іскерлігін, жұмыскерлігін көрсетпей ме? Оның машинасымен базаның қаншама жүгі тасылды десеңізші!

...Тағы жол. Біз қайтып келеміз. Бұрапаң-бұралаң ұзын жол үстінде машина-

сында күде қылып шөп тиеген Талғат Ақуновты кездестірдік. Ол күліп келеді. Шаршап, шалдығуды білмейтін жан екенін тағы көрдік. Машинасын тоқтатпастан терезеден қолын бұлғап кете барды. «Мен асығыспын» дегендей еді оның жүрісі. Біз машинадан түсіп, оның тау болып бара жатқан машинасына үлкен сүйспеншілікпен біраз қарап тұрдық. Ол өз өмірі сияқты ұзын сұрлеу жолмен кетіп бара жатты».

«Толқын» газетінде жарық көрген Аралқұм станциясының кезекшісі Дәулет Бисенбаев туралы «Кезекші», «Арал» совхозының шопаны Ұлыбай Бақылаевқа арналған «Достар қол алысты», осы совхоздың «Құрмет белгісі» орденді шопандары Күнiш, Нағима Өтениязовалар жайлы «Жүрек қуанышы», Арал құрылыс басқармасының Анна Жуковская басқаратын құрылысшылар бригадасының өмірінен жазылған «Анна және оның бригадасы» деген және басқа бірқатар суреттеме, хабарлар бар.

### СОВЕТТЕР ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ЖАҢА ЛЕП

Ақсуат аудандық (Семей облысы) «Еңбек туы» газеті соңғы кезде «Совет құрылысы» деген рубрикамен материалдарды жиі беріп жүр. Бұларда жергілікті Советтер жұмысындағы жаңа леп, жеке кемшіліктер сөз болады.

«Еңбек туының» сентябрь айындағы бір номерінде аудандық Совет атқару комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Ж. Теміржановтың «Ұйымдастыру жұмысын жетілдіре берейік» деген көлемді мақаласы бар. Автор бұл мақаласында жергілікті Советтердің, олардың депутаттарының тікелей басшылығымен және араласуымен көптеген мәдени мекемелер жұмыс істейтінін, ауыл-селода еңбекшілерге дәрігерлік қызмет көрсетудің жақсара түскенін, биыл 640 орындық мектеп, 140 орындық балалар бақшасын салуға қаржы бөлінгенін айта келіп, ұйымдастыру жұмысының кейбір өзекті мәселелеріне тоқтайды. Советтердің сессияларын шақыру, депутаттардың белсенділігін арттыру, тұрақты комиссиялардың жұмысын жақсарту жөнінде өз пікірлерін ортаға салып, кемшіліктерді батыл сынайды.

Ал Ойшілік ауылдық Советінің председателі С. Ақатаев жолдас өзінің «Депутаттар — ұйымдастыру жұмысының ұйтқысы» деген мақаласында былай деп жазады: «Совет жұмысының жаңа түрлері мен стилін жетілдіріп отыру депу-



таттарға байланысты екені әркімге аян. Жыл ішінде ауылдық Советтің депутаттары түгелдей сайлаушылар алдында есеп берді. Сайлаушыларға депутаттардың есеп беруі олардың жауапкершілігін арттырып, тапсырылған аманатты орындауға қозғау салды. Соның нәтижесінде сайлаушылардың көптеген аманаттары орындалды. Атап айтқанда Томар учаскесінен дәрігерлік пункт жаңадан ашылып, іске кірісті. Совхоз орталығынан аяқ киім мастерскойы мен шаштараз үйі пайдалануға берілді».

Бұдан әрі автор ауылдық Советтің мүшелерімен кеңесе, ақылдаса отырып, сессияға ұсынылатын мәселелерді, ауылдық Совет мәжілістерінің күн тәртібін ойластыра белгілеудің әдетке айналып отырғанын, жыл ішінде үш рет сессия өткізіліп, бұларда ауыл шаруашылық, денсаулық сақтау жөніндегі тұрақты комиссиялардың есептері, ауылдық Советтің жарты жылдық есебі тыңдалғанын, сондай-ақ атқару комитетінің мәжілістерінде почта, балалар бақшасы, селолық кітапхана, аурухана, сауда орындарының қызметі қаралып, жұмыстағы кемшіліктердің дер кезінде түзетілгенін сөз етеді.

«Еңбек туында» бұдан басқа аудандық Совет атқару комитетінің секретары Ә. Ғайсиннің «Жергілікті Совет және қоғамдық ұйымдар», Көкжыра ауылдық Советінің председателі Ғ. Кемербаевтың «Советтің шаруашылыққа басшылығы» деген мақалалары бар.

### БҰЗАҚЫҒА — БҰҒАЛЫҚ

Аманкелді аудандық (Қостанай облысы) «Тың шұғыласы» газетінде СССР Жоғарғы Советі Президиумының «Бұзақылық үшін жауапкершілікті күшейту туралы» Указынан кейін «Бұзақыға — бұғалық» деген тұрақты рубрика пайда болды. Осы рубрикамен газетте бірнеше материал жарық көрді де. Бұлардың ішінде М. Нұғымановтың «Бөтелкелес достарға», аудандық халық судьясы Б. Баймахановтың «Маскүнем, бұзық жазасын алды», Т. Тұрмановтың «Арақ адамды аздырады», аудандық милиция бөлімінің тергеушісі Ж. Шаяндиннің

«Ұрлықтың өрісі тар» деген мақалаларын атауға болады.

«Бөтелкелес достарға» деген мақаланың авторы М. Нұғыманов былай деп жазады: «...Иә, мен сөйтіп, қызметтен босатылып, қатаң партиялық жаза алдым. Бұл мен үшін әділ де өте дұрыс шығарылған жаза еді. Өйткені мен соңғы бес-алты жыл шамасында ішкілікке бой ұрдым. Жаң ашыр достарымның ақыл қылып, ұрсып айтқан сөздеріне құлақ аспадым. «Ішкенге Сырдың суы сирағынан келмейді» дегендей, өз ісімді жөнге санадым, ешкіммен жанжалдасып, ұрыскеріс жасамағаныммен ішуді тоқтатпадым». Бұдан әрі автор арақты қалай қойғанын айта келіп: «Кейбіреулер арақты қою үшін емделу керек деген пікір айтады. Мен өз басым оған қосыла алмаймын. Өйткені бұл ауру емес, кімдекім өзін ұстаса, арақты қоюға болады. Менің өз басым осыны дәлелдеді» дейді.

Ал «Бас бұзар» деген хабарда «Степняк» совхозының тентек шофері Хамит Шәріповтың бұзақылық қылығы сыналды. Астық үшін айқас кезінде совхоз оны комбайннан астық тасуға бөлген. Бірақ ол өзіне тапсырылған іске салғырт қарап, машинаның жылдамдығын арттырып, қырманмен екі араны қызыл жол өткен. Мұның үстіне шашылған дән туралы ескерткен адамдарды ол тілдеген. Қырман меңгерушісі Ісләм Жұмағұлов қария Шәріповтың бұл сияқты астық ысырабына көріне көзге жол беруіне шыдамай, айыбын бірнеше рет оның бетіне басады. Әйтсе де бұзақы бұдан қорытынды шығармайды. Ісләм қарттың тағы бір ескертуі мұң екен, шофер оны төмпештеп ұра бастайды. Сөйтіп ол қарт адамды қатты соққыға жығады. Газет өз хабарын: «Қазір заманымызға жат болып, келмеске кеткен тебелес туын қолдап жүрген мұндай бас бұзарды бұғаулайтын заң бар. Міне Шәріпов осы заң бойынша жауап беруге тиіс» деп түйіндейді.

Аудандық газеттің ішінара бұзақылық фактілеріне қарсы қатаң күрес ашып, еңбек адамдарының бақытты да мәдениетті тұрмысының шырқын бұзатын мұндай қолайсыз көріністерді өткір шенеуі өте орынды.



# Партия тұрмысының хабарлары

## Көрнекі үгіт — сенімді көмекші

Арқалық ауданының көптеген партия ұйымдары КПСС XXIII съезі мен Орталық Комитет Пленумдарының шешімдерін насихаттауда көрнекі құралдарды кеңінен пайдаланып жүр. Көрнекі үгіттің мазмұнды түрлері әсіресе «Мирный», «Сарыөзек», «Горняк» совхоздарында, Арқалық бу электр станциясында насихатшылар мен үгітшілердің сенімді көмекшілеріне айналған.

Сонымен бірге біраз партия ұйымдары көрнекі үгіттің алуан формаларын тиімді пайдалана білмейді, оның идеялық және көркемдік дәрежесіне көңіл аудармайды. Шаруашылықтардың өндірістік қызметінің нәтижесі, өнім өндіру үшін жұмсалған еңбек пен қаржыны экономикалық талдаудың қорытындысы көрнекі үгіт арқылы көрсетілмейді.

Қостанай облыстық партия комитетінің бюросы ауданда көрнекі үгітті пайдаланудағы осындай кемшілікті атап көрсетіп, оны жоюды аудандық партия комитетіне тапсырды.

## Аудандық комитет есеп берді

Орал облыстық партия комитетінің бюросы «Берлі аудандық партия комитетінің КПСС XXIII съезінің шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі ұйымдастырушылық қызметі туралы» мәселе қарады. Бюроның қаулысында аудандық партия комитеті соңғы кездері өзінің жұмыс стилі мен әдісін едәуір жетілдіріп, алда тұрған міндеттерді шешуде бастауыш ұйымдарға көбірек сүйенетін болғандығы, олардың ролі мен жауапкершілігін арттыруға баса көңіл бөле бастағандығы атап көрсетілді.

Дегенмен облыстық партия комитетінің бюросы аупартком жұмысының олқы жақтарына көбірек назар аударып, оларды жоюдың нақты жолдарын көрсетті. Қаулыда атап көрсетілгеніндей, ауданның партия ұйымдары партия қатарына мүше қабылдауға тиісті мән бермейді, кейде тіпті бұл іске жеңіл-желпі қарайды. Жас коммунистерді тәрбиелеу ісі де ойдағыдай емес. КПСС мүшелігіне кандидаттардың үштен бірі кандидаттық стаж мерзімін өткізіп алған. Ауыл шаруашылығы өндірісінің жауапты буындарында еңбек ететін коммунистер саны тым аз. Мәселен, аудандағы 351 сауыншының тек 6-ы, 110 шошқа өсірушінің 8-і, 296 шопанның 37-і ғана коммунист.

Қадрларды іріктеп, орналастыруда және тәрбиелеуде жіберілген қателіктердің салдарынан жыл басынан бері төрт партия ұйымының секретары өзгерді. Көптеген маңызды салада жалпы білім

дәрежесі төмен, оқуға, білімін көтеруге енжар қарайтын мамандар істейді. Коммунистердің саяси оқуы тиісті дәрежеде емес.

Облыстық партия комитетінің бюросы аталған кемшіліктерді тез арада жою жөнінде аудандық партия комитетіне нақты міндеттер жүктеді.

## Теориялық конференция

Қарағанды қалалық партия комитеті шаруашылыққа партиялық басшылық жүргізуді жақсарту мәселелеріне арналған теориялық конференция өткізді. «КПСС XXIII съезінің шешімдеріне сәйкес шаруашылыққа партиялық басшылық жүргізудің формалары мен әдістері», «Коллективтілік — партия басшылығының жоғары принципі» деген тақырыптарға баяндама жасалды.

Конференцияда сөйлеген жолдастар кадрларды тәрбиелеудегі лениндік стиль, экономикалық және әкімшілік басшылық әдістерін үйлестіру, еңбекшілердің өндірісті басқаруға қатысуы, партия ұйымдары мен шаруашылық органдарының ұйымдастыру және тәрбие жұмысының бірлігі, Советтердің коммунистік құрылыстағы орны және міндеттері, комсомол жұмысы және басқа да толып жатқан күрделі мәселелер төңірегінде ой толғады.

## Жаңашылдарға жан ашыр болайық

Көкшетау механикалық зауытының коллективі жетіжылдықтың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап шығып, жоспардан тыс 4.380 мың сомның өнімін берген еді. Мұнда биыл да айлық жоспар асыра орындалумен келеді.

Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерінің творчестволық белсенділігін арттыру жөнінде завод партия ұйымы жүргізіп келе жатқан игі жұмыс осындай табысқа бастап отыр. Мұндағы жаңашылдар мен өнер тапқыштар қоғамында 200-ден астам мүше бар. Оның үстіне түрлі қоғамдық бюроларға, бөлімдер мен комиссияларға 500-ден астам адам қатысады. Тек биылдың өзінде 195 ұсыныс жасалып, оның 125-і өндіріске енгізілді. Бұл біраз қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді. Заводта техникалық информация, о з а т тәжірибесі насихаттау дұрыс жолға қойылған. Бұл жөнінде жиі-жиі конкурс өткізіледі. Партия бюросы осы жұмыстың бәріне басшылық етіп, оған бағыт беріп отырады.

Көкшетау қалалық партия комитетінің бюросы завод партия ұйымының тәжірибесін мақұлдады және бұл істің әлі де кеміс жатқан жақтарын атап көрсетті.



# «ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСІ»

## сынынан кейін

### «Съезд шешімдері кеңінен насихатталсын»

«Қазақстан коммунисті» журналының 1966 жылғы 7-номерінде басылған «Съезд шешімдері кеңінен насихатталсын» деген шолу Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің редколлегия мәжілісінде талқыланып, онда көрсетілген сын-ескертпелер дұрыс деп табылды.

Қазыналы өңірге айналған Маңқыстау түбегі ерлерінің дүбірлі еңбегін үнемі көрсетіп отыру мақсатында нақты шаралар белгіленді. Қазір Маңқыстауда газеттің меншікті тілшісі бар. Мұнайлы Маңқыстау атырабында тұрақты автор, тілші қауымы қалыптасып келеді. Газет бетінде «Маңқыстауда бай қазына» деген рубрика ашылды. Осы рубрикамен «Өзеннің ерлері», «Барлаушылар арасы», «Жетібай — екінші перзент», «Автоматты мұнарада» деген мақалалар, «Маңқыстау түбегінің экономикасын жан-жақты дамытайық» деген жалпы тақырыппен арнаулы бет жарияланды. Алдағы уақытта газет мол мұнай көзі болып отырған Маңқыстау түбегінің ең-

бек адамдары жөнінде тартымды материалдар беріп отыру шараларын қарастырмақ.

**Т. БИСКЕНОВ,**  
«Коммунистік еңбек» газетінің редакторы.

### «Баспасөз және партия тұрмысы мәселелері»

«Қазақстан коммунисті» журналының үстіміздегі жылғы 8-номерінде жарияланған «Баспасөз және партия тұрмысы мәселелері» деген мақалада газетіміздің атына «Қаратал аудандық «Коммунизм жолы» газеті партия тұрмысының өзекті мәселелерін үзбей жазып отырудың орнына өз бетін қажеті шамалы, тіпті кездейсоқ материалдармен толтырады» деп сын айтылған еді.

Журнал мақаласы редакцияның өндірістік жиналысында талқыланып, сын орынды деп табылды. Газеттің айлық және перспективалық жоспарларын жасаған кезде журнал сыны еске алынды. Соңғы кезде газетте партия тұрмысы материалдарының саны көбейді, слардың сапасы да біршама жақсарды.

**М. СЕРҒАЛИЕВ,**  
«Коммунизм жолы» газетінің редакторы.

УГ09654

Заказ 1194

Тираж 35 888.

### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Қ. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов (жауапты секретарь), Ж. Бектепов, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Мәдиев, К. Мендібаев, Ш. Өржанов, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: редактор — 2-23-03, секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, идеология және экономика бөлімдері — 2-57-23.

10/XI-1966 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>, 2,5 қар. — 6,85 авт. табақ

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы.